

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

2022



Q3

KASSEL

МАЗМҰНЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ	2
БАСҚАРМА ТӨРАЙЫМЫНЫҢ ҮНДЕУІ	4
НЕГІЗГІ УАҚИҒАЛАР	6
МИССИЯСЫ, ПАЙЫМЫ ЖӘНЕ МАҚСАТЫ	10
БИРЖА ТУРАЛЫ	11
БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНЫҢ ТҮЙІНДІ ФАКТИЛЕРІ, ТРЕНДТЕРІ	14
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП	16
» 2022–2024 жылдарға арналған Даму стратегиясын іске асыру	17
» Тұрақты даму принциптерін енгізу	30
» Халықаралық қызмет	36
НӘТИЖЕЛЕРГЕ ШОЛУ	38
» Халықаралық биржа нарығының трендтері	39
» KASE нарықтары	44
» Операциялық және қаржылық нәтижелер	69
КОРПОРАТИВТІК ЕСЕП	72
» Корпоративтік басқару	73
» Биржаның тәуекелдерді басқару жүйесі	93
» Ішкі аудит	94
» Комплаенс-бақылау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	96
» Қызметтің үздіксіздігін басқару	97
» Ақпараттық және физикалық қауіпсіздік	99
ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН ТЕРМИНДЕР	100

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



Құрметті акционерлер, клиенттер және серіктестер!

Директорлар кеңесінің атынан Қазақстан қор биржасының 2022 жылға жылдық есебінің беттерінде өздеріңізді қарсы алғаныма қуаныштымын.

2022 жыл бойы әлемдік қаржы нарықтарында тұрақты жоғары инфляция, орталық банктердің көпшілігі тарапынан ақша-кредит саясатының қатаңдатылуы және геосаяси жағдайдың шиеленісуінен туындаған экономикалық салдар сияқты 3 фактордың ықпалы басым болды.

Қаржы құралдарын әртарапандыру және орталық контрагенттің тәуекел-менеджмент жүйесінің арқасында Биржа стресстік сценарийлерді іске асыру кезеңінде орнықтылық пен кәсібилікті көрсетті. Биржа жоспарлы түрде жоғары технологиялық қаржы институтының позициясын нығайтуды жалғастырып, көшбасшылық орнын сақтап, сондай-ақ Қазақстанның ең ірі және сенімді инфрақұрылымдық ұйымы атағын берік ұстап отыр.

Биржа жоспарлы түрде жоғары технологиялық қаржы институтының позициясын нығайтуды жалғастыруда, көшбасшылық орнын сақтап қалуда, сондай-ақ елдің ең ірі және сенімді инфрақұрылымдық ұйымы атағын берік ұстап отыр.

2022 жылы Биржа 2022–2024 жылдарға арналған Даму стратегиясын іске асыруға кірісті. Биржаның даму бағыттары жаһандық биржалық нарықты дамытудың терең және орнықты үрдістерін ескере отырып қалыптастырылған, ол технологияларды дамытуға, активтердің жаңа сыныптарын қамтуға, Market Data-ны дамыту мен коммерцияландыруға, операциялық тиімділікті арттыруға, сондай-ақ ESG жобаларына, соның ішінде "жасыл" қаржыландыруды дамытуға ерекше назар аударуды қамтиды.

Стратегия шеңберінде Биржа белгілеген басым бағыттар ұзақ мерзімді және іргелі сипатта болады және олардың өзектілігі геосаяси уақиғаларға және онымен байланысты нарықтардағы құбылмалылыққа қарамастан сақталады.

Атап айтқанда, KASE биржалық нарықтарында өтімділікті арттыру мәселесі өзекті болып отыр, оның шеңберінде қор нарығындағы эмитенттердің ШОБ сегментін ұлғайту, өнімдер желісін кеңейту, бөлшек, шетелдік және институционалдық инвесторлар базасын ұлғайту, ESG қаржыландыруды дамыту бойынша міндеттер қойылады.

Бұл жерде ДАМУ даму институтымен, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігімен бірлесіп қор нарығы құралдарының көмегімен ШОБ қаржыландыру бағдарламасы бойынша Биржаның белсенді жұмысының жалғасып жатқанын атап өту керек.

Қазіргі таңда ҚР-да ШОБ-ты дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына және 2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаға түзетулер енгізілді, онда мемлекеттік қолдаудың қосымша шарасы ретінде облигациялар бойынша кепілдіктер беру көзделген. Биржада әлеуетті эмитенттердің тізімі жасалып, кейбір компаниялардың қор нарығына шығу мүмкіндігі пысықталуда.

Әлемдегі, сондай-ақ Қазақстандағы қор нарығында бөлшек инвесторлардың серпілісі жалғасып келе жатқанын ескере отырып, Биржа қор нарығына жеке тұлғаларды тарту бойынша жұмысты жалғастыруда.



Биржа жоспарлы түрде жоғары технологиялық қаржы институтының позициясын нығайтуды жалғастыруда, көшбасшылық орнын сақтап қалуда, сондай-ақ елдің ең ірі және сенімді инфрақұрылымдық ұйымы атағын берік ұстап отыр.

Қаржы сауаттылығын арттыру үшін Биржада бейне сабақтар орналастыруды, бастаушы және жұмыс істеп тұрған инвесторлар үшін қызықты жекелеген тақырыптар бойынша вебинарлар өткізуді, инвестициялық портфельді құру бойынша оқыту курсы, бөлшек инвесторлар үшін конкурс ұйымдастыруды көздейтін жеке бағдарлама әзірленді және енгізілді.

Биржаны дамытудың басқа да өзекті және маңызды бағыты биржалық нарықтың негізгі инфрақұрылымдық элементі ретінде орталық контрагенттің қызметтерін одан әрі жетілдіру болып табылады. Егер бастапқы кезеңде біздің алдымызда барлық нарықтарда ОК қызметтерін іске қосу бойынша міндеттер тұрса, қазір ОК қор, ақша, валюта және деривативтер нарығында табысты жұмыс істеп жатқанда, біздің алдымызда оның қызметтерін үздік халықаралық тәжірибелер мен стандарттарға сәйкес келтіру: оның функционалын жеке еншілес ұйымға бөлу, тәуекел менеджменті жүйесін, бизнес-процестерді құру, халықаралық деңгейде танылу міндеті тұр.

Бұдан басқа, жоғарыда айтылғандай, қазіргі биржалық нарықта технологиялық инновацияларды енгізу жаһандық және үздіксіз тренд болып табылады.

Сондықтан Биржа үшін клиенттерге қызмет көрсету кезінде де, сондай-ақ ішкі бизнес-процестерге де үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкес келетін озық технологиялық шешімдерді енгізу ерекше маңызға ие. Біз өз сервистерімізді автоматтандыруды, ақпараттық технологияларымыз бен ақпараттық қауіпсіздігімізді халықаралық стандарттарға сәйкестендіруді жалғастыруды жоспарлап отырмыз.

KASE жұмысының тағы бір негізгі бағыты – Қазақстанда ESG стандарттарын ілгерілету. Қазіргі жағдайда ESG мәселелерін сауатты және дәйекті басқару өте маңызды.

Өткен жылы Қазақстанда "жасыл" қаржыландыру үшін барлық қажетті құқықтық орта қалыптастырылды: жаңа Экологиялық кодекс қабылданды, оның шеңберінде қолданыстағы табиғи ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыруға, қоршаған ортаға теріс әсер ету деңгейін төмендетуге, энергия тиімділігін арттыруға, энергия үнемдеуге, климаттың өзгеруі салдарын жеңілдетуге және климаттың өзгеруіне бейімделуге бағытталған "жасыл" жобалардың таксономиясы енгізілді. Заңнамалық деңгейде "жасыл" облигацияларды, "жасыл" кредиттерді және басқа да қаржы құралдарын қоса алғанда, "жасыл" қаржыландыру ұғымдары белгіленген. Осы жылдан бастап ESG облигацияларды шығару және верификациялау мәселелері заңнамалық түрде реттелді.

Бұл жұмыстың нәтижесі осы уақытқа дейін осындай облигациялардың он бір шығарылымы болды, олар бойынша 76,9 млрд теңгеден астам қаржы тартылды.

Бұл биржалық нарықтың кәсіби қатысушыларын қолдауды, қаржылық реттеушілермен тығыз өзара іс-қимылды талап ететін өршіл міндеттер. Өткен жылы KASE жоғары кәсіби әлеуетін, стресстік жағдайларда тиімді және нәтижелі шешімдер табу қабілетін көрсетті. Қазақстан қор биржасының ұжымына үйлесімді, жоғары кәсіби жұмысы үшін, ал акционерлер мен клиенттерге – сенімі, қолдауы және тиімді ынтымақтастығы үшін үлкен алғысымды білдіремін.

Алия Молдабекова

Директорлар кеңесінің төрағасы

БАСҚАРМА ТӨРАЙЫМЫНЫҢ ҮНДЕУІ



Құрметті акционерлер, клиенттер және серіктестер!

Өткен кезеңді қорытындылай келе, мен Қазақстан қор биржасы жаһандық сын-қатерлерге, сыртқы нарықтардағы құбылмалылыққа, әлемдік реттеушілердің базалық мөлшерлемелерді көтеруіне және инфляцияның жеделдеуіне қарамастан, стратегиялық міндеттерді мақсатты және табысты іске асырды, өз қызметтерін сапалы әрі үздіксіз көрсетуді қамтамасыз етті деп сеніммен айта аламын.

2022 жыл Қазақстан үшін ақша-кредит саясатының күшеюі, инфляцияның үдеуі, сондай-ақ халықаралық нарықтардағы теріс әсерлер аясында нарықтардың тез өзгеретін жағдайларға бейімделу жылы болды.

Мұндай жағдайда Биржа дағдарыстық құбылыстарға қатысты орнықтылық пен беріктікті көрсетті, бұған төрт нарықта Биржада операцияларды жүзеге асыру мүмкіндігі, қаржы құралдарының кең ауқымы, Биржаның қазіргі заманғы сауда-саттық клирингтік жүйелері, әртүрлі тәртіптемелерде сауда жасау мүмкіндігі, сондай-ақ орталық контрагенттің қалыптасқан тәуекел-менеджменті ықпал етті.

2022 жыл Биржа үшін сауда-саттықтың жиынтық көлемі, жеке инвесторлар ашқан есеп-шоттар саны, сондай-ақ сауда-саттыққа қолжетімді қаржы құралдары саны бойынша рекордтық жыл болды. Осылайша, 2022 жылы сауда-саттықтың жиынтық көлемі **50 %-ға** немесе **87,2 трлн теңгеге** ұлғайып, **261,6 трлн теңгені** құрады. 2023 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша сауда тізімінде 1 433 құрал, соның ішінде 927 бағалы қағаздар, Т+ тізіміндегі 241 қаржы құралы бар.

2023 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша Бағалы қағаздардың орталық депозитарийінде (ОД) **513 мың жеке тұлға** ашқан **547 мыңға жуық жеке есеп-шоттар**, сондай-ақ 413 мың омнибус есеп-шоттар болды, бұл ретте өткен жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша – жеке тұлғалар ашқан шамамен **218 мың жеке есеп-шоттар** болды.

2022 жыл Биржа үшін жаңа үш жылдық кезеңге арналған Даму стратегиясын іске асыруды бастаған жыл және жаңа мақсаттар мен міндеттер қойылған жыл болды. Биржа елдің қаржы институты ретінде жоғары тұрақтылықты сақтап қана қоймай, дамудың жаңа технологиялық сатысына шықты. Бұл Биржаға Қазақстан мен Орталық Азияның биржалық кеңістігінде KASE-нің жетекші позициясын нығайтуға мүмкіндік берді. CFI.co Awards 2022 халықаралық сыйлығының нұсқасы бойынша KASE 2022 жылдың Орталық Азияның үздік қор биржасы болып танылды.

2022–2024 жылдарға арналған Даму стратегиясы шеңберінде Биржа мемлекеттік бағалы қағаздар нарығының жаңа индекстері мен индикаторларын енгізді, IRIS Finance ақпараттық өнімінің жаңартылған браузерлік нұсқасы, Scila Surveillance қадағалау жүйесі, сондай-ақ репо нарығында жаңа құралдармен – клирингтік қатысу сертификаттарымен сауда жасау мүмкіндігі енгізілді.

Біз "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" АҚ-ның жай акцияларын көпшілікке алғашқы орналастыруды шабыттандырушы жайт деп есептейміз. ҚМГ IPO қорытындысы бойынша KASE сауда-саттық жүйесіне **137,5 млрд теңге** тартылды, бұл аталған IPO аясында инвесторлардың қанағаттандырылған өтінімдерінің жалпы көлемінің **89 %-ын құрайды**. KASE-де орналастыру нәтижелері бойынша жеке тұлғалардың қатысу үлесі 51,0 %, заңды тұлғалардың қатысу үлесі – 8,8 %, институционалдық инвесторлардың қатысу үлесі – 40,2 % құрады.

ҚМГ акцияларын орналастыру жергілікті инвесторлардан тартылған инвестициялар сомасы және қатысқан инвесторлардың саны бойынша Қазақстан Республикасында рекордтық орын алды. Мысалы, "Халықтық IPO" бағдарламасы аясында 2012 жылы "ҚазТрансОйл" АҚ акцияларын орналастыру кезінде қаражат тарту көлемі 27,9 млрд теңгені, 2014 жылы "KEGOC" АҚ акцияларын орналастыру кезінде – 13,1 млрд теңгені құрады.

Биржалық құралдар желісінің қарқынды дамуының, сондай-ақ халық арасында кеңінен ағартушылық жұмыстың арқасында KASE-де жеке инвесторлар сегменті өсуде. Биржа биржалық нарықтың кәсіби қатысушыларымен және БАҚ-пен бірлесіп қаржылық сауаттылықты арттыру бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. Біз жұмыстың әралуан түрлерін пайдаланамыз – қор нарығының түрлі аспектілеріне арналған сөз сөйлеу және газеттер мен әлеуметтік желілерде жариялау, телевизиядағы хабарлар, семинарлар, вебинарлар. Оның ішінде оқушылар мен студенттердің қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған Global Money Week жобасы бар. Біз дәстүрлі түрде 2008 жылдан бастап "Биржалық симулятор" конкурсын өткізіп келеміз, ол 2022 жылы Қазақстанның 100-ден астам жоғары оқу орнынан 4 789 студентті тартты.

KASE жұмысының тағы бір түбегейлі бағыты – Қазақстанда ESG стандарттарын ілгерілету. 2022 жылы Биржа ESG инфрақұрылымын құрды, минималды листингтік алымдар анықталды, облигацияларды ESG критерийлеріне сәйкестендіру бойынша бірқатар компаниялармен келісімдер жасалды. 2022 жылы "KEGOC" АҚ 16,1 млрд теңге тартып, 15 жылдық "жасыл" облигацияларды TONIA пайыздық мөлшерлемесіне 3,00 % маржамен орналастырды. Азия даму банкі екі жылдық "жасыл" облигацияларды жылдық 14,50 %-бен 3,4 млрд теңге және тоғыз жылдық әлеуметтік облигацияларды жылдық 11,00 %-бен орналастырып, 14,0 млрд теңге тартты.

Соңғы жылдары "жасыл" қаржыландыру нарығы бірнеше есе өсті және қаржыландыру құралдары мен мақсаттарының әртүрлілігі есебінен күрделене түсті. Сондықтан нарыққа қатысушылар капитал нарығындағы ESG практикаларына, сондай-ақ тұрақты дамудың халықаралық стандарттарына қатысты қосымша түсіндірмелерге қажеттілікті атап өтті. Біз компанияларға бейімделуге және осындай стандарттарға көшуге әлі уақыт қажет екенін көріп отырмыз. Біз осы перспективаны жұмысты жалғастырамыз. Біз сондай-ақ тұрақты даму саласында жаңа өнімдер мен сервистерді құру және оларды қазақстандық қаржы нарығында

қолдану мәселелерін, сондай-ақ компаниялардың ESG критерийлеріне сәйкестігі деңгейін көрсететін "жасыл индикаторды" енгізу мүмкіндігін әзірлеудеміз. Біз орнықтылық индексінің пайда болуы ESG критерийлері бойынша ақпаратты ашуға компанияларды көбірек ынталандырады деп есептейміз.

16 қарашада KASE Қазақстан қаржыгерлерінің X конгресі аясында "ESG – қаржы нарығын дамытудың жаңа парадигмасы" атты халықаралық конференция өткізді. Қазақстанның және алыс және жақын шет елдердің қаржы нарығының сарапшылары үшін пікірталас алаңына айналған конференцияда ESG принциптерін енгізу мәселелері: тұрақты даму жобаларын қаржыландырудың жаһандық трендтері, реттеуді дамыту, корпоративтік ESG-стратегиялар мен бизнесті трансформациялау, сондай-ақ ESG-ақпаратты ашу саласындағы озық тәжірибе, жасыл қаржыландырудың қолжетімді құралдары, Орталық Азия мен Қазақстандағы ESG-жобалар және басқа да өзекті тақырыптар талқыланды. Бұдан басқа, Биржа алаңында ESG облигациялары шығарылымының құрылымын құру бойынша сарапшылардың қатысуымен екі күндік тренинг өткізілді.

2023–2024 жылдары біз инвесторларға өз портфельдерін жүргізуге, инвестициялық гипотезаларды тексеруге, биржалық нарықтың ойыншылары ретінде өз күштерін сынауға мүмкіндік беретін нарыққа, биржалық қызметтер мен биржалық ақпаратқа қол жеткізудің технологиялық шешімдерін белсенді дамытуды жоспарлап отырмыз.

Қаржы нарығының негізгі инфрақұрылымдық элементтерінің бірі ретінде Биржа үшін үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкес озық технологиялық шешімдерді енгізу ерекше маңызға ие. Осы себептен біз сервистерімізді автоматтандырды, ақпараттық технологияларымызды және ақпараттық қауіпсіздікті халықаралық стандарттарға сәйкестендіруді жалғастыруды жоспарлап отырмыз.

Бұл болашаққа айтарлықтай елеулі мәлімдеме. Мен әріптестерімізге, серіктестерімізге, акционерлерімізге 2022 жылғы үйлесімді әрі тиімді жұмысымыз үшін зор алғысымызды білдіре отырып, алға қойылған міндеттерді орындай алатынымызға сенімдімін. Біздің тұрақты серіктестігіміз, орасан зор тәжірибеміз, соның ішінде дағдарысқа қарсы тәжірибеміз тек Қазақстан қор биржасын ғана емес, еліміздің бүкіл қор нарығын дамытудағы ілгерілеудің кепілі болатынына сенемін.

Алина Алдамберген
Басқарма төрайымы

НЕГІЗГІ УАҚИҒАЛАР



“ Биржа продемонстрировала устойчивость и прочность по отношению к кризисным явлениям, этому способствовало возможность осуществления операций на Бирже на четырех рынках, широкий спектр финансовых инструментов, современные торгово-клиринговые системы Биржи, возможность торговать в разных режимах, а также выстроенный риск-менеджмент центрального контрагента

01 ҚАҢТАР

2022 жылдың 29 қаңтарында Биржа "Инвестициялық сауаттылық негіздері" атты ісін жаңа бастаған бөлшек инвесторлар үшін вебинар өткізді. Вебинарда Биржа қызметкерлері инвесторлардың білуі тиіс базалық инвестициялық тұжырымдамалар туралы, сондай-ақ инвестициялық алаяқтық тәуекелдері туралы инвестициялау алдында не білу керектігін айтып берді.

02 АҚПАН

2022 жылдың 10 ақпанында KASE "Биржалық симулятор" 13-ші жыл сайынғы конкурсының жабылу рәсімі өтті. Конкурс қорытындысы бойынша сегіз ЖОО-ның 13 жеңімпазы анықталды. Жоба аясында жалпы сауда-саттық көлемі 5,1 млрд теңгеден асты. "Биржалық симулятор" жобасын KASE студент жастар арасында қаржылық сауаттылықты арттыру аясында жүзеге асыруда.

03 НАУРЫЗ

2022 жылдың 04 наурызында Биржа IFC-мен бірлесіп Ring the Bell for Gender Equality сауда-саттығының жыл сайынғы ашылу рәсімін өткізді, оның шеңберінде "Гендерлік инклюзивтілік және тұрақты даму" конференциясы өтті. Ring the Bell for Gender Equality сауда-саттығының ашылу рәсімі әлемдік қоғамдастықтың назарын гендерлік инклюзивтілікті дамыту перспективаларына және тұрақты даму саясаты, ESG принциптері және жасыл қаржыландыру контекстінде гендерлік теңдікті қолдауға аударуға арналған.

2022 жылдың 15 наурызында KASE CFI.co Awards 2022 халықаралық сыйлығының нұсқасы бойынша Best Stock Exchange Central Asia 2022 марапатына ие болды, оны қаржы, экономика және бизнес саласында жаңалықтар ұсынатын британдық Capital Finance International басылымы құрған. Өзінің сыйлықақы бағдарламасында CFI.co журналы жыл сайын ең сапалы қызметтерді ұсынатын және саланың дамуына ең үлкен ықпал ететін компаниялар мен жеке тұлғаларды таңдайды. Халықаралық сыйлықтың географиясы Еуропа, Солтүстік және Латын Америкасы, Африка, Оңтүстік-Шығыс Азия, Таяу Шығыс елдерін қамтиды және IT-технологиялар, ESG, инновациялар және басқа да бағыттарды қамтиды.

2022 жылдың 09 наурызынан бастап Биржа Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздар (МБҚ) нарығы индекстерінің сериясын есептеуге және жариялауға кірісті. МБҚ индекстері әртүрлі мерзімдерде қазақстандық тәуекелсіз бағалы қағаздардың кірістілігі мен бағасын қадағалау үшін қосымша құралдар болып табылады.

04 СӘУІР

2022 жылдың 11 сәуірінде KASE және Ernst & Young компаниясы Қазақстанның қор нарығында тұрақты даму принциптерін дамытуға және енгізуге бағытталған ынтымақтастық туралы меморандум жасасты. Ынтымақтастық жалпы мақсаттарға қол жеткізуге және қаржылық емес ақпаратты ашу әдістемесін енгізу, қазақстандық эмитенттердің тұрақты даму облигацияларын (жасыл, әлеуметтік және өзге) шығаруға ынталандыру, тұрақты даму облигацияларының листингіне және оларды верификациялауға қойылатын талаптарды әзірлеу, тұрақты даму облигацияларын шығару арқылы қаржыландыруды тарту, KASE ресми тізімінде болған кезде ақпаратты ашу мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау мақсатында стандарттарды енгізу бойынша оқыту және кеңес беру сияқты бастамалар жасауға бағытталған.

05 МАМЫР

2022 жылдың 26 мамырында Биржа "Венчурлық нарық 2021: \$60+ млн инвестиция" вебинарын өткізді. Вебинар аясында еліміздің стартап экожүйесіндегі негізгі уақиғалар мен цифрлар, сондай-ақ ағымдағы жылға арналған болжамдар сияқты тақырыптар қозғалатын болады.

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі KASE және халықаралық қаржы ұйымдарымен бірлесіп 2022 жылдың 20 мамырында қазақстандық эмитенттердің "жасыл" қаржыландыруды тарту мүмкіндіктері туралы онлайн-конференция өткізді. Халықаралық ұйымдардың өкілдері орнықты қаржыландыруды дамыту саласындағы өздерінің бастамалары, сондай-ақ олардың қазақстандық эмитенттердің жобаларына инвесторлар ретінде қатысу мүмкіндіктері туралы хабардар етті.

06 МАУСЫМ

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі мен IFC арасында жасалған ESG стандарттарын бірлесіп әзірлеу және Қазақстанда "жасыл" қаржыландыруды дамыту саласындағы ынтымақтастық туралы шарт шеңберінде 2022 жылдың 21-22 маусымда қазақстандық эмитенттер үшін экологиялық, әлеуметтік және тұрақты облигациялар (Deep Dive Green, Social and Sustainability (GSS) Bonds Issuance Process) шығару мәселелері бойынша екі күндік тренинг өткізілді.

2022 жылдың 20 маусымынан бастап жазылу әдісімен сауда-саттықты өткізуге мүмкіндік беретін ASTS+ СҚЖ-не жаңартулар енгізілді. Осы жаңартулардың артықшылықтары теңгемен немесе АҚШ долларымен есеп айырысумен ОК қызметтерін пайдалана отырып және пайдаланбай жазылуды жүргізу үшін таңдау, сондай-ақ сауда-саттық жүйесі және сауда-саттыққа қатысушының меншікті жүйелері арқылы Биржаның ASTS Bridge СЖ-не қосудың стандартты хаттамасын пайдалана отырып, өтінімдер беру мүмкіндігі болып табылады.

07 ШІЛДЕ

2022 жылдың шілдесінде Scila Surveillance қадағалау жүйесі енгізілді. Scila AB нарықты қадағалау, ақшаны жылыстатумен күрес және тәуекелдерді басқару саласындағы жетекші тәуелсіз технологиялар жеткізушісі болып табылады, ол қаржы нарықтарында теріс пайдалануды анықтау үшін құралдарды ұсынады.

2022 жылдың 11 шілдесінде KASE "IRIS Finance" ақпараттық өнімінің браузерлік нұсқасын іске қосты. Жаңа нұсқада мынадай мүмкіндіктер мен функциялар қолжетімді: сауда деректерін нақты уақыт тәртібінде көрсету; нақты уақыт тәртібінде жаңартылатын биржалық баға белгілеу стақаны; KASE-дегі өтінімдер мен мәмілелер туралы тарихи ақпарат; биржалық индекстер мен ыңғайлы визуалданатын индикаторлар.

08 ТАМЫЗ

2022 жылдың 16 тамызында KASE және Ашхабад қор биржасының бас директоры Нұргелді Мередов бастаған Түркіменстан Республикасының қаржы секторы өкілдерінің делегациясы алуан түрлі нарықтардағы сауда-саттықты ұйымдастыру, клиринг, листинг және т.б. туралы егжей-тегжейлі ақпаратпен танысу мақсатында бірқатар жұмыс кездесулерін өткізді.

2022 жылдың 22 тамызында KASE ASTS+ сауда-саттық клирингтік жүйесінің жаңа нұсқасын қолданысқа енгізді, онда клирингтік қатысу сертификаттарымен орталық контрагентпен (ОК) репо мәмілелерін жасау мүмкіндігі көзделген. Бұл өнім Биржаға қатысушыларға және олардың клиенттеріне жаңа мүмкіндіктер береді. 2022 жылдың 24-26 тамызында KASE-нің капитал нарығымен және Биржаның қызметімен танысу мақсатында Istanbul Borsa Istanbul Стамбул Қор Биржасына (Түркия) жұмыс сапары болып өтті.

09 ҚЫРКҮЙЕК

KASE 2022 жылдың 18-22 қыркүйегі аралығында FEAS мүшелеріне арналған "FEAS on-site training" оқыту тренингін өткізді. Тренингті өткізудің мақсаты – биржа мамандары арасында қор нарықтарында жұмысты ұйымдастыру тәжірибесімен алмасу.

2022 жылдың 7-8 қыркүйегінде Tehran Stock Exchange Technology Management Co (TSETMC) делегациясының KASE-ге сапары болды. Бұл сапардың мақсаты Биржаның технологиялық шешімдері бойынша ақпарат алмасу болып табылады.

2022 жылдың 16 қыркүйегінен бастап "Самұрық-Қазына" қорының, "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ, "Қазпошта" АҚ, KASE және AIX қазақстандық қор биржаларының, сондай-ақ брокерлік-дилерлік ұйымдардың өкілдері IPO бойынша Non-deal roadshow – ақпараттық-түсіндіру науқанын бастады.

10 ҚАЗАН

2022 жылдың 4 қазанында бүкіл әлем бойынша Бағалы қағаздар жөніндегі халықаралық комиссия ұйымының қамқорлығымен Инвесторлардың халықаралық апталығы өткізіліп жатыр, KASE аталған ақпараттық науқанға қосыла отырып, қаржылық сауаттылықты қолдау мақсатында бірқатар жобалар өткізді.

2022 жылдың 7 қазанында Дүниежүзілік қор биржалары федерациясының жыл сайынғы World Investor Week 2022 бағдарламасын қолдау мақсатында KASE қазақстандық брокерлердің "KASE FEST" жәрмеңкесін өткізді.

2022 жылдың 10-13 қазанында KASE-нің Биржа қызметі туралы тәжірибе және ақпарат алмасу мақсатында Дубайға (БАӘ) және Дохаға (Катар) ресми сапары болып өтті.

2022 жылдың 16-19 қазанында KASE Прагада (Чехия) The Financial Information Services Division (FISD) ұйымдастырған 15-ші Қаржылық ақпарат жөніндегі Дүниежүзілік конференцияға (WFIC) қатысты.

11 ҚАРАША

2022 жылдың 15 қарашасында KASE Басқарма төрайымы Алина Алдамберген ҚР Ұлттық Банкі мен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі ұйымдастырған Қазақстан қаржыгерлерінің X конгресінде сөз сөйледі.

2022 жылдың 16 қарашасында KASE Қазақстан қаржыгерлерінің X конгресі аясында "ESG – қаржы нарығын дамытудың жаңа парадигмасы" атты халықаралық конференция өткізді. Қазақстанның және алыс және жақын шет елдердің қаржы нарығының сарапшылары үшін пікірталас алаңына айналған конференцияда ESG принциптерін енгізу мәселелері: тұрақты даму жобаларын қаржыландырудың жаһандық трендтері, реттеуді дамыту, корпоративтік ESG-стратегиялар мен бизнесті трансформациялау, сондай-ақ ESG-ақпаратты ашу саласындағы озық тәжірибе, жасыл қаржыландырудың қолжетімді құралдары, Орталық Азия мен Қазақстандағы ESG-жобалар және басқа да өзекті тақырыптар талқыланды.

2022 жылдың 17 қарашасында Баку қор биржасы (БҚБ) делегациясының және БҚБ мүше – инвестициялық компаниялардың KASE-ге сапары болды. Сапардың мақсаты Қазақстан қор биржасының қызметімен танысу болып табылады.

12 ЖЕЛТОҚСАН

2022 жылдың 8 желтоқсанында "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ акцияларымен сауда-саттықтың ашылу салтанаты болып өтті. Іс-шара аясында KASE және AIX биржалары арасында телекөпір болып, рәсімге қатысушылар бір мезгілде сауда-саттыққа бастау берді.

2022 жылдың 12-13 желтоқсанында Каирдағы (Египет) Египет биржасының алаңында FEAS Бас Ассамблеясының, Кеңесінің және Жұмыс комитетінің отырыстары болып өтті.

МИССИЯСЫ, ПАЙЫМЫ ЖӘНЕ МАҚСАТЫ



Миссиясы

Қазақстан Республикасының экономикалық өсуіне:

- » отандық эмитенттердің қаржыландыруды тартуы үшін құралдардың кең ауқымын ұсыну;
- » қаржы жүйесінде өтімділікті қайта бөлу үшін платформаны қамтамасыз ету;
- » жергілікті және шетелдік инвесторлар үшін ашық инвестициялық орта ұсыну арқылы жәрдемдесу.

Пайымы

KASE – отандық эмитенттер үшін қолжетімді және жергілікті және халықаралық инвесторларға ашық биржалық қызметтердің толық спектрін көрсететін жоғары технологиялық сауда-саттық алаңы.

Мақсаты

Өңірдегі жетекші биржалық алаң мәртебесіне қол жеткізу және қолдау және стейкхолдерлер үшін KASE құндылығын арттыру.

БИРЖА ТУРАЛЫ



Биржа WFE, FEAS және ТМД ХБҚ сияқты халықаралық биржалық қауымдастықтардың толық құқылы мүшесі болып табылады, бұл қазақстандық сауда алаңы қызметінің негізгі аспектілерінің халықаралық стандарттарға және ең үздік әлемдік тәжірибеге сәйкестігін растайды.

Қазақстан қор биржасы (KASE немесе Биржа) 1993 жылы ұлттық валюта – теңге енгізілгеннен кейін екі күн өткен соң құрылды. Биржа 29 жыл ішінде дауыстық сауда-саттықтан бастап халықаралық стандарттарға сай келетін заманауи жолға қойылған сауда-саттық клирингтік және есеп айырысу инфрақұрылымына дейін эволюциядан өтті. Қазіргі уақытта Биржаның валюта, қор (бағалы қағаздар), ақша (репо және своп операциялары) және деривативтер нарығының жұмыс істеуінің арқасында 29 жыл ішінде құрылған әртарапандырылған бизнесі бар. KASE алаңының әмбебаптығы сауда-саттыққа қатысушыларға және олардың клиенттеріне қаржы құралдарының әралуан түрлерімен бірнеше нарықта операцияларды белсенді жүргізуге мүмкіндік береді, бұл өтімділікті басқару үшін ең жақсы жағдайларды қамтамасыз етуге және инвестициялық стратегияларды іске асыруға мүмкіндік береді.

Биржа WFE, FEAS және ТМД ХБҚ сияқты халықаралық биржалық қауымдастықтардың толық құқылы мүшесі болып табылады, бұл қазақстандық сауда алаңы қызметінің негізгі аспектілерінің халықаралық стандарттарға және ең үздік әлемдік тәжірибеге сәйкестігін растайды.

Биржа қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі уәкілетті органның лицензиялары негізінде мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1. бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен сауданы ұйымдастыру жөніндегі қызмет (2012 жылдың 19 шілдесіндегі № 4.2.3/1 лицензия);
2. бағалы қағаздар нарығындағы қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингтік қызмет (2012 жылдың 19 шілдесіндегі № 4.2.3/1 лицензия);
3. ұлттық және шетел валютасында банк операцияларын жүргізу (2020 жылдың 30 қаңтарындағы № 4.3.8 лицензия).

Биржа қызметтердің барлық тізбесін ұсынады: мүшелік, листинг, сауда-саттық және сауда-саттықтан кейінгі қызметтері (клиринг, есеп айырысу, ОҚ), нарықтық ақпаратты тарату, сондай-ақ индекстер мен индикаторларды есептеу және сүйемелдеу.

2023 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша Биржаға 52 кәсіби қатысушы, оның ішінде Қазақстан Республикасының барлық лицензияланған банктері мен брокерлік ұйымдары, төрт шетелдік қатысушы, екі халықаралық қаржы ұйымы мүше болды.

Биржаның ресми тізімі бірнеше алаңға бөлінген: "Негізгі", "Баламалы", "Аралас" және "Жеке орналастыру".

"Негізгі" алаңы даму тарихы бар ірі компанияларға, "Баламалы" алаңы – "Негізгі" алаңымен салыстырғанда неғұрлым жеңілдетілген талаптар белгіленген шағын және орта капиталдандыру компанияларына арналған. Тізімді осылайша бөлу ірі компаниялар мен шағын және орта бизнеске қор нарығында қаражат тартуға мүмкіндік береді.

"Аралас" алаңында исламдық бағалы қағаздар, деривативтер, сондай-ақ мемлекеттік бағалы қағаздар және халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары сияқты қаржы құралдарымен сауда-саттық жасалады, олар ұлттық, сол сияқты шетел валютасында номинациялануы мүмкін.


"Жеке орналастыру" алаңы 2021 жылы құрылды және жеке орналастыруға жататын мемлекеттік емес бағалы қағаздар үшін листингке арналған. Жеке орналастыру білікті инвесторлардың шектеулі тобы арасында мемлекеттік емес облигацияларды жария етпеуді білдіреді, мұндай бағалы қағаздарды шығару шарттары жеке меморандуммен анықталады.

2021 жылы құрылған "Аралас" алаңының KASE Global секторы шетелдік эмитенттердің неғұрлым өтімді бағалы қағаздарымен сауда-саттық жасауға арналған. Жаңа сектордағы сауда-саттыққа Нью-Йорк қор биржасының – NYSE Equity негізгі алаңында және NASDAQ биржасының – NASDAQ Global Select алаңында акциялар, сондай-ақ Euronext Paris және Euronext Amsterdam алаңдарында листингтен өткен және Standard & Poor's 500, NASDAQ 100 және Euronext 100 биржалық индекстеріне кіретін кіретін акциялар жіберілді.

Биржа қор және ақша нарықтарының бірқатар индикаторларын дербес есептейді және сүйемелдейді. Қазақстанның қор нарығы Биржаның акциялары мен облигацияларының нарығын көрсететін индекстермен және индикаторлармен ұсынылған. Акциялар нарығын сипаттау үшін Биржа негізгі индикатор – KASE индексі есептейді, ол қазіргі уақытта ұлттық қор нарығының негізгі индикаторы рөлінде де-факто болады. Бұдан басқа, Биржа акциялар нарығының жалпы капиталдандырылуын – акциялары KASE-де айналымға жіберілген барлық компаниялардың жиынтық нарықтық құнын есептейді және жариялайды.

KASE индексі Қазақстан Республикасының неғұрлым ірі және қаржылық тұрақты резидент компаниялары шығарған Биржаның ресми тізімінің неғұрлым өтімді акцияларының жиынтық нарықтық құнының өзгеруін көрсетеді.

Облигациялар нарығын талдау үшін Биржа қазақстандық компаниялардың облигацияларының неғұрлым өтімді шығарылымдарының "таза" бағалары мен кірістілік көрсеткіштерінің өзгеруін көрсететін KASE_BM* негізгі алаңы үшін және KASE_BA* баламалы алаңы үшін бірқатар индекстерді анықтады. Ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында Биржа Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздар нарығының бірқатар индикаторларын қосымша енгізуді жоспарлап отыр.



Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы "таза" және "таза емес" бағалардың индекстерін, сондай-ақ өтеуіге дейінгі әртүрлі мерзімдердегі кірістілік көрсеткіштерін көрсететін индекстер мен индикаторлар сериясымен ұсынылған.

Репо нарығын көрсететін индекстер мен индикаторлар мынадай индикаторлармен берілген: TONIA – ақша нарығындағы негізгі тәуекелсіз бенчмарк, бұдан басқа, қосымша репо нарығы TRION, TWINA, TCI, TCR_1m, TCR_3m, TCR_6m сияқты индикаторлармен ұсынылған. Валюта свопы нарығы бойынша Биржа SWAP-1D, SWAP-2D, сондай-ақ репо және валюта свопы нарығының композиттік индексі – MM Index сияқты индикаторларды есептейді.

KASE нақты уақыттағы биржалық ақпаратты, мұрағаттық және анықтамалық деректерді қамтитын ақпараттық өнімдердің кең ауқымын ұсынады.

KASE-нің негізгі артықшылықтары:



нарықтың әмбебаптығы, өйткені бизнесті әртараптандыру экономикалық циклдің тұрақты ауытқуларынан өтуге көмектеседі, оның түрлі кезеңдерінде нарыққа қатысушылар қаржы құралдарының әртүрлі кластарын талап етеді;



KASE сауда-саттық көлемі бойынша ТМД қор биржалары арасында екінші орында, акциялар нарығын капиталдандыру бойынша үшінші орында, акциялар нарығын капиталдандыру бойынша FEAS биржаларының арасында үшінші орында, WFE мүше – биржалар арасында акциялар нарығын капиталдандыру бойынша 40-шы орында;



KASE-дегі сауда-саттықтың сандық параметрлері акцияларды FTSE және MSCI акцияларының дамушы нарықтарының индекстеріне енгізу кезінде, сондай-ақ қазақстандық акциялар нарығының рейтингі үшін пайдаланылады;



KASE шетелдік инвесторлар үшін market data көзі болып табылады және Bloomberg, Refinitiv және басқа халықаралық қаржы нарықтарында нарықтық ақпаратты негізгі жеткізушілермен өзара іс-қимыл жасайды;



KASE заманауи технологияларға, сауда-саттық пен есеп айырысудың реттелген инфрақұрылымына ие, ОК қызметтерін ұсынады, T+2 толыққанды режиміне, репо нарығына ие;



шетелдік инвесторлардың нарыққа қол жеткізуін жеңілдететін T+2 сауда-саттық клирингтік циклінің болуы;



биржалық нарықтарда ақшалай есеп айырысуды жүзеге асыру үшін меншікті корреспонденттік желінің болуы;



KASE Index халықаралық қоғамдастық үшін қазақстандық акциялар нарығының негізгі индикаторы болып табылады;



қазақстандық капитал нарығы туралы ақпараттың түйінді көзі бола отырып, халықаралық биржалық қауымдастықтардың қызметіне қатысу есебінен инвесторлардың географиясын кеңейту мүмкіндігі;



KASE мүшелері Қазақстанның барлық банктері мен брокерлік-дилерлік ұйымдары болып табылады.

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНЫҢ ТҮЙІНДІ ФАКТІЛЕРІ, ТРЕНДТЕРІ



2022 жылы сауда-саттықтың жиынтық көлемі **261,6 трлн теңгені** құрап, **50,0 %** немесе **87,2 трлн теңгеге** артты.

+50% **261,6**
трлн теңге

KASE | Жылдық есебі 2022

На фондовом рынке уверенный рост наблюдался в секторе государственных ценных бумаг, увеличение по сравнению с 2021 годом составило **67,9 %**, достигнув **6,0 трлн тенге**. Объем вторичных торгов в секторе государственных ценных бумаг вырос в 2,1 раз, достигнув 1,9 трлн тенге. Государственный долг по номинальной стоимости, торгуемый на KASE, достиг **21,5 трлн тенге**, увеличившись относительно 2021 года на **20,9 %**. Доля нерезидентов в брутто-обороте торгов вторичного рынка составила **6,9 %**.

231,8 трлн теңге **+51,9%**

Сауда-саттық көлемінің сенімді өсуі ақша нарығында байқалды, жыл қорытындысы бойынша оның мәні **51,9 %-ға 231,8 трлн теңгеге** дейін өсті. Шетелдік валюта нарығында өсім **33,6 %-ды** құрап, **20,8 трлн теңгеге** жетті.

6 трлн теңге **+67,9%**

Қор нарығында мемлекеттік бағалы қағаздар секторында сенімді өсу байқалды, 2021 жылмен салыстырғанда **өсім 67,9 %** құрап, **6,0 трлн теңгеге** жетті. Мемлекеттік бағалы қағаздар секторындағы қайталама сауда-саттық көлемі **2,1 есеге өсіп**, **1,9 трлн теңгеге** жетті. KASE-де саудаланатын номиналды күн бойынша мемлекеттік қарыз 2021 жылға қарағанда **20,9 %-ға** ұлғайып, **21,5 трлн теңгеге** жетті. Қайталама нарық сауда-саттығының брутто-айналымындағы бейрезиденттердің үлесі **6,9 %-ды** құрады.

2,5 трлн теңге **+25,6%**

Айналыстағы корпоративтік қарыз көлемі 2022 жылы **6,3 %-ға 14,4 трлн теңгеге** дейін төмендеді. Корпоративтік облигациялардың жиынтық сауда-саттық көлемі 2022 жылы **2,5 трлн теңгені** құрап, **508,1 млрд теңгеге** немесе **25,6 %-ға** артты. Облигациялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі 2021 жылға қарағанда **19,1 %-ға** немесе **159,6 млрд теңгеге** өсіп, **996,7 млрд теңгеге** дейін жетті.

23 жаңа эмитенттің

2022 жылы листинг процедурасынан **23 жаңа эмитенттің** бағалы қағаздары өтті: акция секторында **төртеу**, KASE Global секторында **сегіз**, корпоративтік облигациялар секторында **он** және инвестициялық қорлардың бағалы қағаздар секторында **біреу**.

584 атаудағы бағалы қағаздары

2022 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша KASE сауда-саттық тізімдерінде **230 эмитенттің 584 атаудағы** мемлекеттік емес бағалы қағаздары болды.

547 мың лицевых счетов

2022 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша Бағалы қағаздардың орталық депозитарийінде (ОД) **513 мың жеке тұлға** ашқан **547 мыңға жуық жеке есеп-шоттар**, бұл ретте өткен жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша – жеке тұлғалар ашқан **218 мыңға жуық жеке есеп-шоттар** болды.

340 мың счетов

2022 жылы жеке тұлғалар **340 мыңнан астам есеп-шот** ашты, оның ішінде 14 мыңға жуық есеп-шот есеп-шот ашылғаннан кейін кем дегенде бір мәміле жасады, ал 2021 жылы жеке тұлғалар ОД-де **87 мыңнан астам есеп-шот** ашты.

413 мың индивидуальных кодов

2022 жылы жеке тұлғалар омнибус есеп-шоты арқылы есепке алынатын **413 мыңнан астам** қатысушылардың жеке кодтарын ашты, бұл ретте олардың **78 мыңнан** астамы 2022 жылы кем дегенде бір мәміле жасады.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП



2022 жылы Биржа алдыңғы үш жылдық кезеңде салынған бастамаларды жалғастыру және дамыту ретінде әзірленген 2022 – 2024 жылдарға арналған Даму стратегиясын іске асыруға кірісті. KASE стратегиясын әзірлеу кезінде әлемдік және жергілікті макроэкономикалық үрдістерге және қор биржаларын дамытудың үздік халықаралық тәжірибелеріне бағдарланды.

2022–2024 жылдарға арналған Даму стратегиясын іске асыру

KASE-нің 2022–2024 жылдарға арналған Даму стратегиясында төрт негізгі бағыт анықталды:



1-ші Стратегиялық бағыт. Биржалық нарықтардағы өтімділікті арттыру

Бұл стратегиялық бағыт бірнеше негізгі бағыттар бойынша бөлінеді: қаржылық құралдар мен қызметтер спектрін кеңейту, әріптес биржалармен сауда-саттық лиринглік линкаларды орнату, эмитенттер мен инвесторлар шеңберін кеңейту.

Жергілікті және шетелдік инвесторларды тарту мақсатында мынадай жаңа құралдарды енгізу көзделген: шетел валютасындағы репо, ESG-құралдар, клиринглік қатысу сертификаттары, KASE құралдарына ETF, бағалы қағаздарды қысқа сатуды және кредиттеуді жандандыру, сауда-саттық клиринглік линкаларды енгізу.

Биржа шағын және орта бизнес компанияларының қор нарығына шығуына жағдай жасау жұмыстарын жалғастыруда. ҚР Ұлттық экономика министрлігінің қолдауымен 2021–2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаға түзетулер енгізілді, онда купондық мөлшерлемені субсидиялау және облигациялар бойынша кепілдіктерді беру көзделген (опционалды). Осы бағдарлама бойынша эмитенттерді тарту мақсатында 2022 жылы 70-тен астам әлеуетті эмитенттермен кездесулер өткізілді.

Дамудың тағы бір маңызды екпіні демеушілік маркет-мейкинг бағдарламаларын іске асыру, қаржылық сауаттылықты арттыру бағдарламаларын жүргізу, мобильдік қосымшаны дамыту арқылы бөлшек инвесторларды тартуға бағытталған. Бұдан басқа, блокчейн технологиясы негізінде жаңа цифрлық өнімдерді енгізу мүмкіндігі зерделенеді.

KASE Global шетелдік бағалы қағаздар секторын осы сектордағы құралдар желісін арттыру, сауда-саттық және есеп айырысу жағдайларын жақсарту жолымен одан әрі дамыту жұмыстары жүргізілуде.

Биржа Қазақстанның корпоративтік нарығындағы ESG саясатының жолсеріктерінің бірі бола отырып, ESG стандарттарын өз компаниялары арасында дәйекті түрде ілгерілетеді, сондай-ақ өз алаңында "жасыл", әлеуметтік жобаларды қаржыландыру үшін мүмкіндіктер жасайды. Жауапты инвестициялау және оларды қазақстандық қаржы нарығында қолдану саласында жаңа өнімдер мен сервистерді құру жөніндегі жұмыстар жалғасуда. Биржаның эмитент компаниялары мен әлеуетті эмитенттер арасында ESG құралдарына тұрақты даму және қызығушылықты дамыту мәселелерін ілгерілету үшін іс-шаралар жүргізілуде.



МБҚ нарығының индекстері мен индикаторларын енгізу

2022 жылдың 09 наурызынан бастап KASE Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы индекстерінің сериясын есептеуге және жариялауға кірісті. МБҚ индекстері түрлі мерзімдерде қазақстандық тәуекелсіз бағалы қағаздардың кірістілігі мен бағасын қадағалау үшін қосымша құрал болып табылады.

МБҚ жаңа индекстерінің әдістемесін анықтау кезінде Биржа Облигациялар жөніндегі еуропалық комиссияның (European bond commission) және Қаржылық талдаушылар қоғамдарының Еуропалық федерациясының (European Federation of financial analysts societies) облигациялық индекстерін анықтаудың жалпы қабылданған практикасын ескерді.

Индекстердің мәндері МБҚ нарығында сауда-саттық аяқталғаннан кейін күніне бір рет есептеледі және Биржаның ресми интернет-ресурсында жарияланады. Осы индекстер үшін өкілдік тізім ретінде KASE ресми тізіміне енгізілген, белгіленген купон мөлшерлемесі бар және теңгемен номинацияланған Қазақстан Республикасының индекстелмеген МБҚ пайдаланылды. Индекстердің өкілдік тізімі мерзімдер бойынша: бір жылдан аз (s), бір жылдан бес жылға дейін (m), бес жылдан және одан көп (l) болып сегменттелген.

IRIS Finance ақпараттық өнімінің жаңартылған браузерлік нұсқасын іске қосу

Тұтастай алғанда, тез өзгеретін нарық жағдайындағы ақпараттың маңыздылығын асыра бағалау қиын, ал оны жаңартудың жеделдігі, толықтығы мен қолжетімділігі – қор нарығына қатысушылардың табысты қызметі үшін маңызды факторлардың бірі. Қор нарығына қатысушылардың ақпараттық қамтамасыз ету бойынша осындай жүйелі жұмысты Биржа да жүргізеді.

KASE қазіргі уақытта әлемдік биржалар жеткізетін стандартты ақпараттық өнімдердің толық спектрін енгізіп, жетілдіріп қана қоймай, сондай-ақ KASE ақпаратын өз қызметінде пайдаланатын бөлшек және корпоративтік тұтынушылардың қолайлылығы үшін деректерді таратудың жеке арналарын құрды және дамытты.

Ақпараттық өнімдерді жаңғырту аясында 2022 жылы Биржа IRIS Finance ақпараттық өнімінің жаңартылған нұсқасын іске қосты. Онда пайдаланушылар үшін интерфейснің қолайлылығына есептелген бүгінгі таңда өзекті UI/UX шешімдері ескерілді, сондай-ақ нарықтық ақпаратты жедел алуға және түсіндіруге мүмкіндік беретін жаңа функциялар, оның ішінде реалтаймдағы биржалық баға белгілеулер стақаны қосылды.



Клиринглік қатысу сертификаттарын енгізу

2022 жылдың 22 тамызынан бастап Биржа Қазақстанда бұрын жасалған қор нарығында ұқсастығы жоқ түбегейлі жаңа өнімді – клиринглік қатысу сертификаттарын іске қосты. Бұл өнім Биржаға қатысушылар мен олардың клиенттеріне жаңа мүмкіндіктер береді. Клиринглік қатысу сертификаттары (КҚС) КҚС-мен репо операциялары бойынша орталық контрагент ретінде Биржаға сауда-саттыққа қатысушылар беретін мүлік пулы – Биржа кепілге (бағалы қағаздардың, ақшаның) шығаратын эмиссиялық емес қамтамасыз етілген мерзімсіз бағалы қағаздарды білдіреді. Шығарылған КҚС активтерді мүліктік пулға берген сауда-саттыққа қатысушыларға беріледі. КҚС шығарудың мүліктік пулына жарна ретінде теңгемен және АҚШ долларымен ақша, сондай-ақ бағалы қағаздар пайдаланылуы мүмкін. Мүліктік пулға енгізуге рұқсат етілген активтердің өзекті тізімі KASE интернет-ресурсында күн сайын жарияланады. КҚС-ын оның ұстаушысы репо операцияларын жүзеге асыру кезінде кепіл ретінде, сондай-ақ өзге де бағалы қағаздармен биржалық мәмілелерді қамтамасыз ету ретінде пайдалануы мүмкін.

КҚС репо операцияларының мәні ретінде пайдалану сауда-саттыққа қатысушыларға мынадай артықшылықтар береді:

- » қамтамасыз етуді тиімді басқару және репо операциясының мерзімі өткенге дейін пулға бұрын енгізілген мүлікті ауыстыру мүмкіндігі;
- » КҚС-мен репо операцияларын жасау кезінде мүліктік пулды сақтау сауда-саттыққа қатысушының Бағалы қағаздардың орталық депозитарийіндегі есеп-шоты бойынша жеке бөлімде жүзеге асырылады және оның бағалы қағаздары бойынша дивидендік және купондық төлемдер сауда-саттыққа қатысушыға тікелей түседі;
- » сауда-саттыққа қатысушыларға КҚС-мен репо операциялары бойынша кепілді қамтамасыз етуді дербес бағалаудың қажеттілігі жоқ, қамтамасыз етуді бағалауды орталық контрагент ретінде Биржа жүзеге асырады.

"ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" АҚ IPO-сын өткізуге қатысу

Қазақстанның қор нарығы тарихында "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" АҚ акцияларын алғашқы көпшілік алдында орналастыру тек қазақстандық қор биржаларында листинг бар ең үлкен жергілікті IPO болып табылады. Осы IPO табысты болуының кепілі "Самұрық-Қазына" ҰАҚ АҚ, Қазақстан қор биржасы, брокерлік ұйымдар жүргізген ауқымды жұмыс, сондай-ақ жеке тұлғалардың өтім беруін айтарлықтай жеңілдеткен қаржы секторындағы цифрлық технологияларды дамыту болды.

Биржалық нарықта еркін айналымда ұлттық компаниялардың көбірек акцияларының пайда болуы отандық қор нарығындағы белсенділікті айтарлықтай арттыруға арналған. Нарықта Қазақстан азаматтарына инвестициялау үшін неғұрлым кең ауқымды қаржы құралдарын ұсыну мүмкіндігі пайда болады.

Биржаны IPO-ға дайындау процесі халық үшін білім беру бағдарламасын анықтау бойынша орасан зор жұмысты қамтыды. Атап айтқанда, Биржа брокерлік ұйымдармен KASE Talks жеті эфирін, орыс және қазақ тілдерінде екі вебинар: "PRO IPO: не білу керек және қалай қатысу керек", KASE-дегі алты тақырыпты қамтитын "Менің портфелім" кешенді оқыту бағдарламасы өткізілді, сондай-ақ Алматы және Астана қалаларында орналасқан ЖОО негізінде бөлшек инвесторлар үшін ашық есік күндері – KASE FEST өткізілді, оларға 2 000-нан астам адам қатысты.

Қаржы сауаттылығын арттыру үшін Биржа Биржаның сайтында IPO-ға арналған бөлім құрды, онда инвесторлар IPO-дан қалай табыс табу керек, IPO процесі қалай өтеді, IPO-ға қалай қатысу керек деген тақырыптармен таныса алады. Бұдан басқа, осы бөлімде тиісті тақырыптар бойынша подкасттар орналастырылған.

Қазақстан халқы арасында ҚМГ IPO-сын табысты жариялау үшін "Самұрық-Қазына" ҰАҚ АҚ KASE және AIX-мен, сондай-ақ брокерлік ұйымдармен бірлесіп IPO бойынша бағалы қағаздар нарығындағы инвестициялау тетіктері мен тәуекелдері туралы ауқымды Non-deal roadshow – ақпараттық-түсіндіру науқанын өткізді. Non-deal roadshow аясында 17 қаланы, республикалық маңызы бар 3 қаланы, 38 моноқалалар мен елді мекендерді араладық, 100 мыңнан астам адам қатысты.



По итогам IPO простых акций КМГ на KASE привлечено 137,5 млрд тенге, что составляет 89% от общего объема привлечения.

2022 жылдың 01 шілдесінен бастап Биржа ASTS+ СКЖ жазылу әдісімен сауда-саттықты өткізуге мүмкіндік беретін ІНҚ-ға өзгертулер қолданысқа енгізді. Теңгемен немесе АҚШ долларымен есеп айырысумен ОК қызметтерін пайдалана отырып және пайдаланбай жазылуды жүргізу үшін таңдау мүмкіндігі артықшылық болып табылады. Бұл ретте ОК-мен жазылу жүргізілген жағдайда мәмілелер жалпы клирингке қосылады және өзге мәмілелермен бірыңғай позиция бойынша есептеледі. ASTS+ СКЖ-не жаңартулар Биржаның ASTS Bridge СЖ-не қосылудың стандартты хаттамасын пайдалана отырып, сауда-саттық жүйесі және сауда-саттыққа қатысушының меншікті жүйелері арқылы өтімдер беруге мүмкіндік береді.

Инвестициялау сауатты тәсілді талап етеді және KASE ол үшін барлық қажетті құралдарды, өтімдер кітабын өздігінен қалыптастырудың заманауи технологияларымен қалыптастырылған және нақты құрылған инфрақұрылымды ұсынады, бұл инвесторлардың көбірек санын қамтуға мүмкіндік береді.

"ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" АҚ жай акцияларының IPO қорытындысы бойынша KASE сауда-саттық жүйесінде оларға жазылу арқылы 137,5 млрд теңге тартылды, бұл осы IPO аясында инвесторлардың қанағаттандырылған өтімдерінің жалпы көлемінің 89 %-ын құрайды. KASE-де ҚМГ-ның жай акцияларына жазылу барысында инвесторлардан жалпы сомасы 141,8 млрд теңгеге 121 770 өтім келіп түсті. "Самұрық-Қазына" ҰАҚ АҚ тұлғасында сатушы акционер KASE-де 137,5 млрд теңге көлемінде 121 770 өтімді қанағаттандыру туралы шешім қабылдады. Бұл ретте жеке және заңды тұлғалар берген барлық белсенді өтімдер

Омнибус есеп-шоттарын пайдалана отырып сауда-саттық жасау

Сауда-саттықты омнибус есеп-шоттарының көмегімен жүзеге асыру мүмкіндігі нарық қатысушыларында 2021 жылдың шілдесінде пайда болды. 2022 жылдың соңына қарай орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған 963 мың есеп-шоттың 413 мыңы (42,9 %) омнибус есеп-шоттарына тиесілі болды.

Омнибус есеп-шоттарының танымалдығының күрт өсуі онымен жұмыс істеу Орталық депозитарийдің депоненттері үшін бағалы қағаздар бойынша есеп айырысу мен есепке алуды арзан, оңай және тезірек жасайды, сондай-ақ олардың санын ұлғайта отырып, бөлшек инвесторлардың биржалық сауда-саттығын ынталандырады.

Қазақстан қор биржасында 2022 жылы омнибус есеп-шоттарын пайдалана отырып қайталама нарық сауда-саттығының брутто-көлемі 143,0 млрд теңгені құрады. Қор нарығындағы сауданы қор санаты бойынша KASE мүшелері, атап айтқанда Freedom Finance Global PLC, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ, "ЦентрКредит Банкі" АҚ және "First Heartland Jusan Invest" АҚ омнибус есеп-шоттарын пайдалана отырып белсенді пайдаланады. Аталған қатысушылардың омнибус есеп-шоттарынан барлығы 31 мың бірегей кодты пайдалана отырып, 157 мыңнан астам мәміле жасалды.

Бағалы қағаздар бойынша омнибус есеп-шоттарын пайдалана отырып сауда-саттықтың ең көп көлемі борыштық бағалы қағаздарға тиесілі болды – 79,8 млрд теңге немесе сауда-саттықтың жалпы көлемінің 55,8 %. Акциялар нарығында омнибус есеп-шоттарын пайдалана отырып сауда-саттық көлемі 62,6 млрд теңгені, KASE Global секторында – 0,4 млрд теңгені, МБҚ нарығында – 0,1 млрд теңгені құрады. Шағын көлемдер депозитарлық қолхаттармен, инвестициялық қорлар мен халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарымен мәмілелерге де тиесілі.



толық көлемде қанағаттандырылды, институционалдық инвесторлардың өтімдері ішінара қанағаттандырылды. Орналастыру нәтижелері бойынша жеке тұлғалардың есеп-шоттарына 70,1 млрд теңге (KASE-ге орналастыру көлемінің 51,0 %), заңды тұлғалардың есеп-шоттарына – 12,1 млрд теңге (орналастыру көлемінің 8,8 %) сомасына бағалы қағаздар түсті, институционалдық инвесторлар берген қанағаттандырылған өтімдер көлемі 55,3 млрд теңгені (орналастыру көлемінің 40,2 %) құрады.

ҚМГ акцияларын орналастыру жергілікті инвесторлардан тартылған инвестициялар сомасы және қатысқан инвесторлардың саны бойынша Қазақстан Республикасында рекордтық орын алды. Мысалы, "Халықтық IPO" бағдарламасы аясында 2012 жылы "ҚазТрансОйл" АҚ акцияларын орналастыру кезінде тарту көлемі 27,9 млрд теңгені, 2014 жылы "KEGOC" АҚ акцияларын орналастыру кезінде – 13,1 млрд теңгені құрады.

2022 жылдың 08 желтоқсанында бір мезгілде KASE және AIX алаңдарында өзара трансляция тәртібінде қайталама нарықта ҚМГ акцияларының сауда-саттығының салтанатты ашылу рәсімі өткізілді. Рәсімге Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Әлихан Смайылов, "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ Басқарма Төрағасы Алмасадам Сәтқалиев, АХҚО Басқарушысы Қайрат Келімбетов, KASE, AIX және ҚМГ басшылары, сондай-ақ реттеуші органдар мен қаржы ұйымдарының өкілдері қатысты.

ҚМГ IPO инвесторлар мен инвестициялардың ең көп санын аллоциялауға және сауда қатысушыларына сауданың заманауи әдістерін ұсынуға қабілетті KASE-нің мәртебесін кезекті рет растады – тек KASE сауда-саттық жүйесінде ғана IPO аясындағы мәмілелерге KASE орталық контрагенті кепілдік берді.

Қайталама сауда-саттық ашылған сәттен бастап инвесторлар ҚМГ бағалы қағаздарына инвестициялар үшін KASE құралдарының барлық спектрін – орталық контрагенттен орындау кепілдігімен кейінге қалдырылған есеп айырысулармен және ішінара қамтамасыз етумен мәмілелер жасау мүмкіндігін және осы бағалы қағаздарды басқа құралдармен мәмілелерді жоғары дәрежелі қамтамасыз ету ретінде пайдалану мүмкіндігін, репо нарығына және клирингтік қатысу сертификаттарын қамтамасыз ету пулына қол жеткізу мүмкіндігін алды.

2023 жылдың 03 ақпанынан бастап "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" АҚ жай акциялары KASE индексіне есептеу үшін акциялардың өкілдік тізіміне енгізілді


Облигацияларды жеке орналастыруға арналған алаң

2021 жылдың 01 шілдесінен бастап Биржа облигация эмитенттері үшін жаңа өнім – жеке орналастыруды енгізді. Жеке орналастыру үшін Биржаның ресми тізімінің құрылымында жеке алаң құрылды. Жеке орналастыру білікті инвесторлардың шектеулі тобы арасында мемлекеттік емес облигацияларды жария емес орналастыру болып табылады. Мұндай бағалы қағаздарды шығару шарттары жеке меморандуммен анықталады, оны тіркегеннен кейін эмитент KASE-де листинг процедурасынан өте алады.

KASE ресми тізімінің "Жеке орналастыру" алаңына жіберілетін бағалы қағаздар листингінің және орналастырудың ерекшеліктері бағалы қағаздарға және олардың эмитенттеріне қойылатын минималды листингілік талаптар, қысқартылған құжаттар топтамасы, листингілік процедураның қысқартылған мерзімі (жеті жұмыс күні), төмендетілген листингілік алымдар болып табылады, сондай-ақ қаржылық кеңесшінің болуы міндетті емес.

Облигацияларды жеке орналастыру кезінде орналастыру жазылу әдісімен жүргізіледі, бұл ретте: инвесторлардың максималды саны 50-ден аспауы тиіс, өтінімнің минималды көлемі 100 мың теңгені құрайды.

2022 жылы "Жеке орналастыру" алаңына 11 эмитенттің 14 шығарылымы енгізілді. 2023 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша аталған алаңда облигациялар шығарылымының жалпы көлемі 1,5 трлн теңгені құрады, оның 1,4 трлн теңгесі орналастырылды.



KASE Global

2021 жылдың 15 қарашасында сауда үшін қолжетімді қаржы құралдарының спектрін кеңейту мақсатында Биржа KASE Global жаңа секторын іске қосты, онда сауда-саттыққа шетелдік алаңдарда айналысқа түсетін неғұрлым өтімді шетелдік акциялар жіберіледі.

Бірінші кезеңде жаңа сектордағы сауда-саттыққа Нью-Йорк қор биржасының негізгі алаңында – NYSE Equity және NASDAQ биржасының – NASDAQ Global Select алаңында листингтен өткен және/немесе Standard & Poor's 500 және NASDAQ 100 биржалық индекстеріне кіретін акциялар мен ETF жіберілді. Екінші кезеңде жаңа сектордағы сауда-саттыққа Euronext Paris, Euronext Amsterdam алаңында листингтен өткен немесе Euronext 100 индекстерінің тізімінде тұрған акциялар мен ETF жіберілді.

KASE Global секторындағы сауда-саттық 11:20-дан 22:00-ге дейін (Астана қаласының уақыты бойынша) АҚШ долларымен ОК қатысуымен T+2 шартымен өткізіледі. Нарық өтімділігінің артуына қарай сауда-саттықты өткізу уақытының ұлғаюы қаралатын болады. KASE Global-дағы листинг процедурасы жеңілдетілді, сондай-ақ жаңа сектор эмитенттері үшін қағаздарды тізімдерге енгізу және қолдау тарифтері алынып тасталды. Жаңа секторда сауда-саттыққа қатысушыларға қысқа сату мен репо операцияларын жүзеге асыру мүмкіндігі берілген. Дивидендтерді төлеу уақытында дивидендтерді беру кезінде салықтық салдарларды болдырмау үшін қысқа сатулар мен репо операцияларын жүргізу тоқтатыла тұратын болады.

KASE GLOBAL шетелдік акциялар секторы жұмысының алғашқы толыққанды жылы әлемдік қор нарығы тарихындағы ең ірі түзетулердің біріне тап болды. 2022 жылдың қорытындысы бойынша KASE Global алаңындағы бағалы қағаздардың негізгі үлесін құрайтын Standard & Poor's 500 индексі 19,44 %-ға төмендеп, 2008 жылдан бергі ең нашар нәтижені тіркеді. Сыртқы жағымсыз ахуалға қарамастан, сектор жақсы нәтижелер мен KASE алаңында шетелдік акцияларды сатуға халықтың жоғары қызығушылығын көрсетті.

2022 жылдың желтоқсанының соңындағы жағдай бойынша KASE секторында шетелдік эмитенттердің 46 акциясы мен 6 ETF болды. Оның ішінде өтімділіктің бірінші класының тізіміне 10 акция мен 2 ETF енді. KASE Global секторындағы бағалы қағаздармен 2022 жылы жалпы сомасы 28 млрд теңгеге 25,8 мыңнан астам мәміле жасалды.

2-ші Стратегиялық бағыт. Негізгі инфрақұрылымдық элемент ретінде ОК дамыту

KASE базасында: қор, ақша және мерзімді нарықтарда орталық контрагент институты енгізілді және тиімді жұмыс істеуде. KASE барлық биржалық нарықтарында орталық контрагенттің қызметін іске қосу және дамыту қатысушылардың несиелік тәуекелін төмендетуді, мәмілелер бойынша есеп айырысулардың аяқталуына кепілдік беруді, қатысушылардың транзакциялық шығындарын кроссмаржалау және неттинг есебінен қысқартуды қамтамасыз етеді.

Жаңа стратегияда көрсетілген келесі кезең оның қызметтерін үздік халықаралық тәжірибелер мен стандарттарға сәйкес келтіру, оның функционалын жеке еншілес ұйымға бөлу, тәуекел-менеджмент жүйесін, бизнес-процестерді құру, халықаралық тануды алу болып табылады.

2022 жылы орталық контрагенттің функционалын жеке ұйымға бөлу бойынша жұмыс басталды. Биржаның Директорлар кеңесінің шешімімен Биржаның 100 % еншілес компаниясы "eTrade.kz" ЖШС-ін қайта ұйымдастыру арқылы "KASE клирингілік орталығы" АҚ құру туралы шешім қабылданды.

2022 жылдың 21 маусымында "KASE клирингілік орталығы" АҚ заңды тұлға ретінде тіркелді.

KASE Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 30 қарашасындағы шешімімен ККО директорлар кеңесінің құрамы анықталды: А.Ө. Алдамберген, Ж.Н. Саржаков, М.Ж. Ташметов (тәуелсіз директор).

2022 жылдың 23 желтоқсанында ККО Директорлар кеңесі А.Ө. Алдамбергенді Төраға ретінде сайлады. ККО ДК төрағасы болмаған жағдайда оны алмастыруға құқығы бар тұлға болып – Ж.Н. Саржаков сайланды.

ККО Басқармасы үш жыл өкілеттік мерзімімен (2023 жылдың 04 қаңтарынан бастап) мынадай құрамда сайланды:

- » И.М. Сабитов – Басқарма Төрағасы;
- » А.В. Ли – Басқарма Төрағасының орынбасары;
- » Е.С. Сыздықов – Басқарма Төрағасының орынбасары.

НКБК корпоративтік хатшысы лауазымына В.Т. Юн бір жыл мерзімге сайланды.



2023 жылы клирингілік қызметке және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензия алу, қызметкерлерді ауыстыру және активтерді беру, ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу және бекіту жоспарлануда. Өз бетінше ұйым ретінде ККО жұмысын бастау 2023 жылдың үшінші тоқсанына жоспарланған.

Бұдан басқа, Биржа ең үздік халықаралық тәжірибелерге сәйкес тәуекел-менеджментін жетілдіру, халықаралық ОК және депозитарийлермен байланыс орнату, ОК корреспонденттік желісін дамыту, халықаралық мойындауға ие болу жөніндегі жұмыстарды жоспарлап отыр.

3-ші Стратегиялық бағыт. Инновацияларды енгізу және технологиялық жаңғырту

Жоғары технологиялық сауда-саттық алаңы ретінде Биржа үшін үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкес озық технологиялық шешімдерді енгізу ерекше маңызға ие. Жаңа Стратегия шеңберінде ақпараттық технологиялар мен ақпараттық қауіпсіздікті халықаралық стандарттарға сәйкестендіру, IT-инфрақұрылымның жоғары істен шығуға төзімділігіне қол жеткізуді қамтамасыз ету, сауда-саттыққа қатысушылардың мінез-құлқын қадағалауды жүзеге асыруда озық технологияларды қолдану жалғасуда.

Блокчейн технологиясы мен басқа да перспективалы цифрлық технологиялар негізінде пилоттық жобаларды іске асыру жоспарлануда. Ішкі инфрақұрылымды жаңғырту қазіргі заманғы java-платформада микросервистік архитектураны пайдалана отырып, жаңа бэк-офистік жүйені енгізу есебінен жүзеге асырылатын болады.

IT-өнімдерді дамыту аясында жаңа market data өнімдерін енгізу жоспарлануда. Жеке корпоративтік жазылушыларға (оның ішінде NDU, туынды ақпарат, ақпаратқа кастомизирленген қолжетімділік) баса назар аударылады.

Цифрлық қаржы құралдарын енгізу жөніндегі пилоттық жобалар

Бүгінде криптовалюталар бүкіл әлем бойынша танымал болып келеді. Бірқатар елдердің қор нарықтарында криптовалюталар базасындағы туынды қаржы құралдары белсенді саудалануда.

Қазақстандық инвесторлар да криптоактивтерге деген сұраныстың жаһандық өсуінен тыс қалмайды және цифрлық құралдарға инвестициялауға қызығушылық танытуда.

2022 жылы АХҚО базасында Қазақстан банктері мен АХҚО лицензияланған криптобиржалар арасында жаңа пилоттық жоба ресми түрде іске қосылды. Тіркелген криптобиржалар тек қана криптовалюта нарығымен айналысатын болады.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, көптеген дәстүрлі қор және тауар биржалары сандық қаржы құралдарын, базалық активтері криптовалюталар мен олардың құнына

индекстер, цифрлық валюталармен есеп айырысулар және басқалар болып табылатын құралдарды енгізуде. Биткоин және эфириум базасындағы ETF Торонто қор биржасында саудаланады, АҚШ-та NYSE алаңында да криптовалютаға байланыстырылған ETF саудаланады. Швецияда NASDAQ Nordic алаңында швед кронымен сатылатын биткоинге биржалық нотасы (ETN) бар. Криптовалюталарға Швейцария қор биржасында деривативтер саудасы үшін базалық құрал ретінде рұқсат етілген. 2022 жылы Болгар қор биржасы BSE International биткоин мен эфирге биржалық индекстік ноталар (ETN) саудасының іске қосылғаны туралы хабарлады.

Биржа сондай-ақ нарықтың қажеттіліктеріне жауап береді және жаңа өнімдерді, оның ішінде блокчейн технологияларын пайдалана отырып енгізуді қарастырады. Бірінші кезеңде мерзімді нарықты дәріптеу, ықтимал инвесторларды деривативтер нарығына және туынды бағалы қағаздар нарығына тарту мақсатында құралдар желісін кеңейту мүмкіндігі қарастырылады.

Атап айтқанда, Биржа базалық активі Нью-Йорк қор биржасында саудаланатын құралдар үлгісіндегі криптовалюта индексі (биткойн немесе эфириум) немесе NASDAQ немесе XETRA биржаларында сатылатын криптовалютаға арналған ETF болып табылатын фьючерстік келісімшарттармен сауда-саттықты іске қосу мүмкіндігін зерделейді.

Болашақта бизнестің осы бағытын жеке ұйымға бөлудің одан әрі перспективасымен блокчейн технологиясы негізінде токенделген бағалы қағаздарды немесе басқа да перспективалы өнімдерді шығару жөніндегі пилоттық жобаны іске қосу мәселесі пысықталатын болады.

Қазіргі кезде цифрлық активтердің шығарылуы мен айналымы тек қана АХҚО аумағында заң жүзінде шешілгенін назарға ала отырып, Биржа құны цифрлық активтердің құнына байланысты деривативтермен сауда-саттықты ұйымдастыру, сондай-ақ KASE алаңында блокчейн технологиясы негізінде цифрлық өнімдерді шығару және олардың айналымы экожүйесін құру жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру үшін "реттегіш құмсалғышты" іске қосу мүмкіндігі бөлігінде уәкілетті органмен мәселені зерделейді және пысықтайды.

Scila Surveillance қадағалау жүйесін енгізу

2022 жылдың 29 шілдесінен бастап Биржа алаңында Scila Surveillance™ жаңа қадағалау жүйесі сәтті пайдалануға берілді.

Scila Surveillance™ қадағалау жүйесін енгізу – бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасауға, инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалануға және өзге де жосықсыз практикаларға қарсы іс-қимыл мақсатында Биржа жүргізетін сауда-саттықты қадағалау жөніндегі процестерді автоматтандыру үшін Scila AB (Швеция) компаниясының икемді шешімі. Бұл шешім 20-дан астам елден 50-ден астам клиенттер үшін, оның ішінде, осындай жағдайлардың нақты уақыт тәртібінде туындағаны туралы хабарлама деңгейінде, сондай-ақ белгіленген жосықсыз практикалар бойынша тұсаукесер дәлелдер базасын алу деңгейінде биржалық нарықта жосықсыз мінез-құлқтың әртүрлі түрлерін анықтау, алдын алу және болдырмау мүмкіндігіне ие болуға ұмтылатын жетекші әлемдік биржалар, реттеушілер мен сауда-саттыққа қатысушылар үшін жоғары технологиялық шешім болып табылады.

Бұл жүйенің принципті артықшылығы оның халықаралық сауда ортасының қазіргі заманғы практикаларына, сондай-ақ тез өзгеретін нормативтік-құқықтық базаның талаптарына сәйкестігі болып табылады, бұл Биржаның жергілікті нарықты олардың бастапқы пайда болу кезеңінде де әртүрлі жосықсыз практикалардан қорғаудың сапалы жаңа деңгейіне шығуын білдіреді.

Жүйені ағымдағы кастомизациялау бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасауға қарсы тұру саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының барлық жаңа талаптарына жауап беретінін айта кету керек, дегенмен Биржа жергілікті және халықаралық инвесторлар тарапынан нарыққа деген сенімді нығайту үшін әлемдік стандарттарға сәйкес келетін озық технологияларға ие болу үшін жүйені барынша жақсартуға және дамытуға ниетті.



4-ші Стратегиялық бағыт. Стейкхолдерлер үшін құндылықты арттыру



Биржа қаржы нарығының маңызды құрылымдық элементі ретінде өз стейкхолдерлері үшін құндылықты арттыру жөнінде күш-жігер жұмсауды жалғастыруда. Атап айтқанда, жаңа Стратегия шеңберінде корпоративтік басқару деңгейін арттыру, басқару есеп берушілігін жетілдіру, олардың маржиналдылығын ескере отырып, жобаларды бағалаудың жаңа тәсілдерін қолдану бойынша жұмыстар жүргізілуде, сондай-ақ дивидендтік саясатқа жаңа тәсілдер енгізілді.

Бұл іс-шаралар KASE-нің тұрақты дамуына және оның инвестициялық тартымдылығын арттыруға, Биржаның стратегиялық және бәсекелестік артықшылықтарын күшейтуге ықпал ететін болады.

Дивидендтік саясатқа жаңа тәсілдерді енгізу

Биржа акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының 2023 жылдың 10 ақпанындағы шешімімен Биржаның жаңа Дивидендтік саясаты бекітілді. Дивидендтерді төлеудің жаңа тәсілдері орталық контрагент функцияларын орындайтын ұйымдар үшін капитал мен активтердің жеткіліктілігінің халықаралық стандарттарын, шетелдік биржалар мен орталық контрагенттердің дивидендтерін төлеу тәсілдерін,

орталық контрагенттің есеп айырысу-клирингтік функционалын және жекелеген ұйымға функционалын алдағы уақытта бөлуге байланысты Биржаның қаржылық моделінің өзгеруін ескереді.

Атап айтқанда, Дивидендтік саясаттың жаңа редакциясында Биржаның ағымдағы және күрделі шығындарын жабу үшін Биржаның өтімді активтері мөлшерінің жеткіліктілігі нормасының сақталуын, сондай-ақ орталық контрагент Биржада жұмыс істеген кезде немесе оны жеке заңды тұлғаға – Биржаның еншілес ұйымына бөлген кезде оның сақтық қорларының жеткіліктілігін ескеретін дивидендтік төлемдер нормаларын есептеу шарттары мен формуласы көзделген.

Дивидендтер төлеу тәсілдерін әзірлеу кезінде EMIR¹ орталық контрагенттің тәуекелдерді басқарудың халықаралық стандарттары ескерілді, оған сәйкес орталық контрагенттің капиталы ерекше қаржы ресурстарымен жабылмайтын міндеттемелер мен тәуекелдерге қарсы оның барабар капиталдандырылуын қамтамасыз ету үшін кез келген уақытта оның қызметіне байланысты тәуекелге барабар болуы тиіс, сондай-ақ қажет болған жағдайда өз қызметін дәйекті таратуды немесе қайта құрылымдауды жүргізуге мүмкіндік береді. Қосымша, сақтық қорды ұлғайту кезінде нарық серпіні мен макроэкономикалық параметрлерді негізге ала отырып, қатысушылардың сауда-саттық көлемінің күтілетін өсуі де ескеріледі.

Бұдан басқа, IOSCO² стандарттарына сәйкес меншікті капитал есебінен қаржыландырылатын таза өтімді активтер жалпы коммерциялық залалдарды жабуға қабілетті болуы және ағымдағы операциялық шығыстардың кемінде алты айын құрауы тиіс. Биржаның кірістерінің төмендеуіне немесе Биржаның сақтық қоры есебінен, оның ішінде орталық контрагент ретінде өтелуге тиіс нарықтық тәуекелдердің өсуіне әсер етуі мүмкін нарықтардың жоғары құбылмалылығын ескере отырып, Дивидендтік саясат шарттарында Биржаның 36 айлық ағымдағы күрделі және операциялық шығыстарын жабуы қамтамасыз ететін мөлшерде Биржаның таза өтімді активтерін сақтау көзделген.

1. REGULATION (EU) No 648/2012 OF THE EUROPEAN PARLIAMENT AND OF THE COUNCIL of 4 July 2012 on OTC derivatives, central counterparties and trade repositories

2. Public quantitative disclosure standards for central counterparties, IOSCO



Жобалардың маржиналдығын ескере отырып, оларды бағалаудың жаңа тәсілдерін қолдану

Биржаны дамыту мақсаттарына сапалы және тиімді қол жеткізуді қамтамасыз ету, жобаларды іске асыру мақсатында 2022 жылы Жобаларды жоспарлау мен басқарудың жаңа ережелері қабылданды. Ережелердің негізгі міндеті Биржаның қызметін жоспарлау, оны дамыту және биржалық қызметтің озық практикаларын енгізу тәсілдерін анықтау болып табылады. Ережелерде Биржаның даму стратегиясын, сондай-ақ стратегиялық мақсаттар мен басқа да жобаларға қол жеткізу шеңберінде енгізілетін жобаларды әзірлеу және іске асыруды бақылау тәртібі белгіленген.

Биржа жобаларының мақсаттарын қою мақсаттар нақты, өлшенетін, нақты уақыт кезеңінде қол жеткізілетін болуы тиіс деп болжайтын SMART тәсілге негізделеді.

Жобаны іске асыру процесінде бақылаудың негізгі құралы жобаны іске асырудың алдын ала белгіленген белгілі бір сәттерінде жобаны кешенді бағалаудан тұратын бақылау нүктелерінің принципі болып табылады. Сонымен қатар, жоба кезеңдерінен өту мерзімдерін, адам және материал ресурстарының жеткіліктілігін, жобаның мақсаттарына қол жеткізуді бағалау жүзеге асырылады.

Даму стратегиясына енгізу жоспарланған Биржаның әрбір жобасы бойынша сандық және сапалық KPIs (тиімділіктің түйінді көрсеткіштерін) пайдалану негізінде жобаның тиімділігін өлшеуге және бағалауға арналған көрсеткіштер жүйесін қамтитын скоркарт нысанындағы жоба паспорты жасалады.

Оқыту, консалтинг, нарықты ілгерілету

KASE барлық мүдделі тұлғалар арасында қаржылық қызметтерді тереңдетіп зерделеуге және қаржылық сауаттылықты арттыруға ерекше назар аударады. 2022 жылы Биржа эмитенттер мен инвесторлар, студенттер мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін оқыту бағдарламаларын ұйымдастыруды жалғастырды. KASE 2020-2021 жылдардағы тәжірибені пайдалана отырып, іс-шаралардың онлайн-форматын да, онлайн-форматын да тиімді қолданды. 2022 жылы Биржа өз конференцияларының, вебинарлары мен семинарларының басым бөлігін қашықтан өткізді.

Эмитент күні

KASE маңызды бастамаларының бірі – тұрақты түрде Эмитент күнін өткізу. Іс-шараның осы форматы нарыққа қатысушылар, листингтік компаниялар мен инвесторлар және өзге де мүдделі тұлғалар арасындағы коммуникацияларды нығайтуға арналған.

Биржа 2022 жыл бойы "Қазақтелеком" АҚ, "Қазтрансойл АҚ", "Кселл АҚ және "КЕГОК" АҚ сияқты ірі эмитенттеріне тұрақты түрде алаң берді. Осы кездесулер барысында компания басшылары есепті кезеңдегі операциялық және қаржылық көрсеткіштер туралы ақпарат беріп, іске асыру жоспарланған перспективалық жобалар туралы айтып берді. Осындай іс-шаралар Азия Даму Банкінің, "Арнур Кредит" МҚҰ ЖШС, "ОнлайнКазФинанс микроқаржы ұйымы" ЖШС-нің қатысуымен ұйымдастырылды.

Эмитенттерге арналған оқыту бағдарламалары

2022 жылдың сәуірде әлеуетті және қолданыстағы эмитенттер үшін "ESG ашуды ескере отырып жылдық есептерді дайындау тәжірибесі" деп аталатын вебинар шеңберінде сарапшылар ESG ашу бойынша талаптарды ескере отырып, жылдық есеп берушілікті дайындау кезеңдері және оларды бағалау критерийлері, GRI стандарттарындағы өзгерістер туралы, сондай-ақ жылдық есептердің дизайнерлік нұсқаларын рәсімдеу туралы айтып берді.

2022 жылдың маусымында Биржа кәсіпкерлерді "KASE-де қаржыландыруды тарту" оқыту бағдарламасына шақырды. Осы бағдарлама шеңберінде қор нарығында қаржыландыруды тарту құралдары және олардың артықшылықтары, компания капиталын басқару және компанияның даму сатысына қарай қаржыландыруды тарту тәсілдері, сондай-ақ қор нарығында бағалы қағаздарды орналастыруға дайындық кезеңдері сияқты тақырыптар жария етілді.

Осы кешенді бағдарлама шеңберінде:

- » "Қор нарығында қаржыландыруды тарту құралдары және олардың артықшылықтары" вебинарында Биржа бизнес үшін қор нарығының құралдары, олардың түрлері мен артықшылықтары, сондай-ақ шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік бағдарламалары туралы айтып берді;
- » "Компанияның капиталын басқару және компанияның даму сатысына байланысты қаржыландыруды тарту тәсілдері" вебинары шеңберінде Биржа талдаушылары капиталдың оңтайлы құрылымын таңдаудың халықаралық және жергілікті тәжірибелері, микро-және макро-факторлардың капиталдың оңтайлы құрылымынан ауытқуына әсері туралы, сондай-ақ қаржыландырудың әділ мөлшерлемесін өз бетінше қалай есептеуге болатыны туралы айтып берді;
- » үшінші "Бағалы қағаздарды қор нарығында орналастыруға дайындық кезеңдері" вебинары шеңберінде спикерлер корпоративтік басқару, құжаттар мазмұны және қаржылық есеп берушілік бөлігінде әлеуетті эмитенттерге қойылатын талаптар туралы, листингтің процедуралары мен кезеңдері туралы, сондай-ақ бағалы қағаздардың айналысы кезеңінде ақпаратты ашу бойынша талаптар туралы айтып берді.



2022 жылдың тамызында KASE листингтік компаниялар үшін "Корпоративтік басқарудағы ESG" тақырыбында оқыту вебинарын өткізді. Сарапшылар ESG принциптерін қолдану тәжірибесі, ESG-мен байланысты корпоративтік тәуекелдер және корпоративтік стратегия негізіндегі орнықтылық туралы айтып берді.

IFC-мен, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен, Climate Bond Initiative (бұдан әрі – CBI) ынтымақтастық шеңберінде "Жасыл/әлеуметтік/тұрақты облигациялар шығару процесіне терең бойлау" вебинары өткізілді.

Оқу аяқталғаннан кейін перспективалы компаниялар KASE-де ESG-облигацияларды тегін шығаруға дайындық үшін IFC-мен жеке келісім жасасу мүмкіндігіне ие болды.

Бағдарламаға қатысушылар "жасыл", "әлеуметтік" және "тұрақты" облигацияларды (GSS) шығару процесі туралы, құрылымның дайындығы, талаптары мен мазмұнын қоса алғанда, шығарылым кезеңдерінің әрқайсысы туралы, сондай-ақ "жасыл", "әлеуметтік" және "тұрақты" облигацияларды (GSS) шығару үшін түсімді пайдалану және басқалары туралы білді. Сондай-ақ, спикерлер процеске тартылған субъектілер, олардың рөлдері мен міндеттері туралы айтып, табысты мысалдармен, шығару процесінде кейбір түйінді іс-әрекеттерді практикалық зерделеуге бағытталған тақырыптық зерттеулер мен жаттығулармен таныстырды.

2022 жылдың тамызында листингтік компанияларға арналған "Корпоративтік басқарудағы ESG" тақырыбындағы вебинарда сарапшылар ESG принциптерін қолдану тәжірибесі, ESG-мен байланысты корпоративтік тәуекелдер және корпоративтік стратегияның негізі ретіндегі орнықтылық туралы айтып берді.

Инвесторларға арналған оқыту іс-шаралары

Биржа жыл сайын халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған іс-шараларды өткізу үшін елеулі ресурстар бөледі, өйткені бұл қор нарығын дамытуға және халықтың инвестициялауға тартылуына ықпал етеді. Осы мақсатта 2022 жылы бірқатар аралуан ауқымдағы жобалар ұйымдастырылды.

Бұл бастаманың жарқын мысалдарының бірі KASE-нің жыл сайынғы "Биржалық симулятор" конкурсы болып табылады. Жобаны Биржа студент жастар арасында қаржылық сауаттылықты арттыру аясында жүзеге асыруда. 2022 жылы конкурс "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ IPO және Алматы, Астана қалаларында, Қазақстан Республикасының өңірлерінде қазақстандық брокерлердің "KASE FEST" жәрмеңкелері шеңберінде өткізілді. Барлығы Қазақстанның 100-ден астам жоғары оқу орнынан жобаға қатысушы 4 789 студент тіркелді. Конкурс қорытындысы бойынша 5 ЖОО-ның 10 жеңімпазы анықталды.

Балалар мен жастардың қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған Global Money Week жаһандық жобасы аясында Биржа "Инвестициялық сауаттылық негіздері", "Pro IPO: не білу керек және қалай қатысуға болады", "Бағалы қағаздарды салықтық декларациялау" вебинарларын және бүкіл Қазақстанға онлайн-хабар таратумен "Бизнес үшін қор нарығының құралдары" офлайн-кездесуін өткізді. Іс-шараларға 1 200-ден астам адам қатысты.

2022 жылдың маусымында KASE "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" АҚ-мен (ҚТЖ) бірлесіп "Road Show" жобасы шеңберінде теңгелік облигацияларды орналастыру алдында әлеуетті инвесторлар үшін онлайн-таныстыру өткізді.

Биржа ҚазМұнайГаз IPO-на дайындық аясында инвесторлар үшін бірқатар іс-шаралар өткізді:

- » "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ ұйымдастырған ақпараттық-түсіндіру кездесулеріне IPO дегеніміз не және ірі ұлттық компанияның инвесторы болудың жолдары туралы ақпаратпен қатысу;
- » "Business FM" радиостанциясында қазақ және орыс тілдерінде IPO туралы KASE-нің ақпараттық подкасттарын іске қосу, онда IPO не екенін және оның компанияға не үшін қажет екендігі, инвесторларға неліктен қызықты екендігі, брокерді қалай таңдау керектігі айтылды;

- » KASE әлеуметтік желілерінің өз беттерінде IPO туралы роликтерді іске қосу.

Халықтың қор нарығының құралдары туралы хабардар болуын арттыру мақсатында KASE мынадай оқыту бағдарламалары мен вебинарларын өткізді:

- » "Қор нарығы: ісін жаңа бастаған инвесторға жадынама" вебинары;
- » Брокерлік ұйымдармен ынтымақтастықта "Бағалы қағаздар нарығына кіріспе", "Акцияларды таңдау", "Облигацияларды таңдау", "Инвестициялық қорларды таңдау (ПИҚ және ETF)", "Инвестициялық портфельді құру", "Алғашқы бағалы қағаздарды сатып аламыз" тақырыптарында "Менің KASE-дегі портфелім" оқыту бағдарламасы.

Сондай-ақ, Биржа Алматы мен Астана қалаларының жетекші жоғары оқу орындарында қазақстандық брокерлердің "KASE FEST" жәрмеңкесін өткізді. Іс-шаралар Дүниежүзілік қор биржалары федерациясының (WFE) World Investor Week 2022 жыл сайынғы бағдарламасын қолдау мақсатында ұйымдастырылды. Негізгі мақсат – қазақстан қор нарығындағы сауда-саттықты насихаттау, сондай-ақ Қазақстанның ұлттық компанияларының IPO-ға дайындық кезінде әлеуетті инвесторлардың қаржылық сауаттылық деңгейін арттыру.



PR-іс-шаралары

Биржа бұқаралық ақпарат құралдарымен белсенді және тиімді өзара іс-қимыл Биржаның барлық әріптестерімен және мүдделі тараптарымен ақпараттық алмасуды жүзеге асыруға мүмкіндік беретінін және қолайлы инвестициялық ахуал құруға ықпал ететінін мойындайды. Жыл сайынғы негізде Биржа биржалық нарықтағы жағдай және онда саудаланатын қаржы құралдары, Биржаның бастамалары, сондай-ақ әлемдік нарықтардағы трендтер туралы ақпаратты ашуға бағытталған іс-шараларды жүргізеді.

БҰҰ-ның "Тұрақты Қор Биржалары" (Sustainable Stock Exchanges Initiative) бастамасын іске асыру шеңберінде 2022 жылы Биржа бесінші рет Ring the Bell for Gender Equality сауда-саттығының ашылу рәсімін, сондай-ақ "Гендерлік инклюзивтілік және тұрақты даму" атты конференция өткізді.

KASE FEAS мүшелеріне арналған "FEAS on-site training" оқыту тренингін өткізді. Бұл қор нарығы мамандарының тоғызыншы кездесуі болды, оның аясында KASE қызметкерлері әріптестерін Биржаның қызметімен және оның қызметтерімен таныстырды. KASE Talks алаңындағы дәрістер циклі соңғы кездері Биржаның ең танымал ақпараттық жобаларының біріне айналды. 2022 жылы жеті тікелей эфир өтті, оның спикерлері қаржы нарығының кәсіпқойлары болды, онда бағалы қағаздар нарығын дамытуға, тұтастай алғанда қаржы секторын қаржыландыру құралдарына қатысты түрлі мәселелер талқыланды.

KASE биржалық нарығының қызметі туралы хабардар болуды арттыру, сондай-ақ қор нарығының уақиғаларын жариялау мақсатында Биржа "Business FM" радиостанциясында "KASE биржалық жаңалықтары" жаңалықтар хабарын шығаруды жалғастырды.

KASE брендин ілгерілету үшін Биржа әлеуметтік желілерде: LinkedIn, Facebook, Instagram, Telegram желілерінде цифрлық контент өндіруді тұрақты түрде жалғастыруда.

KASE-нің қолдауымен CFO IDEA EXCHANGE & NETWORKING SUMMIT 2022 қаржы нарығы топ-менеджерлерінің IX жыл сайынғы саммиті өтті, оның барысында KASE Басқарма Төрағасының орынбасары Наталья Хорошевская "ESG биржалық күн тәртібі және тұрақты қаржыландыру" тақырыбында сөз сөйледі.

Тұрақты даму принциптерін енгізу

Қазақстан Республикасы қор нарығының инфрақұрылымдық ұйымы ретінде Биржаның миссиясы отандық эмитенттердің қаржыландыруды тартуы үшін құралдардың кең ауқымын қамтамасыз ету, қаржы жүйесінде өтімділікті қайта бөлу үшін платформаны қамтамасыз ету және жергілікті және шетелдік инвесторлар үшін ашық инвестициялық орта ұсыну арқылы Қазақстан Республикасының экономикалық өсуіне жәрдемдесу болып табылады.

Биржа өз қызметі шеңберінде Биржаның Корпоративтік басқару кодексінде және Биржаның басқа да ішкі құжаттарында бекітілген тұрақты дамудың мынадай принциптерін пайдаланады: ашықтық, есеп берушілік, ашықтық, әдепті мінез-құлық, мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау, заңдылық, адам құқықтарын сақтау, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, процедуралардың болуы.

Биржа өз қызметінде БҰҰ Жаһандық келісім-шартының мынадай қағидаттарын ұстанады:

1. адам құқықтарын қорғау саласында: Биржа халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді және құрметтейді; Биржа адам құқықтарының бұзылуына қатысы жоқтығын қамтамасыз етеді;
2. еңбек қатынастары саласында: Биржа мәжбүрлі және балалар еңбегін, еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жою саясатын қолдайды;
3. қоршаған ортаны қорғау саласында: Биржа экология мәселелерінде сақтық қағидатын ұстанады; Биржа қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамаларды қабылдайды; Биржа экологиялық қауіпсіз технологияларды дамытуды және таратуды қолдайды;
4. сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында Биржа қорқытып алу мен парақорлықты қоса алғанда, сыбайлас жемқорлықтың барлық нысандарына және басқа да құқыққа қарсы әрекеттерге төзбеушілік туралы мәлімдейді.

Тұрақты даму принциптерін енгізу – KASE-нің 2019–2021 жылдарға арналған Даму стратегиясы шеңберіндегі Биржа қызметінің стратегиялық бағыты. Оның Биржаның негізгі басымдықтары қатарында пайда болуы әлемдік биржалық индустрияның жалпы векторына сәйкес келіп қана қоймай, KASE-нің инвестициялық құнын арттыруға және оның серіктестері мен стейкхолдерлері тарапынан Биржаға сенімді арттыруға бағытталған міндеттер шеңберін біріктіруге мүмкіндік берді. Олардың қатарына тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит сапасын жақсарту, KASE қызметінің ашықтығын арттыру, бизнесті жүргізудің экологиялық тазалығы стандарттарын енгізу және әлеуметтік жауапкершілікті нығайту кірді.

Листингілік компаниялардың ESG ақпаратты ашуы

БҰҰ-ның "Тұрақты қор биржалары" бастамасына қосыла отырып, KASE қаржылық емес есеп берушіліктің, сондай-ақ тұрақты даму туралы есеп берушіліктің үздік тәжірибелерін қолдануды ілгерілетеді. Осы жұмыс шеңберінде KASE халықаралық қаржы институттарымен әріптестікте көрсетілген есеп берушілік бойынша әдістемелік ұсынымдарды қалыптастырады және ілгерілетеді, сондай-ақ листингілік компаниялар үшін ақпаратты ашу жөніндегі міндетті талаптарға, қаржылық емес есеп берушілікті және ESG критерийлері бойынша есеп берушілікті жасау жөніндегі нормаларға дәйекті түрде имплементациялайды. 2020 жылдың ақпанында KASE бағалы қағаздары Биржаның ресми тізімінің "Негізгі" санатында тұрған компаниялар үшін әлеуметтік жауапкершілік пен экологиялық тазалық бойынша ақпаратты қосымша ашуды қарастыра отырып, жылдық есептерге қойылатын талаптарды жаңартты. Биржаның бастамасы компаниялар үшін маңызды болды және тұрақтылық мәселелері бойынша сапалы есептер дайындау үшін қажетті әлеуметтік құруға мүмкіндік берді. 2020 жылдың қорытындысы бойынша ESG немесе оның негізгі элементтері ашылған жылдық есептерді 155 листингілік ұйымның 80-і ұсынды.

2021 жылы Биржа жеке құжатты – "Ақпаратты ашу ережелерін" бөлді, оған листингілік компаниялар үшін ақпаратты ашу бойынша негізгі талаптар кірді. Егер KASE бұған дейін негізгі сәттерді ғана ашуды талап етсе, енді тұрақты даму саласындағы ақпаратты, оның ішінде белгілі

бір кестелік ерекшеліктерді толық ашу басталды. Жалпы, экологиялық және әлеуметтік мәселелерге қатысты қызметтің негізгі көрсеткіштерінің тізімін қамтитын қосымшалар пайда болды. Сондай-ақ корпоративтік басқару жөніндегі қызметтің түйінді көрсеткіштерін бағалау және салалық ерекшеліктер бойынша басшылық сияқты маңызды элемент толығымен енгізілген.

2022 жылы Биржа Қазақстанда қаржылық емес есеп берушілікті дайындау тәжірибесін дамыту мақсатында жылдық есептер конкурсын өткізді. Конкурсты өткізу кезінде конкурсқа қатысуға өтінім берген Қазақстан Республикасының резиденттері – заңды тұлғалардың жылдық есептері мен тұрақты даму туралы есептерін бағалау жүргізілді. Осы конкурсты өткізу үшін Биржа конкурсқа қатысушылар есептерінің әртүрлі сипаттамаларын бағалауды ескеретін жылдық есептерді бағалау тәртібін әзірледі. Жиынтығында 150 критерий бағаланды. Конкурсқа қатысуға қаржы және қаржылық емес секторлар ұйымдарынан 27 өтінім келіп түсті. Конкурс қорытындысы бойынша жеңімпаздар анықталып, марапаттау рәсімі өткізілді.



ESG инфрақұрылымы

Биржа Қазақстанның корпоративтік нарығында ESG саясатының жүргізушісі бола отырып, өз алаңында "жасыл", әлеуметтік жобаларды қаржыландыру үшін мүмкіндіктер жасайды. Жаңа Стратегия шеңберінде эмитенттер үшін ақпаратты ашу стандарттарын дамыту жалғасуда, инвесторлар үшін ESG есеп берушілік платформасын әзірлеу және ESG индекстерін енгізу жоспарлануда, сондай-ақ Қазақстанның корпоративтік нарығында ESG принциптерін ілгерілету бойынша белсенді ағартушылық қызмет жүргізілуде.

Жасыл шығарылымдар

Қазақстанда тұрақты облигациялар нарығы 2020 жылы іске қосылды және осы сегментте тартылған қаражат сомасы жылдан жылға өсіп келеді. Егер KASE-ге 2020 жылы ESG облигациялар нарығында 14,0 млрд теңге тартылса, 2021 жылы 29,4 млрд теңге, ал 2022 жылы 33,6 млрд теңге тартылды.

Қазақстанда тұрақты облигациялар нарығының тарихы 2020 жылы 14,0 млрд теңгенің алғашқы "жасыл" облигацияларын шығарудан басталды: Азия даму банкі KASE-де 14,0 млрд теңгенің екі "жасыл" облигацияларын шығарды, орналастырудан түскен қаражат атмосфераға парниктік газдар шығарындыларын азайту жөніндегі жобаларды қаржыландыруға бағытталды.

2021 жылы Азия даму банкі гендерлік теңсіздікті азайтуға және әйелдер мен қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған жобаларды қаржыландыру үшін жылдық 10,15 %-бен он жыл мерзімге 8,4 млрд теңгеге "әлеуметтік" облигациялардың бірінші шығарылымын орналастырды. 2021 жылдың қыркүйегінде ДАМУ дамыту институты ШОБ, микроқаржы ұйымдарын, лизингтік компанияларды COVID-19 пандемиясы жағдайында қаржыландыруға жылдық 11,90 %-бен бес жыл мерзімге 1,0 млрд теңге тартты.

Сондай-ақ, 2021 жылы Қазақстанның ESG-нарығына "жасыл" шығарылымдармен жаңа қатысушы шықты. Еуразиялық даму банкі Қазақстан Республикасының аумағында Банктің жасыл жобаларын қаржыландыруға жылдық 10,50 %-бен үш жыл мерзімге 20,0 млрд теңге тартты.

2022 жылы, тарту мөлшерлемесінің өсуіне және жағдайдың тұрақсыздығына қарамастан, ESG-тартудың көлемі өсуді жалғастырды. Азия даму банкі әлеуметтік жобаларға қосымша 14,0 млрд теңге, сондай-ақ "жасыл" қаржыландыруға 3,4 млрд теңге тартты. Сондай-ақ, компанияның қажетті желілік инфрақұрылым құрылысына байланысты жобаларын іске асыруға "KEGOC" АҚ 16,1 млрд теңге тартты. Бұл TONIA + 3 % индикаторына байланысты құбылмалы купондық мөлшерлеменен шығарылған алғашқы әлеуметтік облигациялар.

ESG-іс-шаралары

Биржа тұрақты негізде ESG облигацияларын және ESG есеп берушілікті шығару бойынша және ESG бағытында корпоративтік басқару бойынша оқыту іс-шараларын, тренингтер мен вебинарларды өткізеді.

2022 жылы Биржа өзінің жұмыс істеп тұрған және әлеуетті клиенттері үшін ESG тақырыбында сегіз іс-шара (оқыту семинарлары, вебинарлар, дөңгелек үстелдер) ұйымдастырды. Биржа қызметкерлері басқа компаниялар ұйымдастырған осындай іс-шараларға да шақырылған спикерлер ретінде қатысты.

Корпоративтік нарықтағы маңызды уақиға 2022 жылдың 16 қарашасында Қазақстан қаржыгерлерінің X Конгресі шеңберінде Биржаның ҚҰРБ, ҚНРДА, ҚҚА, IFC, UNEP серіктестігімен ұйымдастырған "ESG – қаржы нарығын дамытудың жаңа парадигмасы" халықаралық конференциясы болды. Конференцияға 1 300-ден астам адам оффлайн және онлайн режимде қатысты, оның ішінде әлемнің 9 елінен 41 спикер сөз сөйледі. Пікірталас барысында тұрақты даму жобаларын қаржыландырудың жаһандық трендтері, ESG принциптері мен стандарттарын мемлекеттік саясат пен реттеуге енгізу, ақпаратты ашу стандарттарын құру мәселелері, жауапты инвестициялауды енгізу және қаржы нарығында ESG-ның басқа да көптеген аспектілері талқыланды.



Ақпараттық саясат

Ақпаратты тарату арналары ашылатын ақпаратқа еркін және ауыртпалықсыз қол жеткізуді қамтамасыз етуі тиіс.

Биржа ақпаратты ашу және тарату кезінде мынадай принциптерді ұстанады:

1. жүйелілік, бірізділік, жеделділік және уақтылылық;
2. Биржаның мүмкіндіктері мен құзыреті шеңберінде ақпаратты ашудың толықтығы;
3. бейтараптылық және объективтілік;
4. реттеушілер, әріптестер және мүдделі тұлғалар үшін Биржаның жария ақпаратына қол жеткізудің тең мүмкіндіктері мен қолжетімділігі;
5. Биржаның инсайдерлік ақпаратының құпиялылығын және пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз ету;
6. құпиялылықты сақтау: ақпараттың ашықтығы мен Биржаның коммерциялық ұйым ретіндегі мүдделерін сақтау арасында ақылға қонымды теңгерімнің болуы;
7. Биржаның әріптестерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес сауда-саттықты ұйымдастырушы ретінде Биржаға ұсынылатын олардың қызметіндегі өзгерістер туралы ақпаратқа құқықтарын сақтау.

Ақпараттық қызметтер

KASE қазіргі уақытта әлемдік биржалар жеткізетін стандартты ақпараттық өнімдердің толық спектрін енгізіп, жетілдіріп қана қоймай, сондай-ақ KASE ақпаратын өз қызметінде пайдаланатын бөлшек және корпоративтік тұтынушылардың қолайлылығы үшін деректерді таратудың жеке арналарын құрды және дамытты.

2022 жылы KASE ақпаратын тұтынушылар тобы сервистерінде оның ішінде сауда-саттық ақпараты мен KASE техникалық инфрақұрылымы пайдаланылатын Fusion Media Limited (Investing.com), Persefoni AI Inc, Factset, Interfax, "Ситибанк Қазақстан" АҚ, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ, "ВТБ" (Қазақстан) АҚ ЕҮ сияқты жазылушылармен және вендорлармен кеңейді. Нәтижесінде KASE ақпараттық қызметтеріне жазылған корпоративтік клиенттердің саны 30 компанияға жетті. KASE сауда ақпаратын таратушылар болып табылатын клиенттердің саны 22-ге жетті, оның ішінде Bloomberg, Refinitiv, сондай-ақ Citigroup Global Markets LTD секілді үш компания – әлемдік ауқымдағы қаржылық ақпаратты жеткізушілер KASE сауда ақпаратын 2022 жылдың соңына 200-ден астам соңғы жазылушылардың жиынтық аудиториясымен нақты уақыт тәртібінде таратады.

2021 жылдың соңында коммерцияландырылған Telegram қосымшасындағы @KASEInfoBot ботына ақылы жазылушылар саны 150-ге жетті, бот жазылушыларының жалпы саны 12 000-нан асты, бұл сервистің қажеттілігін растайды.

Нақты уақыт тәртібінде сауда ақпаратының кеңейтілген контентін алғанды жөн көретін пайдаланушылар Биржаның корпоративтік интернет-сайты арқылы KASE-дегі сауда-саттық барысын қадағалайды. 2022 жылдың соңында мұндай жазылушылардың саны 178-ді құрады.

KASE қаржылық ақпараттық ақпараттық өнімдер арқылы тарату жөніндегі қызметті одан әрі дамытуға ниетті. Мәселен, 2022 жылдың бірінші тоқсанында IRIS Finance ақпараттық платформасының браузерлік нұсқасы іске қосылды. KASE жоспарлары сондай-ақ мұрағаттық ақпарат пен басқа да өнімдерді алу бойынша сервисті дамытуды қамтиды, бұл ақырында пайдаланушылар үшін нарықты кеңінен талдау үшін жаңа мүмкіндіктер ашады.

KASE қызметтерінің сапасын бағалау

Биржа клиенттерінің қанағаттану деңгейін арттыру, биржалық сервистерді бағалауда жоғары позицияларды ұстап тұру және оларды жақсарту үшін жаңа жолдарды іздеу Биржаның негізгі басымдықтарының бірі болып табылады.

Жаңа жобаларды іске асыра отырып және Биржа мүшелері, листингтік компаниялар және басқа да қызмет алушылар үшін жаңа өнімдерді енгізе отырып, KASE сондай-ақ осы жобалар мен өнімдер бойынша кері байланыс алуға және биржалық қызмет алушылармен коммуникациялар құруға ұмтылады.

Биржа ұсынылатын қызметтердің сапасын бағалау бойынша клиенттермен тиімді коммуникация жүйесін құру мақсатында Биржаның клиенттеріне қызмет көрсету деңгейінің критерийлерін анықтау ережелерін (Биржа Басқармасының 2021 жылдың 05 қазанындағы № 105 шешімімен бекітілген) (SLA стандарттары) қабылдады, сондай-ақ әрбір қызметті алу қорытындысы бойынша клиенттерден кері байланыс алу үшін ақпараттық жүйе (web-қосымша) әзірленді. Жүйені пайдаланушылар функционалдық міндеттеріне клиенттерге қызмет көрсету жататын Биржаның барлық құрылымдық бөлімшелерінің жұмыскерлері, сондай-ақ Биржаның клиенттері болады.

Бұдан басқа, KASE Биржаның қызметіне клиенттердің қанағаттануына кешенді бағалау жүргізеді. Осы мақсатта Биржа клиенттерге негізгі бизнес-процестер бойынша, оның ішінде тәуелсіз зерттеу компанияларын тарту арқылы жыл сайын сауалнама жүргізеді. Сауалнама қорытындылары бойынша Биржа ұсынылатын қызметтердің сапасын үнемі жақсартуға ұмтыла отырып, бұдан әрі келесі жылға арналған іс-шаралар жоспарына енгізілетін Биржаның сервистерін жақсарту жөніндегі шаралар кешенін анықтайды.

2022 жылдың қорытындысы бойынша клиенттерге сауалнама жүргізуді тәуелсіз консалтингтік компания жүргізді. Сауалнамаға Биржаның 42 мүшесі (81%), 85 листингтік компания (55%) және Биржаның ақпараттық қызметтерінің 68 клиенті (43%) қатысты. 2022 жылдың қорытындысы бойынша Биржа клиенттерінің қанағаттанушылығын жалпы бағалау 100%-дан 87,6%-ды құрады.

Қоршаған ортаны қорғау

Биржа өз қызметінде энергия тиімді технологияларды енгізу, суды тұтынуды азайту, электрондық құжат айналымы жүйесін және екіжақты басып шығару практикасын енгізу есебінен кеңсе мұқтаждары үшін қағаз жұмсауды азайту арқылы ресурстарды артық тұтынуды қысқартуға және қолданыстағы жағымсыз экологиялық әсерді азайтуға ұмтылады. Биржа тұтынатын негізгі ресурстар электр энергиясы, жылу энергиясы, қағаз өнімдері және су болып табылады.



2022 жылы Биржа 90 кг жуық макулатура, 32 кг астам шыны, 28 кг пластик және 1 кг алюминий жинады.

2021 жылы Биржа "Жасыл кеңсе" бағдарламасын енгізді, ол ұйымды басқарудың кешенді тәсілін білдіреді және жалпы қабылданған үш R принциптеріне негізделген бірқатар техникалық және уәждемелік-білім беру іс-шараларын қамтиды:



Reduction – энергияны, суды, электр қуатын және басқаларды орынды тұтыну;

Replacement – экологиялық жауапты сатып алу және қоршаған ортаға әсерін азайтатын тауарлар мен қызметтерді сатып алу, көлікті баламалы және/немесе тиімді пайдалануды насихаттау. "Жасыл кеңсе" бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында Биржа Биржаның қызметкерлері қатарынан эко-белсенділер штабын – KASE GREEN құрды

Refinement – кеңсе материалдарын, қағаз бен басқа да шығыс материалдарын қайта пайдалану



Халықаралық қызмет

Халықаралық тәжірибені зерделеу және шетелдік эмитенттер мен инвесторлардың отандық қор нарығы туралы хабардар болуын арттыру мақсатында Биржа өз қызметін халықаралық аренада жалғастыруда.

Биржа WFE, FEAS және ТМД ХБҚ сияқты халықаралық биржалық қауымдастықтардың толық құқылы мүшесі болып табылады және осы ұйымдардың жұмысына белсенді қатысады.

2022 жылдың наурызында Биржа Халықаралық қаржы корпорациясымен (IFC) бірлесіп Ring the Bell for Gender Equality сауда-саттығының жыл сайынғы ашылу рәсімін және "Гендерлік инклюзивтілік және тұрақты даму" іс-шарасын өткізді. Биржа бұл рәсімді БҰҰ-ның "Тұрақты қор биржалары" бастамасын – Sustainable Stock Exchanges Initiative (UN SSE бастамасын) жүзеге асыру аясында бесінші рет өткізіп отыр, оған KASE 2015 жылы қосылды. Бұл акцияны бүкіл әлем бойынша дәстүрлі түрде UN Women, IFC, "Әйелдер және биржалық индекстік қорлар" ұйымы және Дүниежүзілік биржалар федерациясы қолдайды. Жыл сайын сауда-саттықтың ашылу салтанатын бүкіл әлем бойынша 100-ден астам биржа өткізеді.

2022 жылдың мамырында Биржа жыл сайынғы WFE "CCP & Derivatives Conference" конференциясына қатысу үшін Ұлыбританияның Суррей және Лондон қалаларында жұмыс сапарымен болды. Биржа делегациясы ОК дамытудың, дефолт пен тәуекел-менеджментінің соңғы трендтерімен танысты. Ынтымақтастық мәселелерін талқылау үшін WFE мүше биржаларымен, қаржы ұйымдарымен және компаниялармен кездесулер өткізілді.

Биржа сондай-ақ ТМД ХБҚ отырыстарына ХБҚ Кеңесінің мүшесі ретінде тікелей белсенді қатысады. 2022 жылдың мамырында Биржаның ТМД ХБҚ мүшелерінің жылдық жалпы жиналысына және оған орайластырылған Биржа Форумна қатысу үшін Беларусь Республикасының Минск қаласына жұмыс сапары өтті. ТМД қор нарықтарының өкілдері биржалардағы FinTech дамыту, тұрақты даму және ESG қаржыландыру, сондай-ақ ішкі инвестициялық әлеуетті дамыту мәселелерін талқылады.

2022 жылдың қыркүйегінде Биржа WFE 61-ші Бас Ассамблеясы мен Жылдық Жиналысына қатысты, онда қатысушылар болашақ жылға арналған WFE жұмысының негізгі бағыттарын анықтады. Сондай-ақ, WFE Жиналысы аясында биржалық индустрия мен жаңа технологияларға байланысты негізгі мәселелерді тереңдетіп талқылау үшін жетекші биржалар мен капитал нарығы сарапшыларының панельдік пікірталастарына қатысты.

2022 жылдың қыркүйегінде Алматы қаласында KASE құрамында Еуропаның, Азияның және Таяу Шығыстың 31 елінен 44 биржа бар FEAS мүшелеріне арналған "FEAS on-site training" оқыту тренингін өткізді. Тренингтерді жыл сайын Федерацияға мүше биржалардың бірі өткізеді. 2022 жылы бұл қор нарығының 20-ға жуық мамандарының тоғызыншы кездесуі болды, оның аясында KASE қызметкерлері әріптестерін Биржаның қызметімен және оның көрсететін қызметтерімен таныстырды. Сонымен қатар, Иран биржаларының технологиялық шешімдері бойынша ақпарат алмасу мақсатында Tehran Stock Exchange Technology Management Co (TSETMC) делегациясының KASE-ге сапары өтті.

Мүше-биржалардың қолдауымен қазақ, орыс, ағылшын, араб және басқа тілдерде қолжетімді "Borsa City" білім беру комиксінің бірінші сериясы шығарылды (<https://comics.feas.org/>). "Borsa City" – капитал нарығы мен қор биржасы жастарға, мұғалімдер мен ата-аналарға мектепті құтқаруға және қала үшін жақсы болашақ жасауға қалай көмектесетіні туралы әңгімелейтін білім беру комиксі.

2022 жылдың тамызында Түркияның капитал нарығымен танысу мақсатында KASE-нің Стамбул қор биржасы – Borsa Istanbul-ға жұмыс сапары болып өтті. Borsa Istanbul Бас директоры Коркмаз Эргун мырзамен, сондай-ақ жергілікті Capital Markets Board реттеушісімен және Түркияның Turkish Capital Markets Association капитал нарығы қауымдастығымен кездесулер өткізілді. Кездесу барысында тараптар ұйымдар мен биржалардың ағымдағы қызметі, перспективалық жобалар мен даму жоспарлары туралы ақпарат алмасты.

2022 жылдың қазанында Дубай мен Катардың DFM/Nasdaq Dubai, Qatar Stock Exchange биржаларымен, DIFC Innovation Hub қаржы орталығының инновациялық хабымен, DIFC - Dubai Financial Services Authority (DFSA) қаржылық қызметті реттеушісімен, Qatar Financial Center қаржы орталығымен және басқа да IT компаниялармен кездесулер өткізілді. Тараптар ағымдағы қызмет, негізгі жобалар туралы ақпарат алмасып, биржалық технологиялар, реттеуші мәселелер мен алдағы ықтимал ынтымақтастықты талқылады.

2022 жылдың қарашасында ЕҚДБ Қаржы нарығы және капитал департаментінің директоры Алексей Пивоварский бастаған Еуропалық қайта құру және даму банкінің (ЕҚДБ) делегациясымен кездесу өтті. Кездесуде тараптар ЕҚДБ-ның

Орталық Азиядағы эмитент компанияларға талдамалық зерттеу жүргізу мүмкіндігін, сондай-ақ ЕҚДБ-ның әлеуетті эмитенттерге арналған оқыту тренингтеріне қатысу перспективаларын талқылады.

KASE және Ашхабад қор биржасының бас директоры Нургельди Мередов бастаған Түрікменстан Республикасының қаржы секторы өкілдерінің делегациясы түрлі нарықтардағы сауда-саттықты ұйымдастыру, клиринг және листинг туралы егжей-тегжейлі ақпаратпен танысу мақсатында бірқатар жұмыс кездесулерін өткізді.

Сондай-ақ, Баку қор биржасы (БҚБ) делегациясының және БҚБ-на мүше инвестициялық компаниялардың KASE-ге сапары болып өтті. Сапар барысында қатысушылар KASE Global жобасын іске асыру және дамыту туралы ақпарат алып, жалпы Биржаның қызметімен танысты.

Жауапты және тиімді инвестициялауды дамыту шеңберінде Биржа мақсаты тұрақты дамуды қолданудағы күш-жігерді біріктіру және келісу болып табылатын жұмыс топтары мен бастамаларына қатысады.

Биржа CFI.co Awards 2022 халықаралық сыйлығының нұсқасы бойынша Best Stock Exchange Central Asia 2022 номинациясында жеңіске жетті. Биржаның ESG саласындағы жетістіктеріне және эмитенттердің жасыл облигациялар шығаруына баса назар аударылды. CFI.co Awards сыйлығын қаржы, экономика және бизнес саласындағы жаңалықтар мен зерттеулерді ұсынатын британдық Capital Finance International басылымы құрды.

2022 жылдың желтоқсанында Каирдегі (Египет) Египет биржасының алаңында FEAS Бас Ассамблеясының, Кеңесінің және Жұмыс комитетінің отырыстары болып өтті. Іс-шарада FEAS мүшелері 2022 жылдың жетістіктер мен 2023 жылға арналған жоспарларды талқылады. Кеңестер аясында федерация мүшелерінің қызметкерлері үшін оқыту, капитал нарығын дамыту жөніндегі FEAS мүшелері жүргізген зерттеулер қорытындыланды. Сондай-ақ, "Capital Markets Talks" дөңгелек үстелі өтті, онда биржалық нарықтардағы жаңа құралдар мен трендтерге байланысты тақырыптар талқыланды.

Бұдан басқа, Биржа Еуропалық қайта құру және даму банкінің (ЕҚДБ) Қазақстандағы өкілдігімен бірлесіп "ШОБ үшін консультациялар" бағдарламасы бойынша танысу кездесуін өткізді. Брокерлік компаниялар бағалы қағаздар нарығына шығу бойынша ШОБ үшін кеңес берушілер ретінде шақырылды.

НӘТИЖЕЛЕРГЕ ШОЛУ



Халықаралық биржа нарығының трендтері

1 кесте. Нақты ЖІӨ мен Инфляцияның динамикасы (г/г%)

	Реальный ВВП (г/г%)						Инфляция (г/г%)					
	3 кв. 2022 (Ф)	4 кв. 2022 (О)	1 кв. 2023 (П)	2 кв. 2023 (П)	3 кв. 2023 (П)	4 кв. 2023 (П)	3 кв. 2022 (Ф)	4 кв. 2022 (Ф)	1 кв. 2023 (П)	2 кв. 2023 (П)	3 кв. 2023 (П)	4 кв. 2023 (П)
США	1,9	0,7	1,0	1,0	0,2	-0,2	8,3	7,1	5,6	3,8	3,2	2,9
Евросоюз	2,5	1,4	0,3	-0,3	-0,2	0,6	9,9	10,6	9,6	7,5	5,9	4,0
Англия	1,9	0,3	-0,7	-1,3	-1,2	-1,0	10,0	10,8	10,2	8,0	6,6	4,3
Япония	1,5	1,2	1,9	0,8	1,3	1,0	2,9	3,8	2,8	2,4	1,7	1,2
Китай	3,9	2,9	2,5	6,9	4,9	6,2	2,7	1,8	2,3	2,2	2,2	2,5
Индия	6,3	4,5	4,4	5,6	6,6	6,0	7,0	6,1	5,9	4,7	4,9	5,0
Россия	-3,7	-5,6	-6,5	-2,5	-1,8	0,2	14,4	12,2	8,8	3,5	5,2	5,1
Турция	3,9	2,5	2,7	2,1	2,8	3,2	81,1	78,1	50,4	39,8	43,7	43,3
Бразилия	3,6	2,6	1,3	0,7	0,4	0,8	7,2	5,8	5,0	3,6	5,5	5,6
Аргентина	5,9	3,1	1,8	1,4	1,2	1,6	77,5	98,6	100,6	102,0	95,5	96,5

Дереккөз: Bloomberg economic forecast, 23.01.23

2022 жылдың басына дейін нарықтағы күтулер өзгере бастады, себебі инфляция қарқынды дамып келе жатқан орталық банктерді барған сайын қаршығадай үн қосуға мәжбүрледі. 2022 жылы энергетикалық дағдарыс, геосаяси шиеленістің күшеюі және жеткізілім тізбегіндегі жаңа іркіліс жаһандық инфляциялық қысымды тарихи жоғары деңгейге дейін жеткізді, бұл өз кезегінде бүкіл әлемде ақша-кредит саясатының күрт күшеюіне алып келді.

2022 жылдың соңына қарай көптеген елдерде инфляцияның өсуі баяулай бастады. Бұл қатаңдату бағаны тұрақтандыру үшін қажет болғанымен, ол іскерлік белсенділікке айтарлықтай тежеуші әсер етті, жаһандық экономика

баяулағаны соншалық, әлем кезекті рецессияның алдында қалды. Консенсусқа сәйкес, дағдарыстың шыңы 2023 жылдың бірінші жартысынан ерте өтпейді. Инфляция өз кезегінде BofA пікір сұрауына сәйкес болжамды бәсеңдеуіне қарамастан кешенді табиғаты бар неғұрлым маңызды қалдық тәуекел болып қала береді.

Ақша-кредит саясатын қатаңдату қарқыны бойынша 2022 жыл бақылау тарихындағы ең ауыр жылдың бірі болды. 2022 жылы ФРЖ жиынтығында мөлшерлемені 4,25 %-ға көтерді, бұл 1980 жылдан бергі ең жоғары көрсеткіш болды. ЕОБ 11 жыл ішінде алғаш рет мөлшерлемені 2,5 %-ға көтерді.



Нәтижесінде АҚШ-тың эталондық тәуекелсіз 10 жылдық қазынашылық облигацияларының кірістілігі 2008 жылдың маусымнан бастап алғаш рет 4%-дан асты, нарықтардағы қарыз алу құны 15 жылдың ішінде ең жоғары деңгейге жетті, Bloomberg бағалауы бойынша компаниялардың корпоративтік облигациялар нарығын жоғары мөлшерлеме бойынша қорландыруды тартудан бас тартуы салдарынан 2022 жылы кем дегенде 75 млрд долларды жоғалтты.

Акциялар нарығында 2018 жылдан бастап алғаш рет АҚШ-тың үш негізгі индексі де жылды қызыл аймақта аяқтады: Dow индексі 8,8 %-ға; S&P 500 19,5 %-ға; Nasdaq 33,3 %-ға төмендеді. Нарықтардың осындай күшті құлдырауы соңғы рет 2008 жылы ипотекалық дағдарыс жағдайында байқалды. Бұл төмендеу ішінара 2023 жылға арналған болашақ пессимистік күтулерді қамтиды, себебі орталық банктер ақша-кредит саясатының агрессивті қатаңдатылуы әлі аяқталмағанын айтты.

11 сектордың 10-ы жылды қызыл аймақта аяқтады, телекоммуникация саласындағы компаниялар (-41,1 %) және бірінші кезекте қажет емес тауарлар секторындағы компаниялардың акциялары (-38,0%) тұралап қалды. Жасыл аймақта жыл қорытындысы бойынша 58,0 %-ды қосқан энергетика секторы ғана жабылды.


Төменде WFE деректері негізінде жасалған әлемдік биржа нарығының 2022 жылдың түйінді көрсеткіштері берілген:

- » акциялар нарығының жаһандық капиталдандырылуы 2021 жылмен салыстырғанда 40,7 %-ға төмендеп, 675 трлн АҚШ долларын құрады. Төмендеу WFE мүше биржаларының барлық өңірлерінде байқалды. Америкада (Солтүстік және Оңтүстік Америка), Азия-Тынық мұхиты өңірінде және ЕТША (Еуропа, Таяу Шығыс және Африка) өңірлерінде капиталдандыру тиісінше 64,1 %, 19,0 % және 13,3 %-ға төмендеді;
- » 2022 жылы акциялардың жалпы әлемдік сауда-саттық көлемі 2021 жылмен салыстырғанда 12,2 %-ға төмендеп, 137,4 трлн АҚШ долларын құрады. Азия-Тынық мұхит өңірінде сауда-саттық көлемі 22,9%-ға 50,3 трлн АҚШ долларына дейін, Америкада – 4,6 %-ға 78,0 трлн АҚШ долларына дейін, ЕТША өңірлерінде – 4,1 %-ға 9,0 трлн АҚШ долларына дейін төмендеді.


2022 жылдың қорытындысы бойынша WFE-дің 54 мүшесінің арасында KASE акциялар нарығын капиталдандыру бойынша 38-ші орынды, акциялар сауда-саттығының көлемі бойынша – 48-ші орынды және WFE-ге мүше биржалар арасында облигациялар сауда-саттығының көлемі бойынша 18-ші орынды иеленді.




1 сурет. Қор биржаларын капиталдандыру, млрд АҚШ доллары



2 сурет. Әлемнің қор биржаларындағы акциялар сауда-саттығының көлемі, млрд АҚШ доллары



3 сурет. Әлемнің қор биржаларындағы облигациялармен сауда-саттық көлемі, млрд АҚШ доллары




Түрік Қор Биржасы индексінің 2022 жылы 197%-ға өсуі ұлттық валютаның құнсыздануын көрсетеді. Түркияның Орталық Банкі өз өндірісін басқа реттеушілердің саясатына қайшы ынталандыру әрекетінде 2022 жыл бойы мөлшерлемені төмендетті, нәтижесінде бір жыл ішінде мөлшерлеме 5%-ға төмендеді. Түрік лирасы мөлшерлемені төмендету туралы әрбір шешіммен барған сайын девальвацияланды, 2022 жылы бағам бір доллар үшін 10,899-дан 18,555-ке дейін 70,2%-ға төмендеді.

Аргентина қор нарығының 142%-ға өсуі аргентиналық реалдың 86,6%-ға құнсыздануы жағдайында да бір доллар үшін 92,584-тен 172,79-ға дейін болды. Аргентинаның Орталық банкі 2022 жылы базалық пайыздық мөлшерлемені қалыпты экономика үшін теңдессіз 75% деңгейге көтерді. Мұндай шараға реттеуші ұлттық валютаның құлдырауы мен инфляцияның 100% жақындауына байланысты жүгінуге мәжбүр болды.

Осу қарқыны бойынша 5% нәтижемен үшінші орынды Бразилияның қор нарығы иеленді. 2020-2021 жылдары елдің қор нарығы саяси тұрақсыздық пен Қытай экономикасына қатты тәуелділік жағдайында төмендеді. 2022 жылы Бразилияда жаңа президент сайланды, инфляция қаңтардағы 10,38%-дан желтоқсандағы 5,79%-ға дейін бәсеңдеді, бағам аздап тұрақтанды және қор нарығы аздап жоғары көтерілді.

4 сурет. 2022 жылдың қорытындысы бойынша негізгі әлемдік қор индекстері мен KASE индексінің өсу көрсеткіштері, %



Дамыған елдер индекстерінің көпшілігі жылды 9-19% аралығында төмендеумен аяқтады.

2022 жылдың қорытындысы бойынша Ресей Федерациясының қор нарығы барынша төмендеді. 21 ақпанда арнайы әскери операция жарияланған күні МосБиржаның Индексі 27,0%-ға 3 393,31 тармақтан 2 470,48 тармаққа дейін төмендеді. Бұл Ресей Банкі бағалы қағаздармен сауда-саттықты тоқтата тұруға мәжбүрледі, акциялар саудасы бір айдан кейін ғана қайта басталды. Наурыз айының аяғында сауда-саттық қайта жанданғаннан кейін инвесторлар нарықты қалпына келтіруге кірісті, бұл тамыз айының соңына дейін айына 1,5-2,5% тұрақты қарқынмен нарыққа жаңа ақша қаражатының елеулі ағынын тудырды. Қазан айының соңында акциялар нарығы Газпром төлеген 1,4 трлн рубль көлеміндегі аралық дивидендтер есебінен қосымша қолдау алды, оның кемінде 150 млрд рублін сауда-саттық қатысушылары акцияларға қайта инвестициялады. 21 қыркүйекте жарияланған ішінара жұмылдыру акциялар нарығынан қомақты қаражаттың кетуіне алып келді және тұтынушылардың мінез-құлқын өзгертті. Нарық сақтық режиміне көшіп, жыл соңына дейін 2 200 тармақтың айналасындағы тар дәлізде дамыды.

Төменде 2022 жылдың негізгі қор индекстері мен KASE индексінің өзгеру кестесі келтірілген.



2022 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан экономикасы дамудың бірқалыпты қарқынын сақтап қалды. Экономиканың нақты өсімі 3,2%-ды құрады. Оның орнықтылығының негізгі факторы нақты сектордағы, оның ішінде өңдеу өнеркәсібіндегі, құрылыстағы және ауыл шаруашылығындағы оң динамика болды.

Геосаяси жағдайдың белгісіздігі, азық-түлікке жоғары бағаның сақталуы, сондай-ақ халықтың жоғары инфляциялық күтулері жағдайында Ұлттық Банк ақша-кредит саясатын қатаңдатуға көшті. Базалық мөлшерлеме 2022 жылдың қаңтарында 10,25%-дан желтоқсандағы 16,75%-ға дейін көтерілді. 2022 жылы қабылданған ақша-кредит саясатының шаралары алдағы уақытта инфляцияның төмендеуіне және оның орта мерзімді перспективада тұрақтануына ықпал ететін болады.

2022 жылы геосаяси жағдайдың шиеленісуі және жаһандық қаржы нарықтарындағы қолайсыз жағдайлар ұлттық валютаның динамикасына теріс әсер етті. Наурызда 512,17 теңгеге дейін әлсірегеннен кейін теңге бағамы мамырда 414,79 дейін нығайды. Жыл қорытындысы бойынша теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы 7,1%-ға әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 462,66 теңгеге жетті.

2022 жылдың қорытындысы бойынша төлем теңгерімінің ағымдағы шоты профицитпен қалыптасты және 6,3 млрд. АҚШ долларын құрады. Сауда теңгерімінің профициті 16,4 млрд. АҚШ долларына ұлғайып, 35,1 млрд. АҚШ долларын құрады. Тауар экспорты 40,7%-ға 84,8 млрд. АҚШ долларына дейін ұлғайды, оның ішінде мұнай мен газ конденсаты экспортының өсімі 50,9%-ға 46,9 млрд. АҚШ долларына дейін өсті. Тауарлар импорты 19,6%-ға, 49,7 млрд. АҚШ долларына дейін өсті. Шетелдік тікелей инвесторлардың кірістері 15,1% өсті және 3,3 млрд. АҚШ. долларына ұлғайып, 26,3 млрд. АҚШ долларын құрады. Ағымдағы есеп-шоттың профициті тұрақсыз болып табылады, себебі шикізатқа, бірінші кезекте мұнайға жоғары бағаның салдары болып табылады.


Қазақстан қор нарығы 2022 жыл ішінде жергілікті факторлармен бірге сыртқы теріс әсерін сезінді, алайда ұсынылған қаржы құралдарын кеңінен әртараптандырудың арқасында Қазақстан қор биржасы күтпеген стресстік сценарийлердің іске асуы кезеңінде тұрақтылығын тағы бір рет дәлелдеді.

KASE нарықтары

KASE сауда-саттық көлемі екінші жыл қатарынан тарихи максимумдарды жаңартты

2022 жылдың қорытындысы бойынша барлық нарықтардағы сауда-саттықтың жалпы көлемі 2021 жылмен салыстырғанда 50,0 %-ға өсіп, 261,6 трлн теңгеге жетті, бұл Қазақстанның қор нарығы үшін тарихи максимум болып табылады:

5 сурет. Секторлар бойынша сауда-саттық көлемінің динамикасы, трлн теңге



Өсімнің негізгі үлесі нарыққа қатысушылардың қысқа мерзімді теңгелік өтімділікке өткір қажеттілігі аясында ақша нарығындағы сауда-саттық есебінен қамтамасыз етілді, бұл ретте жоғары ұсыныс жоғары мөлшерлемелер есебінен қолдау тапты.

Валюта нарығында экспорттық-импорттық операцияларды жүргізу кезінде ұлттық валюталармен есеп айырысуға көшу аясында, сондай-ақ долларға қатысты еуро бағамының қолайлы өзгеруі есебінен инвесторлардың негізгі емес валюта жұптарына қызығушылығының артуы байқалды.

Бағалы қағаздар нарығында сауда-саттық көлемінің өсуіндегі негізгі үлесті мемлекеттік және квазимемлекеттік ұйымдардың бастапқы нарығында орналастыру, сондай-ақ 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемінің жоғарылауы қамтамасыз етті. Бұл ретте инвестициялық қорлардың акциялары, бағалы қағаздары және туынды бағалы қағаздар секторында сыртқы және ішкі күйзелістер аясында белсенділіктің төмендеуі байқалды.



2 кесте. KASE-дегі сауда-саттық динамикасы, млрд теңге

	2018	2019	2020	2021	2022	2021-re 2022 өзг.	2021-re 2022 өзг., %
Бағалы қағаздар нарығы	4 872,8	5 286,8	7 878,2	6 218,2	8 980,5	+2 762,3	+44,4
▶ Акциялар	539,8	203,6	238,4	422,8	307,3	-115,5	-27,3
▶ Kase Global	-	-	-	6,4	25,8	+19,3	+300,5
▶ Корпоративтік борыштық БҚ	2 309,4	2 715,6	2 691,2	1 980,8	2 488,8	+508,1	+25,6
▶ МБҚ	1 644,8	1 823,7	4 650,7	3 575,9	6 004,3	+2 428,4	+67,9
▶ ХҚҰ облигациялары	101,0	540,2	274,2	155,4	126,9	-28,4	-18,3
▶ Инвестициялық қорлардың ББ	0,4	0,9	20,3	38,1	8,8	-29,3	-76,8
▶ Туынды бағалы қағаздар	277,3	3,0	3,4	38,8	18,4	-20,4	-52,5
Шетел валюталарының нарығы	13 445,5	11 145,0	11 606,9	15 567,8	20 798,1	+5 230,3	+33,6
Ақша нарығы	109 525,3	101 706,0	98 501,0	152 653,6	231 834,4	+79 180,8	+51,9
▶ Repo операциялары	75 861,9	72 707,8	88 568,9	141 631,4	202 635,7	+61 004,3	+43,1
▶ Валюталық своп операциялары	33 663,4	28 998,2	9 932,1	11 022,1	29 198,6	+18 176,5	+164,9
Деривативтер нарығы	-	0,4	<0,1	<0,1	7,9	+7,9	+433 098,2
▶ Фьючерстер	-	0,4	<0,1	<0,1	7,9	+7,9	+433 098,2
Сауда-саттықтың БАРЛЫҚ көлемі	127 843,7	118 138,2	117 986,1	174 439,6	261 620,8	+87 181,3	+50,0

Бағалы қағаздар нарығы


Бағалы қағаздарды неғұрлым жоғары мөлшерлемелер бойынша қайта бағалау және жаһандық рецессия қаупі бүкіл әлемдегі, оның ішінде Қазақстандағы қор нарықтарының капиталдандырылуын төмендетті.

Қазақстандық акциялар нарығының капиталдандырылуы 2022 жылы 26,4 % немесе 7,6 трлн теңгеге төмендеп, 21,2 трлн теңгені құрады. ЖІӨ-ге қатысты акциялар нарығының үлесі 21 %-ға дейін төмендеді.

Айналыстағы корпоративтік қарыз көлемі 2022 жылы 6,3 %-ға немесе 973,5 млрд теңгеге 14,4 трлн теңгеге дейін төмендеді. ЖІӨ-ге қатысты корпоративтік борыш нарығының үлесі 2022 жылдың қорытындысы бойынша 14 %-ды құрады.




7 сурет. KASE корпоративтік облигациялар нарығын капиталдандыру көлемінің ЖІӨ-ге қатынасы, %



Дереккөзі: KASE, stat.gov.kz

Дереккөзі: KASE, stat.gov.kz

7 сурет. KASE корпоративтік облигациялар нарығын капиталдандыру көлемінің ЖІӨ-ге қатынасы, %



Дереккөзі: KASE, stat.gov.kz

Биржадағы эмитенттер мен жаңа шығарылымдардың жалпы саны өсуде.

2023 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша Биржаның сауда тізімдерінде рекордтық құралдар саны болды – 262 эмитенттің 927 бағалы қағаздары, оның ішінде алаңда "Негізгі" - 89 эмитенттің 340 бағалы қағаздары, "Баламалы" алаңында – 67 эмитенттің 101 бағалы қағазы, "Аралас" – 103 эмитенттің 467 бағалы қағаздары және "Жеке орналастыру" – 11 эмитенттің 15 бағалы қағаздары, "Листингілік емес бағалы қағаздар" секторында – төрт эмитенттің төрт акцияларының шығарылымы.

2022 жылы Биржаның ресми тізіміне 50 эмитенттің 96 құралы, оның ішінде 23 жаңа эмитенттің 26 құралы енгізілді, олардың ішінде:

- » бес эмитенттің бес атаудағы жай акциялары, оның ішінде KASE-те алғаш рет листингтен өткен төрт жаңа және жұмыс істеп тұрған бір эмитент;
- » KASE Global секторына жаңа эмитенттердің төрт акциясы және алты шетелдік ETF енгізілді;

- » корпоративтік облигациялар 32 эмитенттің 70 жаңа құралы (оның ішінде 10 жаңа эмитент), оның ішінде Биржаның ресми тізіміне алты микроқаржы ұйымының облигацияларының 12 шығарылымы енгізілді;
- » төрт халықаралық қаржы ұйымы облигацияларының тоғыз шығарылымы;
- » "Halyk Global Markets" АҚ және "BCC Invest" АҚ басқаруындағы аралық инвестициялық пай қорларының пайларының екі шығарылымы.





"Мемлекеттік бағалы қағаздар" секторында тоғыз шет мемлекеттің 26 шығарылымы, оның ішінде Америка Құрама Штаттарының, Италия, Перу, Абу Даби, Филиппин, Катар, Сауд Арабиясы, Өзбекстанның мемлекеттік бағалы қағаздары бес жаңа эмитенттің сегіз шығарылымы енгізілді.

Жергілікті атқарушы органдар 2022 жылы "Нұрлы жер" тұрғын үй-коммуналдық дамуының 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде тұрғын үй құрылысын қаржыландыру мақсатында, сондай-ақ "Шанырақ" пилоттық жобасы бойынша несиелік тұрғын үй құрылысын қаржыландыру мақсатында шығарылған 35 облигация шығарып, Биржаның ресми тізіміне енгізді.


2023 жылдың 01 қаңтарына KASE ресми тізімінде ESG-облигациялардың тоғыз шығарылымы: жалпы сомасы 83,5 млрд теңгеге бес "жасыл" облигациялар шығарылымы және жалпы сомасы 43,4 млрд теңгеден астам әлеуметтік облигациялардың төрт шығарылымы болды. Эмитенттер Азия даму банкі, Еуразиялық даму банкі, "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ, "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ және "KEGOC" АҚ болды.

Айналыс мерзімінің аяқталуына, шығарылымның мерзімінен бұрын өтелуіне не жойылуына байланысты Биржаның ресми тізімінен 24 эмитенттің облигацияларының 60 шығарылымы алынып тасталды. Бұдан басқа, Биржаның ресми тізімінен 16 эмитенттің бағалы қағаздарының 20 шығарылымы алынып тасталды, олардың ішінде 16 шығарылым – эмитенттердің бастамасымен алынып тасталды.

2023 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша KASE нарықтарында Биржаның 52 мүшесі, оның ішінде қор нарығында 43 мүше, валюта нарығында 33 мүше, деривативтер нарығында 27 мүше тіркелді.


8 сурет. KASE акциялары мен облигацияларының сауда-саттық тізімдерінің динамикасы

Акциялар нарығындағы сауда тізімдерінің өзгеруі*, дана



* KASE Global акцияларын есепке алмағанда

Облигациялар нарығындағы сауда-саттық тізімдерінің өзгеруі, дана



Дереккөз: KASE

KASE мүшелерінің тізіміне алты жаңа компания енгізілді:

- » "Standard инвестициялық компаниясы" АҚ ("қор" және "валюта" санаттары бойынша);
- » "Қазақстан Халық Банкінің еншілес ұйымы "Halyk Finance" АҚ ("валюта" санаты бойынша);
- » "ЕвроЦентрАстана" АҚ ("қор" және "деривативтер" санаттары бойынша);
- » «UD Capital» АҚ ("қор" және "деривативтер" санаттары бойынша);
- » "NGDEM Finance" АҚ ("деривативтер" санаты бойынша);
- » Freedom Finance Global PLC ("қор" санаты бойынша).

Өтімділіктің бірінші класы тізімінің құрылымында индекстік емес бағалы қағаздар мен инвестициялық қорлардың бағалы қағаздарының саны өсуде


KASE өтімділігінің бірінші класының тізімінде 2023 жылдың қаңтарындағы жағдай бойынша 42 атаудағы құралдар бар. Оның ішінде 20 атауы қазақстандық эмитенттердің акциялары, 11 атауы шетелдік компаниялардың акциялары және 11 атауы инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары. Биржа ережелеріне сәйкес акция өтімділіктің бірінші класының тізіміне енуі үшін ол жасалған мәмілелердің саны, жиілігі және көлемі бойынша, сондай-ақ онымен мәмілелер жасасқан биржа мүшелерінің саны бойынша критерийлерге жауап беруі тиіс. 2022 жылы өтімділіктің бірінші класының тізбесіне енгізілген қазақстандық индекстік емес бағалы қағаздардың тізімі екі есеге өсті

Бөлшек инвесторлар базасы үшінші жыл қатарынан қарқынды түрде кеңейіп келеді, биыл есеп-шоттардың жалпы саны миллион данаға жетті


Бағалы қағаздардың жергілікті нарығындағы ең жарқын үрдістердің бірі жеке инвесторлар сегментінің кеңеюі болып қала береді. ОД деректеріне сәйкес Қазақстанда 2023 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша 963 730 есеп-шот, оның ішінде 550 203 қосалқы есеп-шот (547 152 жеке тұлға) және омнибус есеп-шот арқылы ашылған 413 527 жеке есеп-шот ашылды. Осылайша, 2023 жылдың 01 қаңтарына инвесторлардың үлесі жұмыс күшінің 5,8 %-ын құрайды

9 сурет. Брокерлік есеп-шоттардың динамикасы

Тартылған халықтың өсу қарқыны, %



Есеп-шоттар санының өсу қарқыны, мың дана



Дереккөз: Центральний депозитарій, stat.gov.kz

2022 жылы есеп-шоттардың өсімі:

- » жеке тұлғаны қашықтан сәйкестендіру есебінен брокерлік есеп-шот ашу процесінің оңайлатылуымен және жаңа цифрлық брокерлік мобильдік қосымшалардың пайда болуымен;
- » "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ IPO өткізуімен;
- » 2021 жылдың ортасында пайда болған омнибус есеп-шоттарын ашу және пайдалану мүмкіндігіне қызығушылықтың артуымен түсіндіріледі.

Орталық депозитарийдің деректеріне сәйкес, бөлшек инвесторлардың жалпы санының 35,6 % 35-тен 54 жасқа дейінгі жас санатына тиесілі. 2022 жылы бұл топ 2,2 есеге (87 мыңнан шамамен 195 мың адамға дейін). Екінші орында 25-ден 34-ге дейінгі жас санаты тұр, есептік жылы оның мөлшері 2,8 есеге (59 мыңнан 166 мың адамға дейін) ұлғайды. Жаңа есеп-шоттардың басым бөлігін 18-ден 24 жасқа дейінгі жас инвесторлар ашқан. Олардың саны бір жылда 4,3 есеге (23 мыңнан шамамен 101 мыңға дейін) өсті.

Бөлшек инвесторлардың үлесі бойынша ерлерге 55,2 %, әйелдерге 44,8 % тиесілі. Бір жыл ішінде брокерлік есеп-шот иелері арасындағы әйелдер саны 2,8 есеге

(87 мыңнан 244 мың адамға дейін) өсті, ал ерлер саны – 2,3 есе (130 мыңнан 301 мың адамға дейін) өсті.

Жеке тұлғаларды ұстаушылардың қосалқы есеп-шоттарының ең көп саны Алматы қаласына (25,3 %), Астана қаласына (10,4 %) және Қарағанды облысына (8 %) тиесілі болды.

Қазақстан халқының қор нарығындағы сауда-саттыққа тартылуының өсуін ескере отырып, 2022 жылдың 12 шілдесінде "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын, банк қызметін реттеу және дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заң қабылданды.

Негізгі жаңашылдықтар бөлшек инвесторлардың құқықтарын қорғауға қатысты, атап айтқанда:

- » Қазақстан аумағындағы инвестициялық кеңес беруді реттеушінің тиісті лицензиялары бар брокерлер мен инвестициялық портфельді басқарушылар ғана беруге құқылы. Олар үшін инвестициялық кеңестерді сапасыз


ұсынғаны үшін жауапкершілік шекаралары белгіленді. Агенттіктің лицензиясыз инвестициялық кеңес беру әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін негіз болып табылады;

- » инвестициялық ұсынымдар берілгенге дейін брокерлер бөлшек инвестордың тәуекел-бейінін бағалауға және бөлшек инвесторды білікті не "біліксіз" инвестор деп бағалау және тану процедурасын жүргізуге міндетті;
- » бағалы қағаздар нарығында әділ баға белгілеуді қамтамасыз ету жөніндегі шаралар енгізілді;
- » қор нарығындағы айла-шарғы және жосықсыз мінез-құлық белгілерінің тізбесі кеңейтілді.

Аталған шараларды кешенді іске асыру ішкі қор нарығында жұмыс істеу үшін сенімді орта деңгейін арттырады және Қазақстан азаматтарын өз қызметтерін жосықсыз көрсететін делдалдармен жұмыс істеуден қорғайды.



"Халықтық IPO" бағдарламасын жаңғырту жергілікті бағалы қағаздар нарығының маңызды уақиғаларының бірі болды

10 сурет. ҚМК акциялары бағасының және сауда-саттық көлемінің динамикасы

Источники: Центральний депозитарій, stat.gov.kz

2022 жылдың 28 маусымында "Astana Finance Days" V конференциясы аясында "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ Басқарма төрағасы Алмасадам Сәтқалиев "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" АҚ IPO-сын 2022 жылы қазақстандық қор алаңдарында өткізу туралы жариялады.

2022 жылдың 09 қарашасынан 02 желтоқсанына дейін IPO аясында "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ акцияларына жазылу жүргізілді. Жазылу барысында инвесторлардан жалпы сомасы 129 млрд теңгеден асатын 181 мыңнан астам өтінім келіп түсті, бұл ретте 153 млрд теңгеден астам сомаға өтінімдер қанағаттандырылды. Осылайша, осы IPO шеңберінде Қор компанияның 18 303 584 жай акцияларын сатқан, бұл "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ-ның орналастырылған жай акцияларының жалпы санының 3 %-ын құрайды.

"ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ акцияларын орналастыру жергілікті инвесторлардан тартылған инвестициялар сомасы және қатысқан инвесторлардың саны бойынша Қазақстан Республикасында рекордтық орын алды. KASE сауда-саттық жүйесінде жазылу арқылы компания 137,5 млрд теңге, оның ішінде жеке тұлғалардан 70,1 млрд теңге (51,0 %), институционалдық инвесторлардан 55,3 млрд теңге (40,2 %) және өзге заңды тұлғалардан 12,1 млрд теңге (8,8 %) тартты.

KASE алаңы үшін бұл орналастыру үшінші "Халықтық IPO" болып табылады және әрбір жаңа орналастыру азаматтардың қор нарығына қызығушылығын едәуір арттырды. 2012 жылы "ҚазТрансОйл" АҚ IPO-на қатысуға Қазақстан азаматы жеке тұлғалар 22,1 млрд теңге сомасына 34,7 мың өтінім берді. 2014 жылы "KEGOC" АҚ IPO-на қатысуға жеке тұлғалар жалпы сомасы 9,5 млрд теңгеге 42,0 мың өтінім берді. Ағымдағы жылы "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ IPO-на қатысуға Қазақстан азаматтарынан түскен өтінімдер саны 74,6 млрд теңгеге 128,7 мың дананы құрады, оның 70,1 млрд теңгесі KASE алаңы арқылы берілді. Од жүйесінде қараша айында 48 734 жаңа жеке есеп-шот ашылды, оның ішінде "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ IPO-сын өткізумен байланысты.

Сауда-саттық ашылған күн 08 желтоқсаннан бастап 2022 жылдың 31 желтоқсанына дейін KASE алаңында "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ акцияларының сауда-саттық көлемі 23,2 млрд теңгені құрады, баға 12 %-ға өсті.

Акциялар нарығының

Сыртқы және ішкі факторлардың әсерінен акциялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі төмендеді, бұл ретте акцияларда жасалатын мәмілелер саны үшінші жыл қатарынан өсуде.

Акциялар саудасаттығының көлемі 2022 жылы 307,3 млрд теңгеге жетті, оның ішінде 223,4 млрд теңгесі "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ IPO-сын өткізу және қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемінің өсуі есебінен төртінші тоқсанда сауда-саттық түсті. Алғашқы үш тоқсан ішінде жергілікті акциялармен сауда-саттық көлемі сыртқы және ішкі теріс факторлардың жиынтық әсері есебінен тежелді.

Сонымен қатар, акциялар нарығында жасалатын мәмілелер санының өсу үрдісі сақталады: 2022 жылы күн сайын 2 107 мәміле жасалды, бір мәміленің орташа көлемі 595 мың теңгені құрады, ал 2018 жылы нарықта күн сайын 1 846 мәміле жасалды, ал орташа көлемі 934,8 млн теңгені құрады.


3 кесте: Акциялар нарығындағы сауда-саттықтың негізгі көрсеткіштері

	2018	2019	2020	2021	2022
Сауда көлемі, млрд теңге, оның ішінде:	539,8	203,6	238,4	422,8	307,3
бастапқы нарық	0,5	<0,1	3,5	0,9	138,4
қайталама нарық	539,3	203,6	234,9	421,9	168,9
Мәмілелер саны, дана	141 072	103 222	195 687	452 284	516 318
Күніне мәмілелердің орташа саны, дана	573	420	795	1 846	2 107
Бір мәміленің орташа көлемі, мың теңге	3 826,7	1 972,1	1 218,2	934,8	595,2

Бұл үрдіс көбінесе бөлшек инвесторлардың келуімен түсіндіріледі. Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде бөлшек инвесторлар неғұрлым белсенді болып қалуда, олардың үлесіне акциялардың брутто-айналымының 44,3 % тиесілі. Банктердің қатысуы 0,4 %, брокер-дилерлердің қатысуы 12,3 % болып бағаланды, басқа институционалдық инвесторларға 11,5 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне 31,5 % тиесілі болды.

2022 жылы шетелдік инвесторлардың үлесі брутто-айналымның жалпы көлемінен 13,8 %-ға дейін өсті. Қазақстан Республикасының бейрезиденттерінің акциялар нарығындағы үлесінің өсуі негізінен дамушы елдер нарықтарының өсуін күтумен байланысты. Жетекші талдау агенттіктері келесі жылы Азия елдерінің дамушы нарықтары өсу қарқыны бойынша басқа өңірлерден асып түседі деген пікірге бірауыздан келіседі. Халықаралық Валюта Қорының (IMF) қазан айындағы есебіне сәйкес, 2023 жылы әлемдік экономиканың өсімі 3,2 %-ға жетеді, бұл ретте дамыған елдердің экономикасы 2,4 %-ды, ал дамушы елдердің экономикасы 3,7 %-ды қосады. Өңірлер бойынша ең көп өсу Таяу Шығыс пен Орталық Азия экономикаларында күтілуде (+ 5,0 %), оларға Қазақстан да жатады.


11 сурет. Инвесторлардың 2022 жылдағы құрылымы *



* ірі мәмілелерді және тұрақты емес сипаттағы мәмілелерді есепке алмағанда қайталама нарықтағы акциялар сауда-саттығының жалпы брутто-айналымынан

KASE индексі 2022 жылдың қорытындысы бойынша 11,5 %-ға 3 251,64 тармаққа дейін төмендеді. Максималды мән 11 қаңтарда белгіленді – 3 626,92. Минималды мән 17 маусымда тіркелді – 2 617,15 тармақ. Бірінші жартыжылдықта қазақстандық акциялар нарығы әлемдік нарықты аю аумағына алып, 27,2 %-ға төмендеді. Қызыл аймақта "Банк ЦентрКредит" АҚ акцияларын қоспағанда, индекстік себеттің барлық өкілдері жабылды. Индекстік акциялардың көпшілігі өз құнының үштен бір бөлігін жоғалтты, ал 2022 жылдың 05 мамырынан бастап Индекстің құрамына енгізілген Kaspi.kz жай акциялары 53,6 %-ға төмендеді. Екінші жартыжылдықтың басынан бастап отандық акциялар нарығында Индекстің қалпына келуі және өтімділіктің біртіндеп қайтарылуы байқалды. Инвесторлардың көңіл-күйінің жақсаруына табысты қаржылық есептерді жариялау және нарық күтулеріне толық сәйкес келмесе де, дивидендік маусымды өткізу ықпал етті.


12 сурет. Жалпы брутто-айналымдағы бейрезиденттердің үлесі*, %



* акциялармен сауда-саттықтың жалпы брутто-айналымынан, есептен мамандандырылған сауда-саттық бастамашысының позициясы және тұрақты емес сипаттағы мәмілелер азынып тасталды

Күшті қаржылық деректер және дивидендік маусымды өткізу KASE индексінің 2022 жылдың екінші жартыжылдығында қалпына келтіруге ықпал етті.

13 сурет. KASE индексінің құрамдастары



Дереккөз: KASE

"Банк ЦентрКредит" АҚ акционерлер арасында таза пайданы бөлмеу туралы шешім қабылдады, осыған қарамастан оның жай акциялары 2022 жылдың қорытындысы бойынша күшті қаржылық нәтижелер аясында бағасы 60,8 %-ға өсті. Банктің таза табысы 2022 жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша 127,2 млрд теңгені құрады, бұл 2021 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 11,9 есе жоғары. 06 мамырда банк "Альфа-Банк" Еншілес Банкі АҚ сатып алу және осы мәміледен жалпы сомасы 50,0 млрд теңге дивидендтер алу бойынша мәмілені аяқтады. Бизнес-позициялардың жақсарғанын және "Банк ЦентрКредит" АҚ капитал қорының ұлғайғанын белгілей отырып, S&P Global Ratings 2022 жылдың шілдесінде Тұрақты болжамы бар банктің рейтингін В-ден В+ ке дейін көтерді, Moody's Investors Service болжамын "Тұрақты"-дан "Позитивті"-ге көтерді.

Сонымен қатар, "Кселл" АҚ жылдық дивидендтерді төлеу туралы шешімін радиожиліліктерге аукцион нәтижесін алғанға дейін кейінге қалдырды. 2022 жылдың тоғыз айында ұялы байланыс операторының таза табысы өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 30 %-ға 32,5 млрд теңгеге дейін өсті. Сонымен қатар, "Қазақтелеком" АҚ бас компаниясының акционерлері шешім көшірілгеннен кейін, 2022 жылдың қарашасында акцияға 3 509,39 теңге көлемінде 2021 жылға дивидендтер төлеуді мақұлдады.

"Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" АҚ, "KEGOC" АҚ және "ҚазТрансОйл" АҚ акционерлер кеңесі 2022 жылы дивидендтік маусым мерзімін ауыстырған жоқ.

"Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" АҚ акционерлері 2022 жылдың 27 мамырындағы акцияға 876,74 теңге көлемінде дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдады және бұл компанияның жариялылық тарихындағы ең ірі дивидендтер сомасы. Есепті жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша уран компаниясы таза пайданың 1,9 есеге 306,3 млрд теңгеге дейін өсуі туралы есеп берді.

"KEGOC" АҚ 2022 жылдың маусымында өткен жылдың екінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша акцияға 50,85 теңге көлемінде дивидендтер төледі. Қазан айында компания акционерлері 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында акцияға 65,44 теңге көлемінде дивидендтер төлеуді мақұлдады. Дивидендтік маусым тоғыз айдың қорытындысы бойынша компанияның таза табысы 43,8 %-ға 79,2 млрд теңгеге дейін төмендегеніне қарамастан жылжыған жоқ.

"ҚазТрансОйл" АҚ 2022 жылдың сәуірінде дивидендтерді төлеуге 10 млрд теңге бағыттады, бұл акцияға 26 теңгені құрайды, бұл нарық болжамдарынан әлдеқайда төмен. Сондай-ақ, компанияның таза табысы тоғыз айдың қорытындысы бойынша тасымалдау көлемінің төмендеуі есебінен 48,9 %-ға төмендеп, 25,2 млрд теңгеге дейін төмендеді, бұл ретте негізгі құлдырау екінші тоқсанға, үшінші тоқсанда төмендеуі баяулады. Нәтижесінде 11 айдың қорытындысы бойынша компания акцияларының бағасы 48,5 %-ға анағұрлым төмендеуін тіркеді.

Банк секторының индекстік өкілдері Kaspi.kz АҚ мен "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ дивидендтік маусымды біршама жылжытты, бірақ мықты қаржылық есептердің жариялануына байланысты төлемдерді мақұлдады.

Kaspi.kz АҚ-ның 2022 жылдың тоғыз айындағы шоғырландырылған есебі таза табыстың 36 %-ға 422 млрд теңгеге дейін өскенін көрсетті. Екінші тоқсанның қорытындысы бойынша акционерлер акцияға 500 теңге, үшінші тоқсанның қорытындысы бойынша – бір акцияға 600 теңге көлемінде дивидендтер алды. Сондай-ақ, топ әрқайсысы 100 млн доллардан аспайтын акцияларды кері сатып алу бағдарламасын үш рет іске қосты. Бір жыл ішінде аталған бағдарламалар аясында нарықтан 137,8 млн. АҚШ долларына ЖОЖК кері сатып алынды.

"Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ-ның 2022 жылдың тоғыз айындағы таза пайдасы 417,1 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 25,2%-ға жоғары. 2022 жылдың 21 қазанында банк акционерлерінің жиналысы акцияға 12,71 теңге мөлшерінде дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдады, бұл 10,8 % дивидендтік кірістілікке баламалы. 2021 жылы дивидендтердің жалпы сомасы 138,6 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 30 %-ға аз.




Рынок корпоративных облигаций

Корпоративтік борыш нарығындағы орналастырулар мен эмитенттердің саны өсуде

14 сурет. 2022 жылдағы нарықтық орналастыру

от 10% до 25% годовых



2022 жылдың бірінші жартыжылдығында корпоративтік қарыз алу нарығында ставкалардың агрессивті көтерілуі және жоғары белгісіздік аясында корпоративтік орналастыру көлемі өте төмен деңгейде болды. Үшінші тоқсаннан бастап жағдай тұрақтанды және 2022 жылдың қорытындысы бойынша корпоративтік орналастырудың жалпы көлемі 1,5 трлн теңгені құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі орналастыру көлемінен 30,5 %-ға артық. KASE-де 2022 жылы жалпы сомасы 1 492,2 млрд теңге болатын 20 эмитенттің 53 шығарылымының облигациялары орналастырылды.

Борыштық капиталдың қайталама нарығында 2022 жылдың бірінші тоқсанының соңында екінші тоқсанының басында неғұрлым жоғары мөлшерлеме бойынша қайта бағалауға және ресейлік еншілес банктердің позицияларын жоюға байланысты сауда-саттықтың жоғары көлемі байқалды.

KASE-дегі корпоративтік облигациялардың сауда-саттығының көлемі 2021 жылға қарағанда 25,6 %-ға немесе 508,1 млрд теңгеге өсіп, 2,5 трлн теңгеге дейін жетті.

Бастапқы нарықта ҚРҰБ базалық мөлшерлемесінің көтерілуі аясында борыштық құралдарды орналастыру мөлшерлемелері де көтерілді. Корпоративтік облигацияларды нарықтық орналастыру бойынша кірістілік ағымдағы жылы жылдық 10,0-25,0 % ауқымында болды.

Қайталама нарықтағы корпоративтік облигациялардың сауда-саттық көлемі 2022 жылы 19,1 %-ға 996,7 млрд теңгеге дейін өсті. Корпоративтік борыштың қайталама нарығындағы сауда-саттықтың шыңы сәуір-маусымда болды, содан кейін айналым төмендеді, бірақ 2021 жылмен салыстырғанда әлі де жоғары деңгейде қалды.

Акциялар нарығындағы сияқты, облигациялар нарығында да 2022 жылы жасалған мәмілелердің рекордтық саны байқалады – бір мәміленің орташа көлемінің төмендеуі үрдісі сақталып отырған кезде 18 481. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 10,2 млрд теңгені (қайталама нарықта – 4,1 млрд теңге), мәмілелердің орташа күндік саны – 75 (қайталама нарықта – 67), бір мәміленің орташа көлемі – 134,7 млн теңгені (қайталама нарықта – 60,4 млн теңге) құрады.

4 кесте: Облигациялар нарығындағы сауда-саттықтың негізгі көрсеткіштері

	2018	2019	2020	2021	2022
Сауда-саттық көлемі, млрд теңге, оның ішінде:	2 309,4	2 715,6	2 691,2	1 980,8	2 488,8
– бастапқы нарық	1 858,2	1 953,7	2 239,4	1 143,7	1 492,2
– қайталама нарық	451,2	761,9	451,8	837,0	996,7
Мәмілелер саны, дана	2 203	2 704	3 203	8 839	18 481
– бастапқы нарық	137	363	1 033	980	1 978
– қайталама нарық	2 066	2 341	2 170	7 859	16 503
Күніне мәмілелердің орташа саны, дана	9	11	13	36	75
Бір мәміленің орташа көлемі, млн теңге	1 048,3	1 004,3	840,2	224,1	134,7

Корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде банктердің үлесі 27,0 %, брокерлік-дилерлік ұйымдар – 2,9 %, басқа институционалдық инвесторлар – 11,1 %, өзге заңды тұлғалар – 58,1 %, жеке тұлғалар – 0,8 % құрады. Бейрезиденттердің қатысу үлесі 3,5 %-ды құрады.


Корпоративтік облигациялардың қайталама нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде банктердің үлесі – 4,8 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі – 5,2 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 13,1 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 73,0 %, жеке тұлғалардың үлесі – 3,9 % құрады. Бейрезиденттердің үлесі рекордтық 16,4 % құрады.

15 сурет. Инвесторлардың 2022 жылдағы құрылымы *



* ірі мәмілелерді және тұрақты емес сипаттағы мәмілелерді есепке алмағанда қайталама нарықтағы корпоративтік облигациялармен сауда-саттықтың жалпы брутто-айналымынан

16 сурет. Жалпы брутто-айналымдағы бейрезиденттердің үлесі*, %



* корпоративтік облигациялармен сауда-саттықтың жалпы брутто-айналымынан, есептен мамандандырылған сауда-саттық бастамашысының позициясы алынып тасталды

Рынок государственных ценных бумаг

Мемлекеттік бағалы қағаздар секторында бастапқы және қайталама нарықтарда сауда-саттықтың тарихи жоғары көлемі тіркелген


2022 жылы МБҚ бастапқы және қайталама нарықтарындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі 6,0 трлн теңгені құрады, бұл мемлекеттік бағалы қағаздар секторы үшін тарихи максимум көрсеткіш болып табылады.

5 кесте: Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығындағы сауда-саттықтың негізгі көрсеткіштері

	2018	2019	2020	2021	2022
Сауда-саттық көлемі, млрд теңге, оның ішінде:	1 644,8	1 823,7	4 650,7	3 575,9	6 004,3
– бастапқы нарық	853,4	1 446,6	3 734,0	2 701,5	4 145,7
– қайталама нарық	791,4	377,1	916,8	874,4	1 858,7
Мәмілелер саны, дана	1 410	887	1 859	2 557	3 420
– бастапқы нарық	162	249	793	938	812
– қайталама нарық	1 248	638	1 066	1 619	2 608
Күніне мәмілелердің орташа саны, дана	7	7	8	10	14
Бір мәміленің орташа көлемі, млн теңге	1 166,5	2 056,0	2 501,7	1 398,5	1 755,7



17 сурет. 2022 жылдағы МБҚ кірістілігі және МБҚ кірістілік қисығы



МБҚ бастапқы нарығындағы сауда-саттық көлемі 53,5 %-ға немесе 1 444,1 млрд теңгеге өсіп, 4 145,7 млрд теңгеге жетті. Оның ішінде 176,4 млрд теңгені 12 облыс, Алматы, Астана және Шымкент қалаларының әкімдіктері тартты. Қаржы министрлігі жылдық орташа кірістілігі 10,21-16,58 %-ды құрайтын 3 969,2 млрд теңгені тартты. Бұл ретте 29 шығарылымды (14 жаңа шығарылым және 15 шығарылым ірілендірілді) 0,8-15,0 жылға дейінгі мерзіммен орналастырды.

МБҚ бастапқы нарығындағы сауда-саттық көлемі

1 444,1 млрд теңге **+53,5%**

Қайталама нарықта 2022 жылы сауда-саттық көлемі 1 858,7 млрд теңгені құрап, 2021 жылмен салыстырғанда 2 есеге артты. МЕКАМ сауда-саттығы көлемі 471,2 млрд теңгеге немесе 87,6 %-ға артты. Қаржы министрлігінің еурооблигациялармен сауда-саттық көлемі 3 есе өсті, бірақ сауда-саттық көлемінің құрылымындағы үлесі шамалы. МБҚ сауда-саттығының бірнеше есе өскен көлемі ҚРҰБ базалық

Қайталама нарықта сауда-саттық көлемі **1 858,7** млрд теңге

мөлшерлемесінің күрт көтерілуі аясында қайта бағалануына байланысты қазынашылық портфельдердің позицияларын жоюға негізделген. Сату шыңы 2022 жылдың наурыз-сәуір айларында болды.

Бастапқы нарықта өтеуге дейінгі мерзім бөлінісінде өтеу мерзімі 3 жылдан 5 жылға дейінгі міндеттемелердің үлесі 2022 жылдың басынан бастап 18 %-дан 43 %-ға дейін өсті. Өтеу мерзімі 5 жылдан 10 жылға дейін және 10 жылдан астам ұзақ мерзімді қағаздардың үлесі өткен жылмен салыстырғанда тиісінше 20 %-дан 12 %-ға дейін және 25 %-дан 5 %-ға дейін төмендеді.


Қайталама нарықта өтеуге дейінгі мерзімдер бойынша бөлуде өтеу мерзімі 3 жылдан 5 жылға дейінгі бағалы қағаздармен сауда-саттық үлесінің 5 %-дан 20 %-ға дейін және мерзімі 10 жылдан асатындардың 11 %-дан 16 %-ға дейін ұлғаюы байқалады. Өтеу мерзімі 1 жылдан 3 жылға дейінгі қысқа мерзімді қағаздардың үлесі 22 %-дан 10 %-ға дейін, ал 5 жылдан 10 жылға дейінгі орта мерзімді – 22 %-дан 12 %-ға дейін қысқарды.

Инвесторлардың құрылымы 2022 жылы бастапқы нарықта МБҚ сатып алушылар тарапынан өзгеріске ұшырады. Институционалдық инвесторлардың үлесі 35 %-дан 74 %-ға дейін өсті, ал ЕДБ үлесі 47 %-дан 14 %-ға дейін төмендеді.


Қайталама нарықта сатып алу жағында басқа заңды тұлғалардың үлесі (48 %-дан 54 %-ға дейін) өсті және 2022 жылдың басынан бері брокер-дилерлердің үлесі

(9 %-дан 3 %-ға дейін) төмендеді. Қайталама нарықта сату жағында осындай үрдіс байқалады: заңды тұлғалардың үлесі 26 %-дан 35 %-ға дейін ұлғайды, ал инвесторлардың басқа санаттарының үлесі төмендейді.

18 сурет. Бастапқы нарықта МБҚ орналастыру құрылымы өтеу мерзімі бойынша, млрд теңге, %




19 сурет. Қаржы құралдар бойынша KASE-дегі қайталама МБҚ нарығының көлемі, млрд теңге



Дереккөз: KASE




20 сурет. 2022 жылдағы бастапқы нарықтағы инвесторлардың құрылымы




■ Банктер ■ Брокер-дилерлер ■ Жеке тұлғалар ■ Өзге де заңды тұлғалар ■ Басқа институционалдық инвесторлар

Бейрезиденттердің қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 2022 жылы заттай көріністе сатып алушылар жағында 2021 жылмен салыстырғанда 2,3 есе өсті, бұл ретте олардың үлесі сатып алу жағында да, сату жағында да өзгерген жоқ және тиісінше 8 % және 6 % құрады.


22 сурет. Бастапқы нарықтың брутто-айналымындағы бейрезиденттердің үлесі, %



21 сурет. 2022 жылдағы қайталама нарықтағы инвесторлардың құрылымы



23 сурет. Қайталама нарықтың брутто-айналымындағы бейрезиденттердің үлесі, %



Жаңа индекстерді іске қосу қазақстандық нарықта ақша мен қаржы құралдары құнының неғұрлым репрезентативті бэнчмаркаларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

2022 жылдың 09 наурызынан бастап Қазақстан қор биржасы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы индекстерінің сериясын есептеуге және жариялауға кірісті. МБҚ индекстерінің жаңа сериялары өтелгенге дейін әртүрлі мерзімдерде мемлекеттік бағалы қағаздардың құнының және кірістілігінің өзгеруін көрсетеді: бір жылдан кем (s), бір жылдан бес жылға дейін (m), бес жылдан және одан көп (l).


Әрбір серияға мыналар кіреді:

- » KZGB_CP – жинақталған және төленбеген купондық сыйақыны есепке алмағанда бағалар бойынша есептелетін МБҚ "таза" бағаларының баға индексі;
- » KZGB_DP – жиынтық кірістің, яғни есептелген купондық сыйақы мен қайта инвестицияланған купондық төлемді ескере отырып бағалардың баға индексі;
- » KZGB_Y – жылдық пайызбен көрсетілген кірістілік индексі.

Жыл қорытындысы бойынша 1 жылға дейінгі мерзіммен МБҚ кірістілігі көбірек өсті (+6,77 %). 1 жылдан 5 жылға дейінгі мерзіммен МБҚ кірістілігі 3,06 %-ға, 5 жылдан астам мерзіммен – 0,25 %-ға өсті



24 сурет. Кірістілік индексінің әртүрлі мерзімдерде өзгеруі



KASE Global

KASE Global шетелдік бағалы қағаздар секторында сауда-саттық көлемі 25,8 млрд теңгені құрады

Желтоқсанның соңында KASE Global секторында 46 атаудағы акциялар және шетелдік эмитенттер Van Eck Associates Corporation, BlackRock Fund Advisors, Global X Management Company LLC және State Street Global Advisors алты ETF болды.

2022 жылдың қорытындысы бойынша "KASE Global" секторында 28 млрд теңге сомасына 25,8 мыңнан астам мәміле жасалды. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 105,3 млн теңгені, мәмілелердің орташа күндік саны – 116, бір мәміленің орташа көлемі – 908,3 мың теңгені құрады.

2022 жылы сауда-саттықтың ең көп көлемі мынадай акцияларға тиесілі болды:

- » Airbus SE (AIR_KZ) – жалпы сомасы 10,4 млрд теңгеге 133 мәміле;
- » Apple Inc. (APPL_KZ) – жалпы сомасы 2,8 млрд теңгеге 2 529 мәміле;
- » Intel Corporation (INTC_KZ) – жалпы сомасы 1,6 млрд теңгеге 2 762 мәміле.

Инвесторлардың негізгі санаттарының ішінде брокер-дилерлердің үлесіне 36,8 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне 5,9 %, өзге заңды тұлғалардың үлесіне 24,2 %, жеке тұлғалардың үлесіне 33,2 % тиесілі. Бейрезиденттердің үлесі 0,6 % бағаланады



Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары

Жыл соңында KASE сауда-саттық тізімінде төрт халықаралық қаржы ұйымының 40 облигация шығарылымы болды: Азия даму банкінің тоғыз шығарылымы, Еуразиялық даму банкінің 16 шығарылымы, Еуропалық қайта құру және даму банкінің 13 шығарылымы және Халықаралық қаржы корпорациясының екі шығарылымы

Аталған сектордағы сауда-саттық көлемі 2022 жылы 18,3 %-ға төмендеп, 126,9 млрд теңгеге жетті, бұл ретте мәмілелер саны керісінше 2,2 есеге өсті.

Бастапқы нарықтағы орналастыру көлемі 26,0 %-ға 86,4 млрд теңгеге дейін төмендеді. Барлығы үш халықаралық қаржы ұйымының алты шығарылымы орналастырылды.


Қайталама нарықта сауда-саттық көлемі 40,5 млрд теңгені құрады, бұл 5,2 %-ға немесе 2,0 млрд теңгеге жоғары.

Бастапқы нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде банктердің үлесі 35,6 %, брокерлік-дилерлік ұйымдар – 0,9 %, басқа институционалдық инвесторлар – 32,3 %, өзге заңды тұлғалар – 31,2 % құрады.

Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 2022 жылы банктердің үлесіне – 11,6 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 13,9 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 20,0 %, өзге заңды тұлғалардың үлесіне – 53,2 %, жеке тұлғалардың үлесіне – 1,3 % тиесілі болды. Бейрезиденттердің қатысуы 18,4% бағаланады




25 сурет. Өтеуге дейінгі мерзімдер бойынша айналыстағы ХҚҰ облигациялары борышының құрылымы *



* деректер 2023 жылдың 01 қаңтарына номиналды құны бойынша берілген

26 сурет. 2022 жылдағы қайталама нарықтағы инвесторлардың құрылымы *



* ХҚҰ облигацияларымен сауда-саттықтың жалпы брутто-айналымынан, есептен мамандандырылған сауда-саттық бастамашысының позициясы алынып тасталды

Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары


2023 жылдың 01 қаңтарында "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторында алты басқарушы компания мен алты ETF басқаратын инвестициялық пай қорларының 21 құралы болды, оның ішінде 2022 жылы тізімді "BCC Invest" АҚ және "Halyk Finance" АҚ басқаратын екі инвестициялық қор толықтырды. Аталған құралдармен сауда-саттық көлемі 8,8 млрд теңгені құрады, бұл 2021 жылға қарағанда 76,8 %-ға төмен. Сауда-саттықтың ең көп көлемі "Фридом Финанс" АҚ басқаруындағы "Fixed Income USD" АИПҚ және "Шығыс-Батыс" басқарушы компаниясы" ЖШҚ басқаруындағы "Бастапқы орналастыру қоры" ЖИПҚ тиесілі болды.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 27,3 % – жеке тұлғаларға, 21,5 % – брокер-дилерлерге, 2,1 % – басқа институционалдық инвесторларға, 49,1 % – өзге заңды тұлғаларға тиесілі. Бейрезиденттердің үлесі 4,8 % құрады.

Ақша нарығы

Ақша нарығындағы сауда-саттық көлемі өткен жылдан бері 51,9 % немесе 79,2 трлн теңгеге өсіп, 2022 жылы рекордтық 231,8 трлн теңгеге жетті.

27 сурет. Инфляция және пайыздық мөлшерлемелер



Ақша нарығындағы айналымның осындай айтарлықтай өсуіне бірнеше факторлар ықпал етті

Жоғары турбуленттілік кезеңдерінде нарықта дәстүрлі түрде қысқа мерзімді өтімділікке қажеттілік туындайды. 2022 жылы ақша нарығындағы сауда-саттықтың шыңы сәуір-маусымда болды.

2022 жылы базалық мөлшерлеме 9,75 %-дан 16,75 %-ға дейін көтерілді, сонымен қатар ақша нарығындағы мөлшерлемелер де өсіп, оны өтімділікті ұсынатын компаниялар үшін неғұрлым тартымды етті. Мәмілелер көлемі арқылы орташа алынған мәнді білдіретін MM_Index ақша нарығының композиттік индикаторы USD/KZT валюта свопы операциялары және бір жұмыс күні ашылған МБҚ-мен автоматты репо операциялары бойынша кірістілік мәні бір жыл ішінде жылдық 10,52 %-дан 17,85 %-ға дейін 733 б.т. ұлғайды.



2020 жылы Орталық контрагент институтын ақша нарығына енгізудің арқасында контрагент тарапынан міндеттемелерді орындаудың сенімді кепілдіктерінің пайда болуы. 2022 жылы ОК-мен репо мәмілелерінің үлесі 94,0 %-ға дейін өсті.

Репо операциялары


2022 жылы репо операцияларының жиынтық көлемі 202,6 трлн теңгені құрады, бұл 2021 жылғы сауда-саттық көлемінен 61,0 трлн теңгеге немесе 43,1 %-ға артық. Сауда-саттық көлемінің күрт өсуі 2021 жылдың төртінші тоқсанында басталды, 2022 жылы көлемі сақталды, бұл ретте қарыз алудың шыңы сәуір мен маусым аралығында болды. Сауда-саттық көлемінің неғұрлым өсуі жекелеген қатысушылар, оның ішінде екінші деңгейдегі банктер тарапынан ресейлік еншілес банктердің, брокерлік-дилерлік ұйымдардың активтерін жою кезеңінде, сондай-ақ геосаяси шиеленісу кезеңінде басқа да қатысушылар тарапынан байқалды.

Операциялардың орташа күндік көлемі 827,1 млрд теңгені, күнделікті жасалған мәмілелердің орташа күндік саны – 942, бір мәміленің орташа көлемі – 878,1 млн теңгені құрады. Репо операцияларының құрылымында 75,3 %-дан астам МБҚ-мен авторепо операциялары, МБҚ-мен авторепо – 24,6 %, МБҚ-мен тікелей репо және МБҚ-мен тікелей репо – 0,03 % құрады. КҚС-мен 5,1 млн теңгенің екі автопорепо келісімі жасалды.

2022 жылдың қорытындысы бойынша TONIA индикаторы жылдық 10,56 %-дан 17,63 %-ға дейін 707 б.т. өсті, TRION индикаторының мәні – жылдық 10,53 %-дан 17,56 %-ға дейін 703 б.т. өсті, TWINA индикаторының мәні – жылдық 10,34 %-дан 17,04 %-ға дейін 670 б.т. өсті. Маусымдық ауытқу салық төлемдері кезеңінде байқалды, сондай-ақ индикаторға қысым 2021 жылдың желтоқсанында күшейді.



28 сурет. 2020-2022 жылдардағы репо көлемінің ай сайынғы динамикасы, млрд теңге




Репо мәмілелерінің құрылымында Орталық Контрагенттің қатысуымен операциялар үлесін ұлғайту тренді жалғасуда. 2020 жылы ОК-мен репо мәмілелерінің үлесі 34,1 %-ды, 2021 жылы – 84,3 %-ды құрады, 2022 жылы ОК үлесі 94,0 %-ға дейін өсті.

Орталық контрагент институтының дамуына қарай неғұрлым ұзақ мерзімдерде сауда-саттықтың біртіндеп ұлғаюуы байқалады. 2022 жылы 9,6 трлн теңгенің репо мәмілелері 7 күннен 30 күнге дейінгі мерзімге жасалды, 30 күннен 90 күнге дейінгі мерзімге 245 млрд теңге келді.

2022 жылдың тамызында Қазақстан қор биржасы ASTS+ сауда-саттық клирингілік жүйесінің жаңа нұсқасын қолданысқа енгізді, онда ОК-мен клирингілік қатысу сертификаттарымен репо мәмілелерін жасау мүмкіндігі көзделген. Клирингілік қатысу сертификаттары биржа шығаратын және олардың иелерінің KASE арнайы құрылған кепілдік қоры – мүліктік пулдағы активтер үлесіне құқығын куәландыратын эмиссиялық емес қамтамасыз етілген мерзімсіз бағалы қағаздарды білдіреді.

6 кесте. Мерзімдер бойынша бөлінісінде 2015-2022 жж репо нарығындағы мәмілелер, млрд теңге:

	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022
0 күннен 7 күнге дейін	22 325	56 583	72 484	74 482	70 839	85 331	135 872	192 696
7 күннен 30 күнге дейін	887	529	1 281	1 341	1 866	3 238	5 593	9 612
30 күннен 90 күнге дейін	1	2	25	19	2	0	167	245
Барлығы	23 213	57 114	73 790	75 843	72 707	88 569	141 631	202 553




Валюталық своптың операциялары

2017 жылдан 2020 жылға дейін валюталық своптармен сауда-саттық көлемі жыл сайын репо құралдарымен сауда-саттық көлемінің өсуі пайдасына төмендеді. 2021-2022 жылдары үрдіс өзгерді және жасалатын своптардың көлемі өсе бастады.

2022 жылы валюталық своп операцияларының жиынтық көлемі 18,2 трлн теңгеге немесе 2,6 есеге, 29,2 трлн теңгеге дейін өсті

29 сурет. 2015-2022 жылдары репо-своптың мәміле көлемінің өзгеруі



2022 жылы операциялардың орташа күндік көлемі 119,2 млрд теңгені, мәмілелердің орташа күндік саны – 21, бір мәміленің орташа көлемі – 5,6 млрд теңгені құрады.

Аспаптық құрылымда сауда-саттықтың жалпы көлемінің 74,2 %-ы (21,6 трлн теңге немесе 47,0 млрд USD) валюта свопы нарығында бір күндік валюта свопымен мәмілеге келді (USDKZT_o_001), сауда-саттықтың жалпы көлемінің 20,7 % (6,0 трлн теңге немесе 13,4 млрд USD) – екі күндік валюталық своппен жасалған мәмілелерге (USDKZT_o_002), сауда-саттықтың жалпы көлемінің 0,1 % (32,0 млрд теңге немесе 70,0 млн USD) – апталық валюталық своппен мәмілелерге (USDKZT_o_01W), сауда-саттықтың жалпы көлемінің 0,7 % (194,2 млрд теңге немесе 432,0 млн USD) – айлық валюталық своппен мәмілелерге (USDKZT_o_01M), сауда-саттықтың жалпы көлемінің 0,6 % (166,5 млрд теңге немесе 22,4 млрд RUB) – ресей рублімен бір күндік валюталық своппен

жасалатын мәмілелерге (RUBKZT_o_001), сауда-саттықтың жалпы көлемінің 3,1 % (0,9 трлн теңге немесе 120,0 млрд RUB) валюта свопы нарығында ресей рублімен екі күндік валюта свопымен мәмілелерге (RUBKZT_o_002), своптармен сауда-саттықтың жалпы көлемінің 0,1 % кемі (11,2 млрд теңге немесе 1,3 млрд RUB) RUBKZT_1_001 мәмілесіне, осы жұптың сауда-саттығының жалпы көлемінен 0,5 % (139,2 млрд теңге немесе 280,8 млн EUR) бір күндік валюталық своппен мәмілеге келді (EURKZT_o_001), осы жұптың сауда-саттығының жалпы көлемінің 0,1 % (30,8 млрд теңге немесе 55,0 млн EUR) EURKZT_1_001-мен жасалған мәмілелерге келді.

SWAP-1D (USD) бір күндік долларлық своптың кірістілігі жылдың аяғында жылдық 18,62 %-ға жетті және жыл басынан бері 914 б.т. өсті. SWAP-2D (USD) екі күндік валюталық своптың кірістілігі 844 б.т. жылдық 18,68 %-ға дейін ұлғайды.

Шетел валюталарының нарығы


Валюта нарығында соңғы төрт жылда сауда-саттық көлемінің тұрақты өсу динамикасы байқалады, бұл, негізінен, олардың стратегиялары мен клиенттерінің қажеттіліктеріне сәйкес Биржа мүшелерінің белсенділігімен байланысты.

Бұл ретте USD/KZT валюта жұбымен сауда-саттықтың жаппай үстемдігінен біртіндеп алшақтау және Қазақстанның әріптес елдерінің валюталары бойынша тікелей конверсиялық операциялардың дамуы орын алуда.

Валюта нарығында 2022 жылы сауда-саттық көлемі 20,8 трлн теңгеге жетті, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 33,6 %-ға жоғары. Жалпы көлемдегі USDKZT жұбымен сауда-саттықтың үлесі 71,8 % немесе 14,9 трлн теңгені құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,4 %-ға төмен. RUBKZT жұбының үлесі 1,7 %-дан 10,3 %-ға дейін өсіп, 2,1 трлн теңгеге жетті, бұл 2021 жылға қарағанда 7,9 есе жоғары. CNYKZT жұбының үлесі 0,8 %-дан 2,8 %-ға дейін өсіп, 589,9 млрд теңгеге жетті, бұл 2021 жылға қарағанда 4,8 есе жоғары. EURKZT жұбының үлесі 0,2 %-дан 0,9 %-ға дейін өсіп, 185,6 млрд теңгеге жетті, бұл 2021 жылға қарағанда 5,3 есе жоғары.

Шілде айында еуроаймақтағы рецессия қаупі төнген жағдайда доллар еуромен тепе-теңдікке жетті. Тамыз айында еуро доллардан төмен болды. Осы кезеңде KASE валюта нарығында инвесторлардың қызығушылығы EURUSD жұбының сауда-саттығының пайдасына айтарлықтай ауысты. Қыркүйек және қазан айларында EURUSD жұбының сауда-


30 сурет. Шетел валюталарымен сауда-саттық көлемі, млрд теңге



саттығы USDKZT жұбының сауда-саттығы көлемінен асып түсті, ал 2022 жылдың қорытындысы бойынша EURUSD жұбы валюта нарығындағы сауда-саттықтың жалпы көлемінің 14,2 %-ын иеленді.


Шетелдік валюталар нарығындағы құралдар саны бойынша бөліністе 2021 жылы сатып алынған валютаның 84,1 млрд бірлігімен салыстырғанда 2022 жылы 344,1 млрд валюта бірлігі сатып алынды. Жалпы көлемнің ішінде 2022 жылы сатып алынған доллардың саны 32,3 млрд бірлікті (9,4 %), рубль – 296,5 млрд бірлікті (86,2 %), юань – 8,5 млрд бірлікті (2,5 %), еуро – 392,6 млн бірлікті (0,1 %) құрады. Долларға сатып алынған еуро бірліктерінің саны 6,3 млрд бірлікті құрады (1,8 %):

31 сурет. Валюта бірліктерінің саны, млрд дана



Валюта нарығындағы мәмілелер саны керісінше 103,6 мыңнан 85,7 мыңға дейін төмендеп, осылайша бір мәміленің орташа көлемінің өсу үрдісін көрсетті.

32 сурет. Валютамен жасалған мәмілелер саны, дана*



Деривативтер нарығы

2022 жылдың желтоқсанының аяғында биржалық нарықтың осы секторында АҚШ долларының теңгеге бағамына жеткізбейтін фьючерстер, ресей рублінің теңгеге бағамы, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ жай акциялары, "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ-ның жай акциялары және KASE индексі қолжетімді болды.

Ресей рублінің теңгеге қатысты бағамына фьючерстер 2022 жылдың тамызында қосылды және қарашада олармен 7,9 млрд теңгеге бес мәміле жасалды. 2022 жылы деривативтер нарығында басқа келісімшарттар жасалған жоқ. Бұл сектордағы сауда-саттық көлемі әзірге қарапайым. Бұл сегментті дамыту үшін қатысушылардың өтімділігі мен кәсібилігінің жоғары деңгейі қажет. KASE осы сегменттегі маркет-мейкерлік бағдарламасымен жұмыс істейді.

Операциялық және қаржылық нәтижелер

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Биржаның активтері 2022 жылғы аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікке сәйкес 12 109,7 млрд теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 2,8 есеге (7 757,1 млрд теңгеге) ұлғайды.

Активтер мен міндеттемелердің айтарлықтай өсуі Биржаның 2018 жылдың 01 қазанынан бастап әрбір қатысушы үшін биржалық сауда-саттықта жасалған барлық мәмілелер бойынша тарап бола отырып, барлық нарықтарда ОК функцияларын жүзеге асыруына және олардың нетто-негізде орындалуына кепілдік беруіне негізделген. Атап айтқанда, шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікте орталық контрагенттің қаржылық активтері 11 769,5 млрд теңгені құрады.

Ақша мен оның баламалары 267,9 млрд теңгені, амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері – 31,9 млрд теңгені, "кері РЕПО" операциялары – 35,6 млрд теңгені құрады.


Міндеттемелер мен капитал

Биржа міндеттемелерінің көлемі 2,8 есеге ұлғайып, 12 083,1 млрд теңгені құрады, оның 97,4 % немесе 11 769,5 млрд теңгесі орталық контрагенттің қаржылық міндеттемелерін құрайды, 2,6 % немесе 312,8 млрд теңгесі KASE есеп-шоттарында орталық контрагент ретінде орналастырылған клирингтік қатысушылардың кепілдік жарналары мен қамтамасыз етілуін құрайды.

Есептік жылы Биржаның меншікті капиталы 35,1 %-ға (6,9 млрд теңге) ұлғайып, 26,6 млрд теңгеге жетті. 2022 жылдың соңындағы жағдай бойынша Биржаның жарғылық капиталының мөлшері 4,2 млрд теңгені құрады және өткен жылмен салыстырғанда өзгерген жоқ.

Клирингтік резервтік қорлар өткен жылмен салыстырғанда өзгерген жоқ және 3,2 млрд теңгені құрады. Негізгі құралдарды қайта бағалауға арналған резервтер 183,7 млн тенге теңгені құрады.

33 сурет. Рентабельділіктің негізгі көрсеткіштері



Кірістер

Биржаның операциялық кірісі 2022 жылдың қорытындысы бойынша 11,9 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 4,7 млрд теңгеге немесе 65,8 %-ға жоғары. Комиссиялық кірістер 5,7 млрд теңгені құрап, 1,5 млрд теңгеге немесе 34,6 %-ға артты. Пайыздық кірістер 3,4 млрд теңгеге немесе 2,1 есе өсіп, 6,4 млрд теңгені құрады.

Комиссиялық кірістер құрылымында неғұрлым көп үлесті клиринглік алымдар 37,0 %, операцияларды жүргізгені үшін комиссиялық алымдар бойынша кірістер 36,6 %, листинглік алымдар 13,7 %, мүшелік жарналар бойынша кірістер 5,4 %, ақпараттық қызметтерді көрсетуден түскен кірістер 4,3 %, қашықтан қол жеткізу қызметтерін көрсетуден түскен кірістер 2,9 % құрайды.


Биржалық операцияларды жүргізу үшін комиссиялық ақы 2,1 млрд теңгені құрап, 0,6 млрд теңгеге немесе 37,4 %-ға артты. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда комиссиялық алымдардың ұлғаюы барлық нарықтардағы сауда-саттық көлемінің өсуіне байланысты болды.

Биржаның листинглік алымдары 2022 жылы 52,3 млн теңгеге немесе 6,2 %-ға төмендеп, 785,4 млн теңгеге жетті.

Биржаның клиринглік алымдары 946,9 млн теңгеге немесе 81 %-ға артып, 2,1 млрд теңгені құрады. Мүшелік жарналар бойынша кірістер 29,7 млн теңгеге немесе 2021 жылға қарағанда 8,7 %-ға төмендеп, 310 млн теңгені құрады. Ақпараттық қызмет көрсетуден түскен кіріс 2022 жылы 6,5 млн теңгеге немесе 2,6 %-ға азайып, 246,2 млн теңгені құрады.



34 сурет. Негізгі қызметтер бөлінісіндегі кірістер құрылымы



Шығыстар

Жыл қорытындысы бойынша Биржаның шығыстары 4 млрд теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 1,1 млрд теңгеге немесе 37 %-ға артты. Биржаның шығыстар құрылымында неғұрлым көп үлесті персоналға арналған шығыстар 57 %, тозу және амортизация 10,6 %, негізгі құралдар мен MEA-ге техникалық қызмет көрсету 5,8%, өзге шығыстар 27 % алады. Персоналға жұмсалатын шығыстардың өсуі штат санының ұлғаюымен байланысты; тозу және амортизация баптары бойынша шығыстардың өсуі.

Биржаның операциялық қызметінің нәтижелері

2022 жылдың қорытындысы бойынша Биржаның таза кірісі 2,9 млрд теңгеге артып, 6,8 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 74,6 %-ға жоғары. EBITDA 82 %-ға өсіп, 8,4 млрд теңгені құрады. Биржаның операциялық кірісі 65,8 %-ға артты, операциялық шығыстар 37 %-ға артты, операциялық маржа өткен жылғы 59,6 %-ға қарағанда 2022 жылы 66,6 %-ға артты. Таза пайда маржасы бір жыл бұрынғы 54,2 %-ға қарағанда 2022 жылы 57,1 %-ға дейін өсті.

Капиталдың пайдалылығы (ROE) 2022 жылдың қорытындысы бойынша есепті жылы таза пайданың ұлғаюы есебінен 22 %-дан 30 %-ға дейін ұлғайды. Активтердің пайдалылығы (ROA) орталық контрагентпен репо операциялары есебінен активтердің едәуір ұлғаюы нәтижесінде 0,13 %-дан 0,08 %-ға дейін азайды.

КОРПОРАТИВТІК ЕСЕП



В соответствии с законодательством Республики Казахстан общее собрание акционеров является высшим органом управления Биржи.

Корпоративтік басқару

Акционерлер туралы ақпарат

2022 жылдың 01 қаңтарында Биржаның жарияланған жай акцияларының жалпы саны бес млн дананы құрады, оның ішінде акционерлері 48 тұлға, оның ішінде банктер, брокерлік және сақтандыру ұйымдары, бөлшек инвесторлар – жеке тұлғалар болып табылатын 1 075 231 жай акция орналастырылды, Ұлттық Банкке Биржаның орналастырылған жай акцияларының жалпы санынан 46,99 % үлес тиесілі болды.

KASE акционерлерінің жалпы жиналысы және Директорлар кеңесі

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысы Биржаның жоғары басқару органы болып табылады. Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жататын мәселелердің тізбесі "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және Биржа жарғысында анықталған.

Директорлар кеңесі Биржаның басқару органы болып табылады, "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңында және/немесе Биржа жарғысында Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Биржаның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.



2021 жылдың мамырында акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен Директорлар кеңесінің он адамнан тұратын сандық құрамы анықталды, оның ішінде:

- » Директорлар кеңесінің сайланбайтын үш мүшесі – қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның өкілі және "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 84 бабы 4 тармағының негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өкілі, сондай-ақ Биржа Жарғысының 17 бабы 3 тармағының 2) тармақшасы негізінде Биржаның Басқарма Төрағасы (лауазымы бойынша);
- » Биржа акционерлерінің мүдделерінің төрт өкілі;
- » Биржаның үш тәуелсіз директоры.

Осы шешіммен мыналар анықталды:

- » Директорлар кеңесінің сайланатын мүшелерінің өкілеттік мерзімі олар сайланған күннен басталады және Биржаның 2023 жылғы жылдық қаржылық есеп берушілігін қарауға арналған Биржа акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын өткізу сәтінде аяқталады;
- » Биржа акционерлерінің мүдделерінің өкілдері болып табылатын Директорлар кеңесінің мүшелері болып сайланды – Е.С. Әбдіразақов, А.В. Дронин, И.Л. Марич, Е.И. Сәлімов және Биржаның тәуелсіз директорлары – Я. Виллемс, И. Дорон, А.Р. Елемесов.

2022 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамы:

Ұлттық Банктің және уәкілетті органның өкілдері "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының негізінде:

- » **Молдабекова Әлия Мейірбекқызы** (Директорлар кеңесінің Төрағасы) – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары;
- » **Хаджиева Мария Жамаловна** – Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының орынбасары;

атқарушы органның басшысы Биржа жарғысының негізінде:

- » **Алдамберген Алина Өтемісқызы** – KASE Басқарма төрайымы;

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы заңының негізінде басқару органының сайланатын мүшелері:

- » **Әбдіразақов Елдар Советұлы** – "Сентрас Секьюритиз" АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы; "Сентрас Иншуранс" сақтандыру компаниясы" АҚ, "Коммекс-Өмір" сақтандыру компаниясы" АҚ, "Сентрас Коммекс Life" өмірді сақтандыру компаниясы" АҚ;
- » **Дронин Александр Владимирович** – "BCC Invest" АҚ Басқарма төрағасының орынбасары;
- » **Елемесов Асқар Раушанұлы** – KASE тәуелсіз директоры;
- » **Израэли Дорон** – KASE-нің тәуелсіз директоры;
- » **Марич Игорь Леонидович** – "ММВБ-РТС Мәскеу Биржасы" БАҚ-ның сату және бизнесті дамыту жөніндегі басқарушы директоры;
- » **Сәлімов Ертай Исмаилұлы** – "Қазақстан Халық Банкі" АҚ Басқарма төрағасының орынбасары;
- » **Ян Виллемс** – KASE тәуелсіз директоры.

Елдар Әбдіразақов
(1972)

KASE директорлар кеңесінің мүшесі, Директорлар кеңесінің Төрағасын алмастыруға құқығы бар тұлға, KASE Директорлар кеңесінің бюджет және стратегиялық жоспарлау және кадрлар мен сыйақылар жөніндегі комитеттерінің мүшесі



Елдар Әбдіразақов 2005 жылы KASE Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды және 2021 жылдың мамырында аталған лауазымға қайта сайланды.

2021–2022 жылдары мен 2023 жылдың қаңтарында Елдар Советұлы Chartered Director біліктілігінің жүйелі үш кезеңін сәтті аяқтады:

- » Сертификатталған директор / Certificate in Company Direction; 2021
- » Дипломды директор / Diploma in Company Direction; 2022
- » Расталған директор / Chartered Director; 2023
- » Оған "Chartered Director" директорының жоғары біліктілігі және Елдар Советұлының жоғары кәсіби құзыреттілігін растайтын Institute of Directors, UK "Расталған директор" мәртебесі берілді.

Еңбек жолының әр жылдарында "Қазкоммерцбанк" ААҚ басқарушы директоры, "Казкоммерц-Секьюритиз" ААҚ бас директоры, "Сентрас Секьюритиз" АҚ Басқарма төрағасы болып еңбек етті, қазіргі уақытта "Сентрас Капитал" ЖШС

бас директоры, "ForteBank" АҚ, "Air Astana" АҚ директорлар кеңесінің мүшесі. "Атамеке" ҰҚП төралқасы жанындағы Корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі ұлттық кеңестің мүшесі. Kazakhstan Growth Forum құрылтайшысы, Professionalize Kazakhstan жастарға арналған білім беру жобасының бастамашысы.

"Коммекс-Өмір", "Сентрас Коммекс Life", "Сентрас Иншуранс" сақтандыру компаниялары, сондай-ақ "Сентрас Секьюритиз" АҚ, "Сентрас Капитал" ЖШС қаржы компаниялары, iLEX заң компаниясы, SOS медициналық орталығы және "Сентрас" венчурлік қоры" АҚ кіретін Centras Group холдингіне иелік етеді.

1995 жылы Х.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін "Халықаралық экономикалық қатынастар" мамандығы бойынша үздік бітірген. Оқуын университет магистратурасында жалғастырды және 1996 жылы оған "Халықаралық экономикалық қатынастар" мамандығы бойынша ғылым магистрі академиялық дәрежесі берілді. 2010 жылы Гарвард бизнес-мектебінің (АҚШ) басшыларына арналған бағдарламаны сәтті аяқтады.

Алина Алдамберген

(1973)

Директорлар кеңесінің мүшесі,
Басқарма төрайымы

2016 жылдың 09 ақпанынан бастап KASE Басқарма төрайымы болып сайланды, Директорлар кеңесінің құрамына кіреді. Аталған лауазымға 2020 жылдың маусымында қайта сайланды. Әр жылдары "ABN AMRO Asset Management" ЗАИБЖҰ" АҚ Басқарма төрайымы, директорлар кеңесінің мүшесі, "ABN AMRO Банк Қазақстан" ЕАБ" АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, Самұрық-Қазына Қаржы" АҚ Бас директорының орынбасары, Бас директоры, "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" АҚ Басқарма төрағасының орынбасары сияқты лауазымдарда жұмыс істеген және Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу жөніндегі Қазақстан Республикасы агенттігі төрағасының орынбасары, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі төрағасының орынбасары ретінде жауапты мемлекеттік лауазымдарды атқарды.

Қазіргі уақытта "Атамекен" ҰКП төралқасы жанындағы Корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі ұлттық кеңестің мүшесі, "Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы" ЗТБ мүшесі,

"KASE клирингтік орталығы" АҚ, "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады. А. Алдамбергеннің жетекшілігімен 2017 жылдан бастап KASE 2015 жылы қосылған БҰҰ-ның "Тұрақты қор биржалары" – Sustainable Stock Exchanges Initiative Бастамасын іске асыру шеңберінде KASE Халықаралық қаржы корпорациясымен (бұдан әрі – IFC) бірлесіп жыл сайынғы Ring the Bell for Gender Equality сауда-саттығының ашылу рәсімін өткізеді.

2016 жылы "Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 25 жыл" мерекелік медалімен, 2018 жылы "Құрмет" орденімен марапатталды.

1995 жылы "Қаржы және несие" мамандығы бойынша Қазақ Мемлекеттік Басқару Академиясын, 1997 жылы – Рочестер Университетінің Уильям Е Саймон атындағы Іскери әкімшілік ету мектебін Іскери әкімшілік ету магистрі дәрежесімен (MBA) аяқтады.

Дорон Израэли

(1981)

Директорлар кеңесінің мүшесі, KASE
тәуелсіз директоры, Директорлар кеңесінің
Ішкі аудит жөніндегі комитетінің төрағасы

Дорон Израиль 2021 жылдың мамырында Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор болып сайланды.

Еңбек жолының әр жылдарында EY (Ernst & Young), Кәсіби практика департаменті, Тель-Авив, Израиль, Израиль бағалы қағаздар жөніндегі басқармасының корпоративтік қаржы бөлімінде (Israel Securities Authority), Иерусалим, Израиль, еңбек етті.

Қазіргі уақытта Arison School of Business, IDC Herzlia профессоры болып табылады. Бухгалтерлік есеп, эконометрика және қаржы пәндерінен сабақ береді, және Назарбаев университеті жоғары бизнес мектебінің профессоры. Бухгалтерлік есеп пен эконометрика пәндерінен сабақ береді.

2006 жылы Тель-Авив университетін Экономика, бухгалтерлік есеп және менеджмент бакалавры дәрежесін бере отырып үздік бітірді.

2012 жылы Стэнфорд университетін Статистика магистрі дәрежесімен бітірді, 2013 жылы Бизнесі Басқару бойынша бухгалтерлік есеп саласындағы Ғылым докторы дәрежесін алды.

Александр Дронин

(1982)

KASE Директорлар кеңесінің мүшесі



Александр Дронин 2021 жылдың мамырында Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

Өзінің еңбек мансабының әр жылдарында банк саласында және ақпараттық технологиялар саласында бухгалтер/қаржы директоры ролінде, тәуекел-менеджмент бөлімшесінің және кейіннен "BCC Invest" АҚ қаржы блогының басшысы ролінде жұмыс істеді. "BCC Invest" АҚ Басқарма төрағасының бизнес-блокқа жетекшілік ететін орынбасары сияқты лауазымдарды атқарды. Директорлар кеңесінің құрамына кірді және "Standard Life" ӨСК" АҚ тәуелсіз директоры болды.

Қазіргі уақытта сақтандыру, инвестициялық және қаржы-техникалық сектордағы әртүрлі жобаларда тәуелсіз стратегиялық кеңесші болып табылады.

2003 жылы Т. Рысқұлов атындағы Қазақстан экономикалық университетін "Бухгалтерлік есеп және аудит" мамандығы бойынша үздік бітірген, 2012 жылы MBA International Academy of Business (Халықаралық бизнес академиясы) бағдарламасы бойынша магистр дәрежесін "Бизнес әкімшілендіру" мамандығы бойынша, 2013 жылы Massey University университетінде (Новая Зеландия) PhD аспиранты дәрежесін алды.

Асқар Елемесов

(1968)

KASE Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры, Директорлар кеңесінің Бюджет және стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитетінің және Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетінің төрағасы



Асқар Елемесов 2021 жылдың мамырында Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор болып сайланды.

Әр жылдары "Банк Каспийский" АҚ, "ТұранӘлем Банкі" АҚ, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, Deutsche Bank Securities Kazakhstan және "Тройка Диалог Казахстан" АҚ инвестициялық компанияларындағы бірінші басшы, "Атамекен" ҰҚП төралқасының қаржы секторы комитетінің төрағасы және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары, Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі ретінде жауапты мемлекеттік лауазымдарды атқарған.

Әр жылдары әралуан қаржы ұйымдары мен мемлекет қатысатын ұйымдардың директорлар кеңесінің құрамына кірді – "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ, "Қазкоммерцбанк" АҚ, "Отбасы банкі" тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ, "ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингі" АҚ,

"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ, "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" АҚ, "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" АҚ, "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ, "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ және т.б. тәуелсіз директоры. "Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығы" ЗТБ Директорлар кеңесінің төрағасы қызметін атқарды.

Қазіргі уақытта "ТКРА (Талдамалық несиелік рейтинг агенттігі)" филиалының басшысы, "Bereke Bank" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры, "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры, "Samanea Limited" Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры, "SkyBridge Invest" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры.

1990 жылы М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетін "Саяси экономика" мамандығы бойынша, 1994 жылы – Вашингтон университетінің магистратурасын "Іскерлік әкімшілендіру" мамандығы бойынша бітірген.

Игорь Марич

(1974)

KASE Директорлар кеңесінің мүшесі,
Директорлар кеңесінің Бюджет және
стратегиялық жоспарлау жөніндегі
комитетінің мүшесі



Игорь Марич 2018 жылы Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор болып сайланды, 2021 жылдың мамырында Директорлар кеңесінің мүшесі қызметіне қайта сайланды.

Әр жылдары "ММВБ-РТС Мәскеу Биржасы" БАҚ ақша нарығы жөніндегі басқарушы директоры, "ММВБ-РТС Мәскеу Биржасы" БАҚ Басқарма мүшесі – ақша және мерзімді нарықтар жөніндегі басқарушы директоры, "ММВБ-РТС Мәскеу Биржасы" БАҚ Басқарма мүшесі – сату және бизнесті дамыту жөніндегі басқарушы директоры секілді лауазымдарда жұмыс істеді. Әртүрлі жылдары әралуан ресейлік банктерде бағалы қағаздармен операцияларды басқарды (1999 жылға дейін — ЭЛБИМ-БАНКТЕ, содан кейін — "Содружество" Банкінде), ММВБ-де жұмыс істеді, ММВБ-де мерзімді нарықты дамытуға, сондай-ақ ММВБ Тобының нарықтарында жаңа құралдарды әзірлеуге және енгізуге басшылық жасады. ММВБ-да РЕПО нарығын құруға және биржалық РЕПО операцияларын одан әрі дамытуға, сондай-ақ банктердің ММВБ-де депозиттік-несиелік операцияларын жүргізуді ұйымдастыруға белсене қатысты.

Қазіргі уақытта Банктік емес кредит ұйымы – "Ұлттық Клиринглік Орталық" орталық контрагенті (акционерлік қоғам) Басқарма Төрағасы және Байқаушы кеңесінің Төрағасы болып табылады, "Ұлттық тауар биржасы" акционерлік қоғамы Байқаушы кеңесінің төрағасы, "МБ Инновации" жауапкершілігі шектеулі қоғамы, "Ұлттық қаржы қауымдастығы (өзін-өзі реттейтін коммерциялық емес ұйым)" (ҰҚҚ) "Петербург Есеп айырысу орталығы" жабық акционерлік қоғамының Банктік емес несиелік ұйымының Директорлар кеңесінің мүшесі, "Ұлттық есеп айырысу депозитарийі" акционерлік қоғамының Банктік емес несиелік ұйымының Байқаушы кеңесінің мүшесі болып табылады.

1998 жылы Ресей Федерациясы Үкіметі жанындағы Қаржы академиясын "Банк ісі" мамандығы бойынша үздік бітірген. INSEAD 2015 бизнес-мектебінің TGM бағдарламасы бойынша түлегі.

Әлия Молдабекова

(1976)

KASE Директорлар кеңесінің төрағасы



"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 84 бабы 4 тармағының және KASE Жарғысының 17 бабы 3 тармағының 1) тармақшасының негізінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен өкіл ретінде 2020 жылдың қаңтарында Директорлар кеңесінің құрамына кірді және Директорлар кеңесінің шешімімен 2020 жылдың қаңтарынан бастап Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды, 2021 жылдың мамырында Директорлар кеңесінің төрағасы болып қайта сайланды.

Әр жылдары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Монетарлық операциялар департаменті (Монетарлық операциялар және активтерді басқару департаменті) директорының орынбасары, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Монетарлық операциялар департаментінің директоры сияқты лауазымдарда жұмыс істеді.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары қызметін атқарады.

"Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл", "Теңгеге 20 жыл", "Ерең еңбегі үшін", "Астана 20 жыл" мерекелік медальдарымен, "ҚРҰБ еңбек сіңірген қызметкері" төсбелгісімен марапатталған. Бірнеше рет Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының Алғысына ие болды.

1999 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетін бітірген, физика-математика ғылымдарының кандидаты.

Ертай Сәлімов

(1974)

KASE Директорлар кеңесінің мүшесі,
Листингтік комиссияның төрағасы,
KASE Директорлар кеңесінің
Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік
мәселелер және ішкі аудит жөніндегі
комитеттерінің мүшесі



Ертай Сәлімов 2016 жылы KASE Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры болып сайланды және 2021 жылдың мамырында Директорлар кеңесінің мүшесі қызметіне қайта сайланды.

1995 жылдың тамызынан бері Халық банкінде жұмыс істейді және еңбек жолының әр жылдарында валюталық операциялар департаменті саудалық емес операциялар бөлімі бастығының орынбасары, валюталық операциялар департаменті бағалы металдармен жұмыс бөлімі бастығының орынбасары, халықаралық операциялар департаменті бағалы металдармен жұмыс бөлімінің жетекші банкирі, халықаралық операциялар департаменті бағалы металдар бөлімінің жетекші банкирі, сауда қаржыландыру департаментінің Commodity бөлімінің бас банкирі, коммерциялық департаменттің Commodity бөлімінің бас банкирі, қазынашылықтың аға дилері, қазынашылықтың Forex, Money market операциялар басқармасының бастығы, - қазынашылықтың сауда операциялары басқармасының бастығы, қазынашылық директорының орынбасары, - қазынашылық директоры секілді қызметтерді атқарды.

Қазіргі уақытта "Қазақстан Халық Банкі" АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары, "Қазақстан Халық Банкінің еншілес ұйымы "Nalyk Finance" АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы сияқты лауазымдарды атқарады.

Кәсіби жетістіктері үшін түрлі грамоталармен марапатталған.

2013 жылы "Теңгеге 20 жыл" - Үздік қаржыгер" мерекелік медалімен марапатталды;

2017 жылы "Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының" - "Халықаралық экономикалық қатынастар" мамандығы бойынша "Еңбек сіңірген қаржыгер" орденімен марапатталды.

1995 жылы Қазақстан мемлекеттік басқару академиясын "Қаржы және кредит" мамандығы бойынша бітірген.

Мария Хаджиева

(1971)

KASE Директорлар кеңесінің мүшесі



"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 84 бабы 4 тармағының және KASE Жарғысының 17 бабы 3 тармағының 1-1) тармақшасының негізінде Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінен өкіл ретінде 2020 жылдың қаңтарында Директорлар кеңесінің құрамына кірді.

Әр жылдары Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің бағалы қағаздар нарығы субъектілерін және жинақтаушы зейнетақы қорларын қадағалау департаменті директорының орынбасары, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Бағалы қағаздар нарығы субъектілерін және жинақтаушы зейнетақы қорларын қадағалау департаментінің директоры, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті төрағасының орынбасары, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Бағалы қағаздар нарығы субъектілерін қадағалау департаментінің директоры, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Бағалы қағаздар нарығы департаментінің директоры, Бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеушінің Басқарма төрағасының орынбасары, Бағалы қағаздарды

бірыңғай тіркеушінің Басқарма Төрағасы, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" ЗТБ Кеңесі Төрағасының бірінші орынбасары сияқты лауазымдарда жұмыс істеді.


Әр жылдары "Қазкоммерц Секьюритиз" АҚ, "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ, "Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі" АҚ, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" АҚ директорлар кеңестерінің құрамына кірді.

Қазіргі уақытта Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының орынбасары қызметін атқарады.

Медальдар: "Қазақстан Конституциясына 10 жыл", "Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл" мерекелік медальдары, "ҚР Ұлттық Банкінің еңбек сіңірген қызметкері" төсбелгісі, "Теңгеге 20 жыл" мерейтойлық медалі, "Ерен еңбегі үшін медалі.

Интеграциялық Комитеттің аппаратында белсенді адал жұмыс істегені үшін алғыс.

ҚРҰБ Төрағасының алғысы.



Ян Виллемс
(1975)

KASE Директорлар кеңесінің мүшесі,
тәуелсіз директоры

Ян Виллемс 2020 жылдың желтоқсанында Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор болып сайланды, 2021 жылдың мамырында аталған лауазымға қайта сайланды.

Еңбек жолының әр жылдарында Бельгияның Брюссель қаласындағы Euroclear Bank инвестициялық қорларында лауазымды тұлға; Ирландияның Дублин қаласындағы BISYS Fund Services (қазіргі Citi Bank Ireland Plc) трансферлік агенттігі тобының жетекшісі; Шотландияның Эдинбург қаласындағы Deutsche Bank Security Services (қазіргі State Street Bank and Trust) клиенттерге қызмет көрсету бөлімінің лауазымды тұлғасы; Люксембургтегі Clearstream Banking-тің сату және байланыс жөніндегі басшысы (вице-президент) – Ресей, ТМД және Нидерланд бөлімшесінің басшысы болды.

2013 – 2018 жылдары Люксембургтегі Clearstream Banking-тің Нарықты дамыту жөніндегі вице-президенті қызметін атқарды.

Қазіргі уақытта Люксембургтегі Clearstream Banking-тің атқарушы директоры, Әлемдік нарықтар өнімдерінің бөлімінің басшысы болып табылады.

1997 жылы Гент университетін (Гент, Бельгия) "Герман филологиясы" мамандығы бойынша бітірген.

2022 жылы Директорлар кеңесінің отырыстары тұрақты негізде күндізгі және сырттай форматта өткізілді.

Есептік кезеңде Директорлар кеңесі Биржа қызметінің өз құзыретіне жататын стратегиялық және ағымдағы мәселелерін қарады. Директорлар кеңесінің 13 күндізгі отырысы және 30 сырттай дауыс беру өткізілді.

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес неғұрлым маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін Биржада мынадай Директорлар кеңесінің комитеттері және Биржа комиссиясы жұмыс істейді:

- » Директорлар кеңесінің Бюджет және стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеті;
- » Директорлар кеңесінің Ішкі аудит жөніндегі комитеті;
- » Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті.

Сауда-саттықты ұйымдастырушының ұйымдық құрылымына және қор биржасының листингілік комиссиясының құрамына қойылатын талаптарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылдың 19 желтоқсанындағы № 249 қаулысымен бекітілген Қор биржасының сауда-саттық жүйесінде жасалатын мәмілелерді қадағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сауда-саттықты ұйымдастырушының құрылымдық бөлімшесінің қызметін жүзеге асыру ережелеріне сәйкес Биржада:

- » Листингілік комиссия;
- » Директорлар кеңесінің Эмитенттер аудиті жөніндегі комитеті жұмыс істейді.

Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Қаржы құралдарымен мәмілелерді жүзеге асыру процесінде туындайтын даулар мен жанжалдарды шешу тәртібіне сәйкес Даулар мен жанжалдарды шешу жөніндегі комиссия жұмыс істейді.

Директорлар кеңесі комитеттерін және Биржа комиссияларын қалыптастыру және олардың жұмыс тәртібі, олардың саны, сондай-ақ олардың құзыреті, функциялары, сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін Биржаның ішкі құжаттарымен регламенттеледі.

2022 жылы:

- » Биржа Директорлар кеңесінің Бюджет және стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитетінің 14 отырысы;
- » Биржа Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетінің 9 отырысы;
- » Биржаның Директорлар кеңесі Ішкі аудит жөніндегі комитетінің 12 отырысы;
- » Листингілік комиссияның 3 отырысы, сондай-ақ осы комиссияның 2 сырттай дауыс беруі өткізілді.

Биржа Директорлар кеңесінің Бюджет және стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитетінің құрамында сарапшылар ретінде Қаржы нарығын реттеу мен дамыту агенттігінің және инвестициялық компанияның өкілдері болды.

Директорлар кеңесі өз қызметін жүзеге асыру кезінде Биржаның Корпоративтік басқару кодексінде, Биржа Жарғысында, Директорлар кеңесі туралы қағидада көзделген мақсаттарды, міндеттерді басшылыққа алады және Биржа қызметінің оң нәтижелеріне қол жеткізу үшін өзінің функционалдық міндеттерін сақтайды.

Биржа Басқармасы

Басқарма Биржаның алқалы атқарушы органы болып табылады және "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және Биржа жарғысында акционерлердің жалпы жиналысының және/немесе Биржаның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Биржаның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады.

2023 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша Басқарма құрамы:

- » **А.Ө. Алдамберген**, Басқарма Төрайымы;
- » **Е. Б. Мажекенов**, Басқарма Төрағасының орынбасары;
- » **Ж. Н. Саржаков**, Басқарма Төрағасының орынбасары;
- » **Н. Ю. Хорошевская**, Басқарма Төрағасының орынбасары;
- » **А. Ю. Цалюк**, Басқарма Төрағасының орынбасары.



Ермек Мәжекенов (1974)

KASE Басқарма Төрағасының орынбасары

Басқарма Төрағасының орынбасары қызметіне 2020 жылдың шілдесінен бастап тағайындалды.

Өзінің еңбек мансабының әр жылдары KASE Сауда-саттықты ұйымдастыру бөлімінің мақлери, бастығы, Есеп айырысу палатасының төрағасы, Сауда-саттықты ұйымдастыру бөлімінің бастығы, Сауда-саттық департаментінің директоры, KASE Басқарушы директоры – Сауда-саттық департаментінің директоры болды.

Қазіргі уақытта "Қырғыз қор биржасы" ЖАҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады.

Қазақ мемлекеттік басқару академиясын "Экономист" мамандығы бойынша бітірген.

2016 жылы "Еңбек сіңірген қаржыгер" орденімен марапатталды.



Жайнар Саржақов (1977)

KASE Басқарма Төрағасының орынбасары

Жайнар Саржақов Басқарма Төрағасының орынбасары қызметіне 2021 жылдың сәуірінен бастап тағайындалды.

Әр жылдары Жайнар Саржақов Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Монетарлық операциялар департаментінде, Қаржылық есеп және қаржы операцияларының мониторингі департаментінде басшылық қызметтерде болды, ҚРҰБ, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының алтын-валюта активтерінің, БЖЗҚ зейнетақы активтерінің инвестициялық стратегияларын әзірлеуге қатысты, "First Heartland Securities" АҚ инвестициялық кеңесшісі қызметін атқарды.

Қазіргі уақытта "KASE Клирингілік орталығы" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетін "Қолданбалы математика" мамандығы бойынша бітірген.



Наталья Хорошевская (1973)

KASE Басқарма Төрағасының орынбасары

Наталья Хорошевская 2013 жылдың қазанынан бастап Басқарма Төрағасының орынбасары болып тағайындалды. Аталған лауазымға 2020 жылдың маусымында қайта сайланды.

Өзінің еңбек мансабының әр жылдарында KASE есеп айырысу палатасының экономисі, KASE Ақпарат және талдау бөлімінің экономисі, KASE Ақпарат және талдау департаментінің директоры қызметін атқарды.

1997 жылы Қазақ мемлекеттік басқару академиясы жанындағы Нарық институтын, 2012 жылы – Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетін "Іскерлік әкімшілендіру магистрі" дәрежесін алумен бітірген.

Н.Ю. Хорошевскаяның басшылығымен биржалық бизнестің негізгі бағыттарының бірі ретінде ақпаратты коммерциялық тарату ерекше дамыды.

2012 жылы теңгенің 20 жылдығына арналған мерекелік медальмен, 2020 жылы – "Құрмет" орденімен марапатталды.



Андрей Цалюк (1960)

KASE Басқарма Төрағасының орынбасары

2007 жылдың қазанында Басқарма Төрағасының орынбасары болып тағайындалды. Аталған лауазымға 2020 жылдың маусымында қайта сайланды.

Өзінің еңбек мансабының әр жылдарында "Семиречье" ақпараттық агенттігі" ЖШС ақпараттық бөлімінің бастығы, директорының ақпарат жөніндегі орынбасары, KASE Ақпарат және талдау бөлімінің бастығы, Ақпарат және талдау департаментінің директоры қызметтерін атқарды.

А.Ю. Цалюктің басшылығымен AFINEX/KASE ақпараттық-талдау қызметі және "ИРБИС" қаржы нарықтары ақпараттық агенттігі" ЖШС құрылды, олар ұзақ уақыт бойы Қазақстанның қаржы нарығындағы ақпараттық өнімдер мен талдаулардың жетекші жеткізушілері болып табылды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылдың 07 желтоқсанындағы Жарлығымен мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі сіңірген еңбегі, елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі

үшін Қазақстан Республикасының құрмет грамотасымен марапатталды.

2016 жылы "Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 25 жыл" мерейтойлық медалімен, 2020 жылы – "Қазақстан Конституциясына 25 жыл" мерейтойлық медалімен марапатталды.

1982 жылы А.А.Жданов атындағы Ленинград мемлекеттік университетінің геология факультетін бітірген.

Сыйақылар туралы ақпарат

Биржаның Директорлар кеңесі мен Басқармасының мүшелеріне сыйақылар мен шығыстар өтемақысын төлеу олармен жасалатын келісім-шарттардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Көрсетілген басшы жұмыскерлердің сыйлық сыйақысының мөлшерін Директорлар кеңесінің мүшелеріне қатысты акционерлердің жалпы жиналысы және Басқарма мүшелеріне қатысты Директорлар кеңесі Биржаның тиісті қаржы жылындағы қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне қарай анықтайды.

Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Биржа жарғысына және Директорлар кеңесі туралы қағидаға сәйкес:

- » Директорлар кеңесі мүшелерінің ай сайынғы сыйақысы Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен анықталады;
- » Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің жылдық сыйлық сыйақысының мөлшері сыйақы беру жүзеге асырылатын жылдың барлық айлары үшін Директорлар кеңесінің осы мүшесіне төленген ай сайынғы сыйақының жалпы сомасының 85 %-ынан аспауға тиіс;
- » есептік қаржы жылында Директорлар кеңесі отырыстарының, Директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс берулерінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің, Директорлар кеңесінің осы мүшелері мүшесі болып табылатын Биржаның өзге де тұрақты жұмыс істейтін комитеттері мен комиссияларының отырыстарының 50 %-нан кеміне қатысқан Директорлар кеңесінің мүшелеріне жылдық сыйақы төленбейді.

2022 жыл ішінде Биржаның Директорлар кеңесінің мүшелеріне елу миллион алты жүз тоқсан тоғыз мың екі жүз елу теңге (50 699 250 теңге) төленді.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының өкілдері болып табылатын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сыйақы ала алмайтын тұлғаларға жататын Биржаның Директорлар кеңесінің мүшелеріне:

- » "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 84 бабы 4 тармағының және Биржа жарғысының 17 бабы 3 тармағының 1) тармақшасының негізінде Директорлар кеңесінің құрамына кіретін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қаржы нарығын реттеу мен дамыту агенттігінің өкілдеріне;
- » Биржа жарғысының 17 бабы 3-тармағының 2) тармақшасы негізінде лауазымы бойынша Директорлар кеңесінің құрамына кіретін Биржа Басқармасының Төрағасына сыйақы белгіленбейді және төленбейді.

Биржа Басқармасының мүшелеріне сыйақы

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Биржа жарғысына және Басқарма туралы қағидаға сәйкес:

- » Басқарма мүшесінің лауазымдық жалақысының ай сайынғы мөлшері Директорлар кеңесінің шешімімен анықталады;
- » Басқарма мен Биржа қызметінің есептік жылдағы нәтижелерін қарау қорытындылары бойынша Директорлар кеңесі есептік жыл үшін Басқарма мүшелерінің жылдық сыйлық сыйақысының мөлшерін белгілеу туралы шешім қабылдайды;
- » Басқарма мүшелерінің жылдық сыйлық сыйақысының мөлшері есептік жыл ішінде Басқарманың әрбір мүшесінің жұмысын бағалау нәтижелері бойынша Директорлар кеңесінің шешімімен анықталады;
- » Директорлар кеңесі Басқарма мүшесіне біржолғы төлем туралы шешім қабылдай алады.

2022 жыл ішінде Биржа Басқармасының мүшелеріне жүз жетпіс жеті миллион алты жүз жиырма алты мың жүз сексен жеті теңге (177 626 187,31 тиын) төленді.

Корпоративтік жауапкершілік және кадрларды басқару

KASE командасы – басты құндылық және негізгі ресурс, Биржаның қызметінің нәтижелері оның кәсібилігі мен қауіпсіздігінің деңгейіне тікелей байланысты.

Биржа өз жұмыскерлерімен еңбек қатынастарын мынадай принциптерде құрады:

1. жұмыскердің жалпыға танылған еңбек құқықтарын сақтау;
2. тең мүмкіндіктер беру және жұмысқа қабылдау, еңбекақы төлеу, оқуға қол жеткізу, лауазымын көтеру, жұмыстан босату кезінде жынысы, нәсілі, тілі, діни, саяси және басқа да нанымдары, азаматтығы, ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегі, шектеулі мүмкіндіктері сияқты негіздер бойынша кемсітушілікке жол бермеу;
3. еңбекке әділ ақы төлеу және персоналды тиімді ынталандыру, персоналды іріктеу, жалдау, ротациялау және ілгерілету кезінде объективтілік, жұмыскерлерді дамыту және біліктілігін арттыру үшін тең жағдайлар жасау;
4. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және Биржа персоналды басқару саясатына сәйкес іске асырылатын қазіргі заманғы технологияларды және ақпаратты басқару жүйелерін қолдана отырып, персоналды оқыту және дамыту жүйесінің болуы.

Биржа тұрақты негізде жұмыс орындарында жұмыскерлердің еңбегін дұрыс ұйымдастыруды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды іске асырады және осы саладағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға ұмтылады.

Корпоративтік құндылықтар

Биржалық нарықты дамыту үшін стратегиялық маңызды жобаларды іске асыратын кәсіпқойлар командасы ретінде Биржаның жұмыс істеуінің маңызды құрамдас бөлігі ағымдағы сын-қатерлеріне жауап беретін корпоративтік құндылықтардың және KASE ұжымының өзін-өзі сәйкестендіруінің болуы болып табылады.



Биржаның корпоративтік құндылықтары: инновациялылық, жауапкершілік, ашықтық және қамқорлық болып табылады.

Біз өзгерістерге үнемі бейімделіп, серіктестерімізбен, клиенттерімізбен және бір-бірімізбен ашықтық және айқындық принциптерінде ынтымақтаса отырып, ортақ игілік үшін инновациялылық және орнықтылық принциптерінде жұмыс істейміз. Біз командамыздың кәсібилігі мен қызметтердің жоғары сапасын растай отырып өз шешімдерімізге жауапкершілікпен қараймыз, біз еліміздің, клиенттер мен қызметкерлердің болашағына қамқорлық жасап, дамуға жағдай жасаймыз.

Есептік жылы Биржада құндылық тәсілін дамыту бойынша бірқатар іс-шаралар өткізілді.

KASE-нің корпоративтік құндылықтары қор нарығын дамыту, жаңа технологияларды, өнімдер мен қызметтерді енгізу, қазіргі заманғы өзгеріп отырған жағдайларда қолданыстағы қызметтер мен технологияларды жетілдіру, сондай-ақ нарыққа барлық қатысушылардың тұрақтылыққа қол жеткізуіне ықпал ету мақсатында бизнес пен команданы тұтастыққа біріктіруге ұмтылысты білдіреді.

Бұдан бұрын бекітілген тәсілге сәйкес, Биржа ұжымы әріптестерінің арасында 2022 жылға арналған корпоративтік құндылықтарды тасымалдағыштарды – жеке қасиеттерін көрсететін KASE жұмыскерлерін таңдады, олар корпоративтік құндылықтардың: ашықтық, инновациялылық, жауапкершілік және айналасындағыларға мұқият қарау сияқты негізгі терминдерге барынша жауап береді.

KASE корпоративтік мәдениетін дамыту

HR-саясаттың маңызды құрамдас бөліктерінің бірі KASE корпоративтік мәдениетін қалыптастыру және дамыту болып табылады, ол тиімді жұмыс үшін қолайлы жағдайлар қалыптастыруға, ұжымның командалық рухын қолдауға және жұмыскерлердің KASE-нің алға қойған мақсаттары мен міндеттерін айнымай ұстануына ықпал ететін негіз қалаушы құндылықтар мен стандарттар жүйесін білдіреді.


Корпоративтік мәдениетті қалыптастыру мақсатында Биржада әртүрлі корпоративтік іс-шаралар өткізіледі және мынадай құралдар қолданылады:

- » табысты растау – грамоталар мен алғыс хаттар;
- » ұжымды біріктіру және корпоративтік құндылықтарды дамыту;
- » уәждеме – ұжымда қолайлы жұмыс көңіл-күйін қалыптастыру;
- » жұмыскерлердің қанағаттанушылығы мен хабардарлығын арттыру.

Ішкі коммуникациялар бойынша басты фокустардың қатарына мыналарды жатқызуға болады.

Жұмыскерлерді уақтылы және толық хабардар ету (тұрақты негізде Townhalls арқылы хабарлау, хабарламаларды электрондық пошта, әлеуметтік желілер арқылы тарату және т.б. жүзеге асырылады).

Жұмыскерлер арасындағы коммуникативтік және команда құраушы байланыстарды дамыту (тимбилдинг өткізу, қонақтық дәрістер өткізу, жаңа жұмыскерлермен кездесу, қатыстыруға сауалнама жүргізу, құндылықтарды тасымалдағыштарды таңдау және Биржаның корпоративтік мерекелері).



2022 жылы Биржаның ерекше маңызды жұмыстары мен жобалары үшін Биржа жұмыскерлері марапатталып, сыйлықақы берілді:

- » Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі төрағасының алғысымен Биржаның 2 жұмыскері марапатталды;
- » Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының алғысымен Биржаның 4 жұмыскері марапатталды;
- » Биржаның 4 қызметкері "Еңбек сіңірген қаржыгер" ерекшелік белгісімен марапатталды;
- » Биржаның 6 жұмыскері "Үздік қаржыгер" ерекшелік белгісімен марапатталды;
- » KASE жобаларын іске асырғаны үшін алғыс грамоталармен – ASTS + жаңа сауда-саттық клирингтік жүйесінде қамтамасыз етуді бұғаттай отырып аукциондар (жазылуды) өткізу, Scila Surveillance қадағалау жүйесін енгізу, IPO-ға қатысу, IRIS Finance ақпараттық өнімінің жаңартылған браузерлік нұсқасын іске қосу, МБҚ нарығының индекстері мен индикаторларын енгізу, "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ IPO бойынша Қазақстан өңірлеріндегі ақпараттық-түсіндіру науқанына қатысқаны үшін, "9th On-site Training Program of the Federation of Euro-Asian Stock Exchanges (FEAS)" қатысқаны үшін клирингтік сертификаттарды енгізу, "Almaty Marathon 2022" қатысқаны үшін 90-нан астам жұмыскер марапатталды.

Биржаның корпоративтік мәдениетін дамытуды қамтамасыз ету үшін мынадай корпоративтік іс-шаралар ұйымдастырылды:

- » Тоқсанның қорытындысын жариялайтын таунхолдар. Іс-шаралар онлайн және офлайн аралас форматында өткізіледі;
- » жаңадан қабылданған жұмыскерлердің Биржа Басқармасының төрағасымен кездесуі. Іс-шаралар тоқсан сайын таңғы ас-танысу форматында өткізіледі;
- » сыртқы спикерлерді тарта отырып KASE Insight: Ренессанс агенттігінің бизнес-жаттықтырушысы Виктор Мальчиков "Стресссіз өмір және эмоционалды күйіну" тақырыбында тренинг өткізді және Биржа Директорлар кеңесінің мүшесі Елдар Әбдіразақов "Дағдарысқа қарсы шаралар және Қазақстан экономикасына санкциялардың әсерін бағалау" тақырыбында дәріс оқыды.

Оқыту және дамыту

Оқыту және біліктілікті арттыру KASE персоналын басқару саясатының бір бөлігі болып табылады. Биржа жұмыскерлердің жаңа білім алуға және бар білімін, оның ішінде ішкі және сыртқы оқу жолымен дамытуға ұмтылысын көтермелейді.

Кәсіптік және міндетті оқыту басым бағыт болып табылады. Қаржы секторындағы кәсіби дағдыларды, корпоративтік құзыреттер мен жобалық басқару дағдыларын дамыту мәселелеріне және Биржаның стратегиялық жобаларын іске асыру үшін қажетті IT саласында үлкен назар аударылады.

Есептік жылы Биржаның 53 жұмыскері, негізінен Корпоративтік қаржы, Қаржылық модельдеу, Қаржылық талдау, IT бағыт (Java, Oracle, Linux) және бухгалтерлік курстар (1С ЖПБ, Қаржы жөніндегі директор, Салық кеңесшісі) бағыттары бойынша курстардан өтті. Сондай-ақ, бірқатар бөлімшелердің жұмыскерлері үшін IPMA сертификатын берумен Жобаны басқару курсы ұйымдастырылды.

Персонал

2022 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша KASE-нің штат саны 231 бірлікті құрады, бұл ретте нақты саны – 192 бірлік.

Жұмыскерлердің білімі

Есептік кезеңнің соңындағы жағдай бойынша KASE жұмыскерлерінің негізгі құрамы (99,5%) жоғары білімді.



KASE жұмыскерлері "Өзгерістер сөзсіз" жазғы трансформациялық ретрит-тренингіне және "Қазақстан астанасы күні" мемлекеттік мерекесіне орайластырылған сарқырамаға квест-жорыққа қатысты. Жұмыскерлер Бутаков сарқырамасына команда болып көтерілді.

KASE Республикалық қан орталығы мен ҚР Қызыл Ай қоғамының көмегімен Донор күнін ұйымдастырды. Биылғы жылы Биржаның 27 жұмыскері игі бастамаға қосылып, біреудің өмірін сақтап қалуға көмектесті. Олардың әрқайсысы 400-450 мл.-нан қан тапсырды;

Дүниежүзілік тазалық күні қарсаңында Биржа эко-сенбілік өткізді. Акция аясында жұмыскерлер Алматы қаласының алма бағында қоқыс жинауды жүзеге асырды;

KASE командасы Almaty Marathon 2022 жарысына "Экиден" қышықтығына (42 шақырымға марафондық қашықтықтағы командалық эстафета) қатысты, сондай-ақ Биржаның қызметкерлері түрлі қашықтықтарға жеке жүгіруге қатысты;

Жаңа жылды мерекелеу аясында KASE қызметкерлері үшін корпоративтік кеш және қызметкерлердің балаларына арналған Балалар шыршасы ұйымдастырылды.


Қайырымдылық аясында Биржа жұмыскерлері Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының кішкентай пациенттері үшін балаларды қорғау күніне арналған мереке өткізді, сондай-ақ KASE жұмыскерлері даму ерекшеліктері мен мүгедектігі бар балаларға көмек көрсетті. Балалар Аяз атаға хат жазды, ал Биржа жұмыскерлері бұл тілектерін орындады.

Биржаның жас құрылымы

Жас бөлінісінде персоналдың құрылымы мынадай: 30 жастан кіші жастардың үлесі – 25 %, 30 жастан 40 жасқа дейін – 38 %, 40 жастан 50 жасқа дейін – 27 %, 50 жастан асқандардың үлесі – 10 % құрайды. Биржадағы жұмыскерлердің орташа жасы 2022 жылы 37 жасты құрады.

35 сурет. Биржаның жас құрылымы


2022 жылы персоналдың жасына қарай әртүрлілігі,%



KASE персоналының тұрақтылығы

Есептік кезеңде Биржа персоналының құрамы айтарлықтай жаңарды. Бұл ретте жұмыскерлердің 17 %-да KASE-дегі жалпы жұмыс өтілі он жылдан асады, жұмыскерлердің 6 %-да KASE-дегі жұмыс өтілі бес жылдан он жылға дейін, KASE-дегі жұмыс өтілі бір жылдан бес жылға дейін – жұмыскерлердің 35 %-да және 41 %-ды Биржадағы жұмыс өтілі бір жылдан кем жұмыскерлер құрайды.

37 сурет. KASE персоналының тұрақтылығы



Биржаның гендерлік құрамы

KASE-де әйел жұмыскерлердің жалпы саны 52 %, ерлер 48 % құрайды. Бұл ретте Биржаның топ-менеджменті (Биржаның Басқармасы және Директорлар кеңесі) басқаруға әйелдердің қатысуының жоғары көрсеткішін көрсетеді: басқарманың 40 % және ДК-нің 30 % әйелдер болып табылады.

36 сурет. Биржаның гендерлік құрамы



Әлеуметтік жауапкершілік

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті дамыту аясында Биржа Қазақстан жастарының қаржылық сауаттылығын арттыруға ерекше көңіл бөледі. Осыған байланысты Биржа Қазақстанның жоғары оқу орындарымен Биржада тағылымдамалар мен практиканы ұйымдастыру, перспективалы студенттерді жұмысқа орналастыру, сондай-ақ Биржа аумағында және жоғары оқу орындарында қор нарығы туралы қонақтарға арналған таныстыру дәрістері мен семинарлар өткізу бөлігінде белсенді ынтымақтастықты жалғастыруда. Түрлі жоғары оқу орындарының бірқатар студенттері KASE-де тәжірибе мен тағылымдамадан өтті.



Биржаның тәуекелдерді басқару жүйесі

Биржадағы тәуекелдерді басқару жүйесінің құрылымы Биржаның келесі органдары мен бөлімшелерін тарта отырып, бірнеше деңгейдегі тәуекелдерді басқару болып табылады: Директорлар кеңесі, Басқарма, тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімше, комплаенс бөлімшесі, заң бөлімшесі, Ішкі аудит қызметі, құрылымдық бөлімшелер – тәуекелдердің иелері.

Тәуекелдерді басқару жүйесін үздіксіз дамыту және жетілдіру Биржаға ішкі және сыртқы ортадағы өзгерістерге уақтылы ден қоюға, қызметтің тиімділігі мен нәтижелілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Тәуекелдерді басқару жүйесі Биржаның стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуге әсер етуі мүмкін әлеуетті тәуекелдерді уақтылы сәйкестендіруге, бағалауға, мониторингтеуге және бақылауға, сондай-ақ төмендетуге бағытталған.

2022 жылы тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру мақсатында Биржада тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімді жұмыс істеуінің негізгі принциптерін, тәуекелдерді басқару жүйесінің міндеттерін, тәуекелдерді басқару құралдарын, тәуекел үйлестірушілер институтын одан әрі дамыту және Биржа жұмыскерлерінің тәуекел-мәдениетін арттыруды анықтайтын Тәуекелдерді басқару ережелері өзектендірілді.

Биржаның Директорлар кеңесі жыл сайын тәуекелдер тіркелімін, тәуекелдердің түйінді индикаторларын бекітеді, тәуекелдер картасы қайта қаралады, тәуекелдер көрсеткіштерінің максималды рұқсат етілген мәні белгіленеді, тәуекелді уақиғалар динамикасына тұрақты мониторинг жүргізеді және болашақта тәуекелді уақиғаларды азайту мақсатында іс-шараларды орындау жүргізіледі.

Есептік кезеңде жыл сайынғы тәуекелдерді сәйкестендіру процедурасы өткізілді. Тәуекелдерді сәйкестендіру өткен кезең тұрғысынан да, болашақ ықтимал уақиғалар тұрғысынан да, сондай-ақ барлық бизнес-процестерді жан-жақты талдау негізінде де жүргізілді. Биржаны дамытудың жаңа бағыттарын игеру кезінде тәуекелдер тіркелімі жаңа сәйкестендірілген тәуекелдермен толықтырылды. Елдегі және әлемдегі ағымдағы саяси ахуалға байланысты жаңа тәуекелдер сәйкестендірілді және бағаланды.

Жүргізілген жұмысты ескере отырып, 2023 жылдың басында Биржаның Директорлар кеңесі мен Басқармасы бекіткен Биржаның тәуекелдер тіркелімі мен тәуекелдер картасы қайта қаралды.

Биржада тәуекел мәдениетін жетілдіру тәуекелдерді басқару процесіне құрылымдық бөлімшелерді тарту жолымен, сондай-ақ Директорлар кеңесі, Басқарма, Басқарма жанындағы комитеттер және Биржа жұмыскерлері арасында ақпарат алмасу есебінен тұрақты негізде жүзеге асырылады.

2022 жылы Биржа жұмыскерлерінің тәуекел-мәдениетін арттыруға бағытталған іс-шаралар өткізілді. Жұмысқа қабылдау кезінде жаңа жұмыскерлер Биржадағы тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс істеу принциптерімен танысады.

Биржа жұмыскерлерінің тәуекел-мәдениетін арттыру бойынша жүргізілген іс-шаралар нәтижесінде әрбір жұмыскердің тәуекелдерді басқару жүйесіне қатыстылығын түсінудің неғұрлым жоғары дәрежесі байқалады.

Биржаның нарықтық тәуекелдерін тиімді басқару үшін ОК қызметін жүзеге асыру кезінде Нарықтық тәуекелдер жөніндегі комитет – Биржа Басқармасы жанындағы тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган жұмыс істейді. Комитеттің функцияларына қаржы құралдарының іргелі және бекітілетін тәуекел-параметрлерінің мәндерін бекіту, Биржа Басқармасына биржалық нарықтардағы клирингтік қатысушыларға жеке лимиттер мен шектеулерді белгілеу және қолдану бойынша ұсынымдар дайындау, сондай-ақ Биржаның ішкі құжаттарында көзделген өзге де функциялар кіреді.

Тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру қажет болатын бағыттарды анықтау үшін Биржаның Ішкі аудит қызметі Ішкі тексеру жоспарына сәйкес тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалауды жүргізеді.

2022 жылғы ішкі және сыртқы саяси уақиғалар Қазақстан экономикасына елеулі әсер етіп, COVID-19 пандемиясынан кейін пайда болған қазіргі проблемаларды – инфляцияның өсуін, валюта бағамдарының және қаржы құралдарына бағалардың құбылмалылығын, көлік-логистикалық тізбектердің бұзылуын, сондай-ақ Ресей Федерациясының субъектілеріне, оның ішінде ресейлік еншілес банктерге қарсы енгізілген санкциялардың теріс әсерін күшейтті. Осы факторлардың барлығы Биржаның қызметіне әртүрлі ықпал ету дәрежесіне ие. Мәселен, көлік-логистикалық тізбектердің бұзылуы жабдықтарды жеткізу мерзімінің айтарлықтай ұлғаюына, сатып алу процедураларының күрделенуіне, Биржаның IT-инфрақұрылымын жаңғырту жоспарларын қайта қарауға әкеп соқтырды.

Биржада енгізілген клирингтік ұйым (орталық контрагент) ретінде Биржаның нарықтық тәуекелдерін автоматты режимде мониторингтеуді және бақылауды жүзеге асыратын тәуекелдерді басқару жүйесі Биржада саудаланатын қаржы құралдарының үдемелі құбылмалылығына уақтылы ден қоюға мүмкіндік береді.

Алайда, қаңтар айындағы уақиғалар сауда-саттық регламентінің қысқаруына байланысты операциялық тәуекелдің көрінуіне әсер еткенін атап өткен жөн. Операциялық сипаттағы барлық іске асқан тәуекелдер Биржаға материалдық залал келтірмеді.

Ішкі аудит

Ішкі бақылау және аудит тәуекелдерді басқару жүйесінің маңызды элементтері болып табылады. Ішкі бақылау жүйесі Биржаның мақсатына, стратегиясы мен қызметіне сәйкес келеді және Биржаға тән тәуекелдерді тұрақты негізде уақтылы анықтау мен бағалауды және Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес елеулі тәуекелдерді азайту жөнінде уақтылы шаралар қабылдауды бақылауды қамтамасыз етеді. Ішкі бақылау:

- » басқарушылық шешімдер қабылдау кезінде тәуекелге бағдарланған тәсілді қалыптастыруды, Биржаның активтері мен пассивтерін тиімді басқаруды, тәуекелдерді уақтылы сәйкестендіруді және Биржа қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз етуді қоса алғанда, Биржа қызметінің тиімділігін қамтамасыз етуге;
- » ішкі және сыртқы пайдаланушылар үшін қаржылық, реттеушілік және басқа да есеп берушіліктің толықтығын, дұрыстығын және уақтылығын қамтамасыз етуге, бағалы қағаздар нарығының инвесторлары мен кәсіби қатысушылары үшін ақпараттық өнімдерді кеңінен таңдауға, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздікке;
- » Биржаның Қазақстан Республикасы заңнамасының, шет мемлекеттердің қолданылатын заңнамасының, сондай-ақ комплаенс саласындағы, оның ішінде КЖ/ТҚҚ мәселелері бойынша халықаралық стандарттардың және ішкі құжаттардың талаптарын сақтауын қамтамасыз етуге;
- » қаржы мониторингіне жататын күдікті мәмілелер мен операцияларды, сондай-ақ инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану жағдайларын уақтылы анықтауды қамтамасыз етуге;
- » Биржа мен оның жұмыскерлерін құқыққа қарсы қызметті, оның ішінде алаяқтықты, қателіктерді, дәлсіздіктерді, алдауды, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруды (жылыстатуды) және терроризмді қаржыландыруды жүзеге асыруға тартуға жол бермеуге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Биржадағы үшінші қорғау желісінің функциясын Ішкі аудит қызметі (бұдан әрі – ІАҚ) орындайды. Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына (бұдан әрі – Стандарттар) сәйкес ішкі аудит миссиясы тәуекелге



бағдарланған көзқарас негізінде объективті ішкі аудиторлық тексерулер жүргізу, ұсынымдар беру және білім алмасу арқылы Биржаның құнын сақтау және арттыру болып табылады. Ішкі аудит өз қызметінде заңнама нормаларын, реттеушінің талаптарын, Стандарттар мен Биржаның ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады. Ішкі аудиттің тәуелсіздігі мен объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында ІАҚ функционалдық жағынан Биржаның Директорлар кеңесіне бағынады және есеп береді. Биржаның Директорлар кеңесінің мүшелерімен өзара іс-қимыл жасау Директорлар кеңесінің ішкі аудит жөніндегі комитеті арқылы да, тікелей де жүзеге асырылады. Аудиторлық тексерулердің жылдық жоспарын, ІАҚ қызметін реттейтін бюджет пен ішкі нормативтік құжаттарды Биржаның Директорлар кеңесі бекітеді. ІАҚ тұрақты түрде (тоқсан сайынғы және жылдық негізде) Биржаның Директорлар кеңесіне өз қызметі бойынша есеп берушілікті ұсынады. 2022 жылы ІАҚ жүргізген аудиторлық тексерулер мен талқылаулар сауда-саттық, клирингтік және есеп айырысу қызметі бойынша, АТ-аудит бағыттары бойынша, сатып алуды жүзеге асыру және өнім берушілермен жұмыс, ақпараттық қауіпсіздік, листинг процедуралары бойынша тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерінің тиімділігін бағалау мақсатында жүзеге асырылды. Сондай-ақ, тәуекелдерді басқару және қадағалау қызметіне аудиторлық тексеру жүргізілді.

ІАҚ тапсырмаларының нәтижелері бойынша ішкі бақылау жүйесін жақсарту бойынша жүзден астам ұсынымдар жасалды, жүргізілген аудиторлық тексерулер нәтижелері бойынша түзету іс-қимылдарының жоспарлары қаралды. Ұсынымдардың көпшілігі әдістемелік жұмысты жүргізу сапасын арттыру, тәуекелдерді басқару жүйесін жақсарту және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру, бизнес-процестердің карталарын әзірлеу және оларды автоматтандыру, сондай-ақ бөлімшелердің іс жүзіндегі қызметін Биржаның ішкі регламенттеріне сәйкес келтіру қажеттілігімен байланысты болды.

ІАҚ көрсетілген жоспарлардың іске асырылуына тұрақты мониторинг жүргізді және Ішкі аудит комитеті мен Директорлар кеңесіне тиісті қорытындылар берді.

Сонымен қатар, біліктілікті арттыру мақсатында ІАҚ жұмыскерлері конференциялар мен онлайн-оқытуға қатысты. 2022 жылдың қорытындысы бойынша ІАҚ Директорлар кеңесіне өзінің тәуелсіздігін растады.

Комплаенс-бақылау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Реттеушілік өзгерістер, сыртқы сын-қатерлер және корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелерін енгізу қажеттілігі Биржада пәрменді комплаенс саясатын жүргізудің өзектілігін алдын ала анықтаған факторларға айналды. Осыған байланысты бүгінгі таңда комплаенс-бақылау Биржаның тәуекелдерді басқару жүйесінің және оның ұйымдық құрылымының ажырамас бөлігі болып табылады.

Биржада комплаенс-тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастыру, енгізу және бақылау үшін Биржаның Директорлар кеңесіне есеп беретін Комплаенс-қызмет (бұдан әрі – Қызмет) құрылды және жұмыс істейді.

2022 жылға бекітілген Жұмыс жоспары (бұдан әрі – Жоспар) шеңберінде Қызмет Биржа қызметінің Қазақстан Республикасы заңнамасының және қолданылатын шетелдік құқық нормаларының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар іс-шаралар өткізді.

Қызмет Биржаның қызметіндегі, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын қамтамасыз ету, шет мемлекеттердің санкциялық шектеулерін және мәмілелер жасау кезіндегі ерекше жағдайларды сақтау, мүдделер қақтығысының болуы (болмауы), уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан қабылданған қадағалау ден қою шараларын және/немесе санкцияларды талдау және шағымдарды (өтініштерді) қарау бойынша комплаенс-тәуекелдер мониторингін үнемі жүзеге асырады. Мониторинг нәтижелері бойынша Қызмет бұзушылықтарды болдырмау, комплаенс-тәуекелдерді азайту, бақылау және алдын алу үшін ұсынымдар әзірлейді және жиынтық қорытынды ұсынады.



2022 жылдың ақпанынан бастап Америка Құрама Штаттары, Еуропалық Одақ, Ұлыбритания, сондай-ақ бірқатар басқа елдер тарапынан Украинада Ресей Федерациясының (бұдан әрі – РФ) арнайы әскери операция жүргізуіне байланысты РФ-на, РФ Үкіметіне, РФ Орталық банкіне, РФ жеке тұлғалары мен компанияларына, оның ішінде листингтік компаниялар және/немесе Биржа мүшелері болып табылатын компанияларға қатысты санкциялар енгізілді.

Қалыптасқан жағдайларда енгізілген санкциялық режимге байланысты бірқатар іс-шаралар жүргізілді, сондай-ақ ішкі бақылауды күшейту және санкциялық тәуекелдердің әсерін жеңілдету бойынша кешенді шаралар қабылданды.

Оның шеңберінде:

1. енгізілген санкциялық шектеулер мен тыйым салуларға, оның ішінде халықаралық заң кеңесшісін тарта отырып талдау жүзеге асырылды;
2. Биржада белгілі бір операцияларға тыйым салу/шектеу жөнінде шаралар қабылданды;
3. іскерлік қатынастарды белгілеу және/немесе жалғастыру шеңберінде Биржаның мүшелеріне, рұқсаттама бастамашыларына, Биржаның ресми тізіміне енгізілген бағалы қағаздар эмитенттеріне және Биржаның өзге де контрагенттеріне тексеру жүргізілетін санкциялық тізімдердің тізбесі кеңейтілді;
4. ішкі жүйелер автоматтандырылды/пысықталды;
5. санкциялық мониторинг процедуралары енгізілді;
6. КЖ/ТҚҚ бойынша ішкі бақылауды жүзеге асыру, тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу, келісім-шарттық құқықтық жұмысты ұйымдастыру, Биржадағы мүшелік туралы қағидалар, листингтік ережелер мен процедуралар мәселелері бойынша ішкі құжаттарға тиісті түзетулер енгізілді.

Сонымен қатар, РФ юрисдикциясындағы тұлғаларға қатысты жаңа шектеулер мен тыйым салуларға тұрақты негізде мониторинг жүргізіледі.

Жыл бойы Қызмет 2022 жылға арналған тексеру жоспарына сәйкес жоспарлы комплаенс тексерулерді жүзеге асырды, олардың қорытындысы бойынша кемшіліктер мен бұзушылықтар байқалды, сондай-ақ бизнес-процестерді жақсарту бойынша шаралар ұсынылды.

Қызметтің үздіксіздігін басқару

Биржа қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесін жетілдіру бойынша жұмыс жүргізуде. Бұл қызмет ішкі құжаттармен – Биржаның Директорлар кеңесі 2020 жылдың 24 сәуірінде бекіткен Қызметтің үздіксіздігін басқару саясатымен, Биржа Басқармасы 2020 жылдың 30 шілдесінде бекіткен, тосын уақиғалар мен төтенше жағдайлар туындаған кезде қызметтің аса маңызды түрлерінің үздіксіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ Биржаның қызметін тез қалпына келтіру мақсатында олардың негізгі қызметке әсерін барынша азайту мақсатында халықаралық стандарттардың талаптарын ескере отырып әзірленген Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз етуді және қалпына келтіруді ұйымдастыру ережелерімен және Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарымен регламенттеледі. Биржаның аса маңызды бағыттар бойынша қызметін қалпына келтіруді қамтамасыз ету мақсатында Биржаның Басқармасы тоқсан сайын өзектендірілетін Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету және қалпына келтіру жоспарын бекітті.

Есептік кезеңде қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесін реттейтін Биржаның ішкі құжаттарын өзектендіру бойынша жұмыс жүргізілді. Қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесін реттейтін ішкі құжаттарды өзектендіру қажеттілігі Биржаның IT-инфрақұрылымының өзгеруіне байланысты. Биржада бірнеше деректерді өңдеу орталықтарының жүйесі құрылды, сондай-ақ қызметтің үздіксіздігін басқару схемасы жаңғыртылды, істен шығуға төзімді жүйені қамтамасыз ету мақсатында Биржаның IT-инфрақұрылымын тұрақты жаңғырту жүргізілуде. Бүгінгі күні оңтайлы IT-инфрақұрылымды қамтитын қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесі дағдарысты жағдай туындаған сәттен бастап белгіленген уақыт ішінде қызметтің маңызды түрлерін қалпына келтіруді қамтамасыз етеді. Биржаның жұмысын қамтамасыз ететін деректерді өңдеу орталықтары қазіргі заманғы талаптарға сәйкес келеді – TIER II (істен шығуға төзімділігі – 99,75 %) және III TIER (істен шығуға төзімділігі – 99,98 %).

Биржаның бейінді бөлімшелері қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету және қалпына келтіру жөніндегі жоспарларды үнемі тестілеуді (оның ішінде деректерді өңдеудің сақтық орталықтарында және виртуалды жұмыс орындары мен сақтық кеңсені пайдалана отырып сауда-саттық клирингтік жүйелердің жұмысын тестілеу) жүргізеді.

Үздік халықаралық тәжірибелерге және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарына сәйкес Биржада Қызметтің функцияларын кеңейту жолымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс енгізілді. Қызмет сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға және ұйым ішіндегі сыбайлас жемқорлық көріністеріне “нөлдік төзімділікті” қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар мен бақылау процедураларының кешенін әзірлейді және орындайды.

Жоспарға сәйкес Қызмет Биржаның жұмыскерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарында, бөлімшелер туралы қағидаларда және Биржаның өзге де ішкі құжаттарында көзделген олардың атқаратын функцияларымен және/немесе Биржаның процедураларына/бизнес-процестеріне қатысуымен байланысты мүдделердің әлеуетті қақтығысы жағдайларына талдау және модельдеу жүргізді, оның нәтижесінде мүдделер қақтығысын сәйкестендіру құралы ретінде Мүдделер қақтығысы матрицасы әзірленді.

Қызмет аффилирленген тұлғалардың және Биржамен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалардың тізілімдерін, Биржа жұмыскерлерінің және инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар өзге де тұлғалардың тізімдерін әкімшілендіреді.

Санкциялық шектеулерді бұзу тәуекелін азайту мақсатында Қызмет 2022 жыл ішінде Биржада резиденттерімен тығыз ынтымақтастық жасайтын шет мемлекеттердің санкциялық тәртіптемесін сақтау мониторингі бөлігінде ішкі бақылауды күшейту жөніндегі шараларды әзірлеуге және өткізуге белсене қатысты.

Қызмет сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының және қаржы нарығында қызметтер көрсету және операциялар жүргізу кезінде Биржаның қызметіне әсер ететін шет мемлекеттердің қолданылатын құқығының талаптарына сәйкес Биржаның ішкі құжаттарының жобаларына және оларға өзгерістерге және/немесе толықтыруларға комплаенс-сараптаманы жүзеге асырады.

Биржа жұмыскерлері арасында комплаенс-мәдениетті қолдау және дамыту үшін Қызмет тұрақты негізде:

- » комплаенс-тәуекелдерді және комплаенс-мәдениетті басқару;
- » мүдделер қақтығысын басқару;
- » активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны ұсыну жөніндегі талаптарды қоса алғанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар мен шектеулер тақырыптарына оқытуды өткізеді.



Қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесін жетілдіру шеңберінде 2023 жылы виртуалды жұмыс орындары кешенін жаңғырту жоспарланған, олар негізгі және сақтық деректер өңдеу орталықтарында (ДӨО) Биржаның серверлерінде құрылған және пайдаланушылардың орналасқан жеріне қарамастан, оның ішінде Биржаның негізгі кеңсесінің ресурстарын пайдаланбай, Биржаның барлық ақпараттық жүйелеріне ноутбуктерден қол жеткізуді көздейді. Жұмыс орындарын виртуалдандыру төтенше жағдайларға жедел ден қоюға мүмкіндік береді.

Биржа қызметінің үздіксіздігі ішкі жұмысты ұйымдастырумен қамтамасыз етіледі, бірақ табиғи, әлеуметтік, экономикалық және технологиялық сипаттағы сыртқы факторлардың да әсері бар. Атап айтқанда, Биржа қызметінің жекелеген түйінді аспектілері аса маңызды өнім берушілердің қызмет көрсетуінің үздіксіздігіне байланысты болады, оларды

Биржа олардың істен шығу төзімділігі және халықаралық стандарттардың талаптарын ескере отырып, тиісті сападағы қызметтер көрсетудің үздіксіздігін қамтамасыз ету мақсатында өткізетін іс-шаралардың болуы тұрғысынан үнемі талдап отырады.

Биржаның қызметі төтенше жағдай тәртібі кезеңінде және карантин жағдайында тиімді болды. Биржа басшылығы пандемия жағдайында коронавирустық инфекцияның (COVID-19) таралуына қарсы іс-қимыл жасау үшін максималды шаралар қабылдады.

Қаңтар айындағы уақиғалар кезінде Биржа Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі агенттігімен бірлесіп қаржы нарығының барлық субъектілерінің қызметін уақытша тоқтата тұру туралы бұйрық шығарған 2022 жылдың 06 қаңтарынан бастап Биржа штаттық жұмыс тәртібіне өтті.

2022 жылдың 10 қаңтарынан бастап 21 қаңтарына дейін Биржа өз қызметін қысқартылған сауда-саттық регламенті бойынша – 13:00-ге дейін жүзеге асырды, 2022 жылдың 24 қаңтарынан бастап Биржа штаттық жұмыс тәртібіне өтті.

Көрсетілген кезеңде республикадағы интернет жұмысының шектеулеріне байланысты операцияларды өңдеу жылдамдығының шамалы баяулауы байқалды.

Ресей Федерациясының Украинада арнайы әскери операцияны бастауы сатып алуды, оның ішінде деректерді өңдеу орталықтарын жаңғырту үшін қажетті серверлерді сатып алуды жүзеге асыру кезінде жеткізу тізбектерін бұзу түріндегі салдарға әкеп соқтырды. Нәтижесінде Биржаның қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі жоспарында көзделген іс-шаралардың бір бөлігі 2023 жылға ауыстырылды.

2022 жылы бизнес-процестерді қалпына келтірудің максималды рұқсат етілген тоқтап тұру/мақсатты уақытынан асып кету тіркелген жоқ.

2022 жылы қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесімен байланысты тәуекелді уақиғаларды іске асуынан нақты материалдық залал жоқ.



Ақпараттық және физикалық қауіпсіздік

Ақпараттық-техникалық қауіпсіздік қызметінің (бұдан әрі АТҚ) негізгі міндеті Биржаның ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін қорғау және барынша азайту деңгейін ұдайы арттыру болып табылады. АТҚ өз міндеттерінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын, нормативтік құқықтық актілерді, халықаралық стандарттарды басшылыққа алады және халықаралық практикаларды қолдануға ұмтылады.

Есепті кезеңде ақпараттық таралып кетуін болдырмау үшін бағдарламалық қамтамасыз ету (бұдан әрі – БҚ), ақпараттық қауіпсіздік уақиғаларын басқару жүйесі пайдалануға берілді. Жергілікті компьютерлер мен серверлік платформаларда зиянды БҚ болдырмау үшін БҚ енгізілді. Әртүрлі киберқатерлерден қорғау деңгейін арттыру үшін Биржаның ақпараттық жүйелеріне сыртқы және ішкі аудит жүргізіледі.

Бұдан басқа, ақпараттық қауіпсіздік жүйесін жетілдіру шеңберінде есепті кезеңде Биржа қызметкерлерінің ақпараттық қауіпсіздіктің осал тұстары мен қауіп-қатерлері

бойынша хабардар болуын арттыру бойынша іс-шара өткізілді, ақпараттық қауіпсіздік бойынша жаңа қауіптер мен талаптар туралы ақпарат үнемі таратылып отырады. Ішкі құжаттарға сәйкестігіне бірқатар тексерулер, сондай-ақ Биржа желілері мен жүйелерінде пайдаланушылық тәртіпті күшейтуге байланысты өзге де іс-шаралар кешені орындалды.

ISO 27001:2013 ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі стандартқа және уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес нормативтік құжаттаманы жетілдіру бойынша жоспар шеңберінде Биржаның ішкі құжаттарына Биржаның ақпараттық қауіпсіздігін басқару жүйесінің жұмыс істеуін анықтайтын өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

Осы іс-шаралардың жиынтығы Биржаның ақпараттық қауіпсіздік деңгейін жақсартуға және Биржаның осы саладағы тәуекелдерін төмендетуге мүмкіндік берді.

Биржаның физикалық қауіпсіздігін жақсарту мақсатында күзет қызметтерін көрсетуді бақылау процедуралары жетілдірілді, күзет және үрей дабылдамасы пайдаланылады.

ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН ТЕРМИНДЕР

ASTS+	Мәскеу биржасының сауда-саттық клирингтік жүйесі негізінде әзірленген KASE сауда-саттық клирингтік жүйесі
CDSB	Climate Disclosure Standards Board (Климат туралы ақпаратты ашу стандарттары жөніндегі кеңес)
COVID-19	SARS-CoV-2 коронавирусы тудыратын жіті респираторлық инфекция
EBRD	European Bank for Reconstruction and Development (Еуропа қайта құру және даму банкі)
ESG	Environmental, Social and Governance – экологиялық, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару критерийлері
ETF	Exchange Traded Fund, саудаланатын биржалық қор
FAST	FIX Adapted for Streaming (сауда-саттық жүйелеріндегі деректерді беру хаттамасы)
FEAS	Federation of Euro-Asian Stock Exchanges (Еуро-Азия қор биржалары федерациясы)
FIX	халықаралық стандарт болып табылатын деректерді беру хаттамасы
Frontier Market	Шекара нарығы
FTSE	Financial Times Stock Exchange халықаралық индекстер қызметі
IFC	International Finance Corporation (Халықаралық қаржы корпорациясы)
IOS, Android	смартфондарға, электрондық планшеттерге, алып жүретін ойнатқыштарға және басқа да кейбір құрылғыларға арналған мобильді операциялық жүйе
IOSCO	International Organization of Securities Commissions – Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымы
IPO	Initial Public Offering (алғашқы жария орналастыру)
IR	Investor Relations (инвесторлармен коммуникация құру)
IRIS	биржаның ақпараттық терминалы
ISO	International Organization for Standardization (стандарттарды шығарумен айналысатын халықаралық ұйым)
IT	Information Technology (ақпараттық технологиялар)
KASE	"Қазақстан қор биржасы" АҚ атауының аббревиатурасы
MOEX	"Мәскеу Биржасы" БАҚ
MSCI	Morgan Stanley Capital International халықаралық индекстер қызметі
IOSCO	International Organization of Securities Commissions (Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымы)

PRI	Principles for Responsible Investment (Жауапты инвестициялау принциптері)
RUONIA	бір күндік рубльдік кредиттердің (депозиттердің) индикативтік өлшенген мөлшерлемесі, ол минималды несиелік тәуекелі бар ресейлік банктер қатарынан стандартты қарыз алушының "overnight" шарттарымен қамтамасыз етілмеген рубльдік қарыз алу құнын бағалауды көрсетеді.
S&P	Standard & Poor's халықаралық индекстер қызметі
SLA	Service Level Agreement (Қызмет көрсету деңгейі туралы келісім)
SMA	sponsored market access (тапсырма беруші тікелей сауда-саттық жүйесіне рұқсаттама)
SOFR US	АҚШ Қазынашылығын мемлекеттік бағалы қағаздармен қамтамасыз ету үшін "overnight" шарттарында үш түрлі РЕПО транзакцияларының көлемі бойынша орташа алынған медианалық мөлшерлеме болып табылатын АҚШ долларымен ақша нарығындағы пайыздық мөлшерлеме
SONIA UK	нақты транзакцияларға негізделді және банктер басқа қаржы мекемелерінен және институционалдық инвесторлардан "overnight" шарттарымен фунт стерлингпен қарыз алу үшін төлейтін орташа пайыздық мөлшерлемені көрсетеді
SPECTRA	деривативтер нарығындағы сауда-саттық клирингтік жүйе
sTrade	KASE әзірлеген сауда-саттыққа қашықтан қол жеткізудің интернет-платформасы
TCI	TONIA Compounded Index – TONIA индикаторының соңғы есептелген мәні негізінде әрбір күнтізбелік күн есептелетін композиттік TONIA индексі
TCR	TONIA Compounded Rate – TONIA мәндері негізінде әрбір күнтізбелік күн есептелетін құрамдас TCI мөлшерлемесі. Есептеуде есептік кезеңдегі күнтізбелік күндердің нақты санына тең жылжымалы терезе пайдаланылады
TOD	мәміле жасалған күні орындалатын есеп айырысуды жүзеге асыру шарты (ағылшын тіліндегі "today" сөзінен алынған)
TOM	мәміле жасалған күннен бастап келесі жұмыс күні орындалатын есеп айырысуды жүзеге асыру шарты (ағылшын тіліндегі "tomorrow" сөзінен алынған)
TONIA	әрбір сауда-саттық күнінің қорытындылары бойынша есептелетін бір күн мерзімге МБҚ Себетімен репо операциялары бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлемені білдіретін репо операциялары нарығының негізгі индикаторы
TRION	әрбір сауда-саттық күні ішінде есептелетін, бір күн мерзімге ОК қатысуымен жүзеге асырылатын МБҚ Себетімен репо операциялары бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме
TWINA	әрбір сауда-саттық күні ішінде есептелетін, ОК қатысуымен жүзеге асырылатын МБҚ Себетімен репо операциялары бойынша жеті күн мерзімге орташа алынған пайыздық мөлшерлеме
UN SSE	Sustainable Stock Exchanges (Тұрақты қор биржалары)
VDI	виртуалды жұмыс орындары жүйесі
WEP	Women's Empowerment Principles
WFE	World Federation of Exchanges (Дүниежүзілік биржалар федерациясы)

АҚ	акционерлік қоғам
ҚНРДА	Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
ЕОДҚ	Еуразия Орталық Депозитарийлерінің Қауымдастығы
ЕДБ	екінші деңгейдегі банк (банктер)
Биржа	"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Брокер-дилерлер	Уәкілетті органның лицензиясы бар брокерлік және/немесе дилерлік ұйымдар
ЖІӨ	жалпы ішкі өнім
ЖОО	жоғары оқу орны
МБҚ	мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар
ДАМУ	"Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ
ЕТША	Еуропа, Таяу Шығыс және Африка
ЕҚДБ	Еуропа қайта құру және даму банкі
KASE индексі	KASE акциялар нарығының индексі
КҚС	клирингтік қатысу сертификаттары
ТМД ХБК	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің Халықаралық биржалар қауымдастығы
млн	миллион
млрд	миллиард
Мәскеу биржасы	"Мәскеу Биржасы" БАҚ
ХҚҰ	халықаралық қаржы ұйымы (халықаралық қаржы ұйымдары)
ҚРҰБ	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
"Атамекен" ҚР ҰКП	"Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы
МЕБҚ	мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар

МҚҰО	мемлекеттік қатысу үлесі бар облигациялар
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ОПЕК+	мұнай өндіру квоталарын бақылау мақсатында мұнай өндіруші елдер құрған халықаралық үкіметаралық ұйым.
ЭЫДҰ	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
COVID-19 пандемиясы	SARS-CoV-2 коронавирусы тудырған коронавирустық инфекцияның ағымдағы пандемиясы
БАҚ	Бұқаралық акционерлік қоғам
ИПҚ	инвестициялық пай қоры
БҚ	бағдарламалық қамтамасыз ету
Үкімет	Қазақстан Республикасының Үкіметі
ӨКП	өңірлік кәсіпкерлер палатасы (палаталары)
ІАҚ	Ішкі аудит қызметі
ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
АҚШ	Америка Құрама Штаттары
T+2	мәмілені орындау ол жасалған күннен бастап екінші жұмыс күні жүргізілетін есеп айырысуды жүзеге асыру шарты
СКЖ	сауда-саттық клирингтік жүйесі
ЖШС	жауапкершілігі шектеулі серіктестік
трлн	триллион
мың	мың
ФРЖ	федералдық резервтік жүйесі
ОД	Орталық депозитарий
ОК	орталық контрагент
ДӨӨ	Деректерді өңдеу орталығы

Байланыс және деректемелер

"Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы
БСН 931 240 000 220



Мекен-жайы: 050040, Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 280, "Almaty Towers" КФК солтүстік мұнарасы, 8-ші қабат



Тел.: (727) 237 53 00

Әлеуметтік желілердегі KASE парақшалары:



@Kazakhstan Stock Exchange



@kase.kz



@Kazakhstan Stock Exchange



@KASEofficial



Казахстанская фондовая биржа (KASE)

K**SE**

www.kase.kz